



AIFC

20
21

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

1. Алғы сөз	5
2. Кіріспе	8
2.1 АХҚО-ның қалыптасу кезеңдері	10
2.2 Қызметтің негізгі көрсеткіштері	12
2.3 Экономикалық шолу	14
2.4 АХҚО-ның артықшылықтары	17
2.5 Халықаралық танылу	18
3. 2021 жылы АХҚО экожүйесінің өсуі	22
3.1 Бизнес үшін мүмкіндіктер	24
3.2 Реттеушілік режим	27
3.3 Құқықтық режим	32
3.4 Инновациялық сауда инфрақұрылымы	35
3.5 Бизнесі қолдау	40
3.6 Ислам қаржысы	43
3.7 Қосалқы қызметтер	44
4. АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы	46
4.1 АХҚО инвестициялық хаб ретінде	50
4.2 АХҚО өңірлік қаржы орталығы ретінде	52
5. Өсу факторлары	60
5.1 Жасыл өсу және орнықты даму	62
5.2 Өңірлік интеграция	72
5.3 Технологиялар, инновациялар және цифрландыру	73
5.4 Адами капиталды дамыту	80
6. Корпоративтік басқару құрылымы	82
6.1 АХҚО-ның корпоративтік құрылымы	84
6.2 Тәуекелдерді басқару және ішкі аудит	90
6.3 Этикалық мәдениет	92
7. Қосымша	94



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

Қазақстан Республикасының
Президенті

АЛҒЫ СӨЗ

«Шетел капиталы үшін бәсекелестік артқан кезде әрбір қаржыгермен тікелей жұмыс істеуге баса мән беру қажет. Әр инвесторға арналған жекелеген қолдау шаралары қолға алынуы керек. Сол шараларды басымдылығына және тұтас экономикаға тигізетін нақты әсеріне қарай қабылдаған жөн.

Осы маңызды жұмыс барысында Үкімет басымдығы бар салалардағы стратегиялық инвесторлар үшін бүкіл инвестициялық заңнаманың тұрақтылық режімін қамтамасыз етуге тиіс.

Біз инвестиция тартып, қор нарығын дамыту үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының әлеуетін тиімді пайдалануымыз керек. Бұл мемлекеттік активтерді жекешелендіру барысында аса маңызды болмақ.

Сонымен қатар бизнестегі дау-дамайлар кезінде отандық кәсіпкерлер үшін ағылшын құқығының басымдығы мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының арбитражын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет».

2020 жылғы 1 мамыр

«Аймақтық экономиканың стратегиялық маңызды салаларына инвестиция тарту үшін күш біріктіруіміз қажет. Гидроэнергетика, өнеркәсіп, тау-кен, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация салаларына тартылатын **басты инвестициялық жобаларға** баса назар аударған жөн. Инвестицияны құрылымдауға «Астана» халықаралық қаржы орталығы мол мүмкіндік береді. АХҚО әлемдік қаржы институттарының озық тәжірибесі мен тың тәсілдер пайдаланылады. Өңірлік қаржы орталығы және инвестициялық хаб ретінде **АХҚО-ның әлеуетін белсенді пайдалануды ұсынамын».**

2021 жылғы 6 тамыз

«**Әділ әрі бейтарап сот жүйесі** ғана қуатты экономика мен лайықты бизнес-климат құрудың негізі – инвесторлардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудың басты кепілі дәл осы болуға тиіс. Инвестициялық дауларды шешу тұрғысында мен «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен Халықаралық төрелік орталығының әлеуетін толық пайдалануға шақырамын».

2022 жылғы 22 ақпан



ҚАЙРАТ КЕЛІМБЕТОВ

«Астана» халықаралық қаржы орталығының Басқарушысы

«АХҚО құрылған сәттен бастап өткен жылдардың қорытындылары бойынша біз орталықтың Қазақстанның экономикалық өсуі мен дамуына қосқан елеулі үлесі туралы сеніммен айта аламыз. Біз әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымды, жаһандық қоғамдастық таныған құқықтық және реттеушілік базаны, сондай-ақ елдің экономикалық басымдықтарын, оның қаржы институттары мен бизнес-қоғамдастығын дамытуды қолдайтын қолайлы ортаны құрдық.

Өзіміздің бірегей артықшылықтарымыз бен юрисдикциямызды пайдалана отырып, біз дамудың барлық бағыттары бойынша ілгерілеуді көріп отырмыз. Бүгінде АХҚО – бұл ұлттық және жеке компаниялардың ірі IPO-сын өткізуге, мемлекеттік және корпоративтік облигацияларды шығаруға, сондай-ақ елдік және өңірлік ауқымдағы ірі инвестициялық мәмілелерді құрылымдау мен қаржыландыруға арналған платформа.

Іске қосылған сәттен бастап қаржы орталығы ҚР Үкіметінің белсенді қолдауымен **6,2 млрд АҚШ долларынан астам сомаға Қазақстанға портфельдік және тікелей инвестицияларды** тарту алаңына айналды. 2021 жылы Соңғы АХҚО қатысушыларының саны екі есе артып, **әлемнің 60 елінен 1 100-ден астам тіркелген компанияға** жетті. Ірі жаһандық компаниялардан бастап жергілікті стартаптарға дейінгі АХҚО қатысушылары тау-кен өндірісі, банк ісі, ислам қаржысы, финтех, кәсіби қызметтер және т.б. қоса алғанда, түрлі салаларды қамтиды.

АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығы **инвесторлардың сенімін нығайту және АХҚО-ны өңірдегі коммерциялық дауларды шешу орталығы ретінде таныту ісінде** негізгі рөл атқаруды жалғастыруда. Пандемияға қарамастан, бұл институттар сот және төрелік шешімдерден, сондай-ақ медиация туралы келісімдерден тұратын, жақында іске қосылған қаржы орталығы үшін бұрын-соңды болмаған істер санын қарады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылы белгілеген жаңа экономикалық бағдарына, сондай-ақ Орталықтың 2025 жылға дейінгі даму стратегиясына сүйене отырып, **АХҚО орнықты дамуға және өзінің өңірлік қаржы орталығы мен инвестициялық хаб ретінде қалыптасуына баса назар аударатырып, инвестициялар тарту мен қаржылық делдалдыққа арналған елдің негізгі платформасы** ретіндегі өз рөлін тағы да растайды.

2021 жыл АХҚО үшін үлкен өзгерістер жылы болды, бұл орталық стратегиясының табысты іске асырылуымен және бизнестің түйінді

бағыттарындағы елеулі прогреспен айшықталды. Ұлттық реттеушілердің белсенді қолдауымен АХҚО қатысушыларының қаржылық және кәсіби қызметтерді ұсынуы және олардың **Қазақстанның қаржы нарығы мен инфрақұрылымына қол жеткізуі**, сондай-ақ осы қызметтерді ұсынуға байланысты валюталық операцияларды жүргізу шарттары мен тәртібі сияқты маңызды мәселелер шешімін тапты. Пәрменді іс-қимылдар нәтижесінде АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті Қазақстан Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді ұсынудың тиісті қағидаларын қабылдады.

Сондай-ақ біз өткен жылы **орнықты қаржыландыру институттары мен құралдарына сұраныстың артқанына** куә болдық. БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясы (КС-26) ағымдағы сын-қатерлерді талқылау және жаңа шешімдер әзірлеу үшін жаһандық көшбасшылардың басын қосты. АХҚО өз тарапынан қаржыландырудың орнықты түрлерін енгізу мен дамыту және бүкіл Қазақстан мен Орталық Азия бойынша экологиялық таза және әлеуметтік жобаларға инвестициялар бағыттау үшін айтарлықтай күш салуда. АХҚО Жасыл қаржы орталығының жан-жақты қолдауымен Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығының жалпы көлемі 250 млн АҚШ долларынан асты, бұл Қазақстанды Жасыл қаржы жаһандық индексінде Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңіріндегі жетекші орынға шығарды.

Негізгі әлемдік үрдістерге ілесе отырып, АХҚО сондай-ақ технологиялар мен инновацияларды дамытудағы рөлін

кеңейтуде. 2021 жылы біз АХҚО базасында **Қазақстандағы Дүниежүзілік экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік революция орталығын** іске қостық. Осы орталықтың жұмысы елге бәсекелестік артықшылыққа ие болуға және Индустрия 4.0-дің барлық әлеуетін, әсіресе заттар интернеті, деректерді басқару, цифрландыру сияқты салаларда пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша, АХҚО инвестициялар тарту бойынша негізгі платформа ретінде ел Үкіметіне және **Жаңа Қазақстанның** экономикалық бағытын құру аясында өңірлік қаржы орталығы мен инвестициялық хаб ретінде халықаралық танылуға қол жеткізуге қолдау көрсетуді жалғастырады. Біздің күш-жігеріміз артып келе жатқан инвестициялық сұранысты жабу үшін қаржы өнімдері мен қызметтерін кеңейтуге, сондай-ақ «Белдеу және жол» бастамасын қоса алғанда, өңірлік интеграция шеңберінде тұрақты қаржы шешімдерін ұсынуға бағытталатын болады. АХҚО өз қатысушыларының тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін өзінің құқықтық және реттеушілік базасын жетілдіруді, сондай-ақ бизнеске ықпал ететін кез келген өзгерістер мен үрдістерге уақтылы ден қоюды жалғастырады.

Бұл есепте АХҚО-ның 2021 жылдың қорытындысы бойынша қызметі баяндалады және орталықтың стратегиясында белгіленген даму бағыттарына ерекше рөл бөледі. Бұл ақпарат бизнесті одан әрі дамыту үшін пайдалы және құнды болады деп үміттенемін».

2. КІРІСПЕ



2.1 АХҚО-НЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

2019 – 2021 - АХҚО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

2019

Қаңтар

АХҚО биржасы Ұлыбританияның Салық және кеден қызметінен «танылған қор биржасы» мәртебесін алды

Ақпан

АХҚО соты мен ХТО электрондық сот төрелігінің жаңа жүйесі – eJustice-ti іске қосты.

Наурыз

Нұр-Сұлтан қаласы Қаржы орталықтарының жаһандық индексіне (GFCI 25) 102-ден 51-орынды және Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде 1-орынды иеленді.

Сәуір

АХҚО-да заң қызметін құқықтық реттеу мәселелері жөніндегі консультативтік топ құрылды.

АХҚО биржасында бірінші шетелдік эмитент – Polymetal тау-кен компаниясының листингі өтті.

Шілде

АХҚО комитеті Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымының құқық қолдану саласындағы трансшекаралық ынтымақтастыққа қатысты өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандумына (IOSCO MMoU) қол қойды.

Қыркүйек

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі дамуының жаңа стратегиясын әзірлеуге негіз болды.

2020

Ақпан

Шеврон және Теңізшевройл компаниялары АХҚО соты мен ХТО-ны Қазақстандағы дауларды шешу орны ретінде таңдады.

Наурыз

АХҚО биржасында Катар халықаралық ислам банкінің ислам бағалы қағаздарының (сукук) алғашқы кросс-листингі өтті.

Наурыз

АХҚО биржасында «Белдеу және жол» сегментінде Қазақстанда юаньмен номинацияланған алғашқы облигациялардың листингі өтті.

Шілде

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі дамуының жаңа стратегиясын айқындады.

АХҚО биржасы өңірлік акциялар нарығының сегментін (REMS) іске қосты.

АХҚО әкімшілігі АХҚО-ның қазіргі және әлеуетті қатысушылары үшін E-Residence онлайн-платформасын іске қосты.

Тамыз

АХҚО биржасында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының жасыл облигацияларының алғашқы листингі өтті.

АХҚО биржасы FTSE Frontier Index Series талаптарына сәйкес келетін сауда алаңы ретінде танылды.

Қыркүйек

АХҚО комитеті компанияларды тіркеу қызметтерін толығымен цифрлық форматқа көшірді.

АХҚО комитеті Сақтандыру компанияларын трансшекаралық қадағалау саласындағы жаһандық келісімнің (IAIS MMoU) 75-ші қатысушысы атанды.

АХҚО биржасы өзінің негізгі сауда инфрақұрылымын (Nasdaq сауда жүйесі) Amazon Web Services бұлтты шешіміне көшірген әлемдегі алғашқы биржа болды.

Қазан

Kaspi.kz АХҚО биржасының ресми тізіміне қосылды.

АХҚО комитеті активтерді бұғаттау, мәжбүрлі айғақтарды алу және аудиторлық құжаттармен алмасу саласында трансшекаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін IOSCO Өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандумына (IOSCO EMMoU) қол қойды.

Желтоқсан

АХҚО биржасы бөлшек инвесторларға арналған Tabys қосымшасын іске қосты.

2021

Қаңтар

АХҚО комитеті Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдары тобында (BSCEE) 2021 жылға төрағалықты қабылдады.

Сәуір

Қазақстан Шығыс Еуропа мен Орталық Азия өңірінде 1-орын және әлемдік рейтингте 57-орын алып, Жасыл қаржы жаһандық индексіне енді.

Мамыр

АХҚО Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) Орталық Азиядағы «Белдеу және жол» бастамасы үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңесі атанды.

АХҚО комитеті төрағалық етуші ұйым құқығында Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдары тобының жыл сайынғы 33 конференциясын өткізді.

Шілде

АХҚО алаңында Дүниежүзілік экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік революциясының (4ӨР) Қазақстандағы Үлестес орталығының ресми ашылуы өтті.

АХҚО Тех хабы Mastercard және Интернет бастамаларды дамыту қорымен серіктестікте Қазақстандағы банктер үшін алғашқы финтех-акселераторды іске қосты.

Шілде

АХҚО биржасы Қазақстанмен байланысты компаниялар акцияларының көрсеткіштерін өлшейтін Aix Qazaq Index индексіне іске қосты.

Қыркүйек

АХҚО өз алаңында 1 мың қатысушыны тіркеді.

АХҚО биржасы Дүниежүзілік биржалар федерациясының толық құқықты мүшесі атанды.

Қазан

АХҚО IOSCO қолдауымен «Инвестициялық хабардарлықты арттыру» тақырыбында 2021 жылғы Дүниежүзілік инвесторлар аптасын өткізді.

АХҚО Жасыл қаржы орталығының қолдауымен Қазақстанда тұңғыш рет алғашқы жасыл кредит мақұлданды.

Қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі, ҚНРДА және АХҚО комитеті бірлесіп Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларына қол қойды.

АХҚО Жасыл қаржы орталығының жәрдемдесуімен Еуразиялық Даму Банкі АХҚО биржасында әлеуметтік облигациялардың дебюттік шығарылымын өткізді.

Жасыл қаржы орталығының қолдауымен АХҚО биржасында Самұрық-Энерго ұлттық компаниясының жасыл облигацияларының аса ірі шығарылымы өтті.

Желтоқсан

АХҚО биржасы жаңа өнімді – акциялардың тікелей листингін ұсынды.

АХҚО комитеті Орталық Азияның қаржы реттеушілерінің қатысуымен жоғары деңгейдегі отырыс өткізді, оның қорытындысы бойынша Өңірдегі реттеу саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен мәлімдеме қабылданды.

2.2 ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

(2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша)



2.3 ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

Соңғы екі жыл COVID-19 пандемиясының таралуымен және бүкіл әлемдегі экономиканың әртүрлі салаларында бұрын-соңды болмаған сын-тегеуірлерге алып келген дағдарыспен ерекшеленді. 2021 жылы Орталық Азияның ірі экономикасы саналатын Қазақстан экономикасының өсу қарқынын пандемияға дейінгі деңгейге дейін қалпына келтіре алды. Ресми статистикаға сәйкес, Қазақстанның нақты ЖІӨ 2020 жылы 2,5%-ға дейін төмендегеннен кейін 2021 жылы 4%-ға өсті және шамамен 190,8 млрд АҚШ долларына жетті¹, бұл көрсеткіш елді экономиканың көлемі бойынша әлемде 55-орынға қойып, өңірдің басқа елдерін басып озды.



1-сур. 2021 жылғы өңір елдерінің ЖІӨ, млрд АҚШ доллары

Ел экономикасы өсуінің оң динамикасы ҚР Президенті жүргізіп жатқан жаңа реформалардың, экономиканы ынталандырудың кеңейтілген шаралардың, халықтың әл-ауқатын арттыруға және тиімді ден қоюға бағытталған фискалдық қолдаудың нәтижесі болды. 2021 жылдың соңына дейін экономикалық өсуді қалпына келтірудің кешенді жоспары ШОБ, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, инвестициялар, фискалдық саясат және т.б. байланысты экономиканың түрлі секторларын қамтитын әлеуметтік-экономикалық қалпына келтірудің пәрменді жоспарын айқындады.

Пандемия кезеңінде неғұрлым зардап шеккен сектор ретінде шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік шаралары сонымен бірге «Еңбек», «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Бизнестің жол картасы – 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» сияқты бірқатар мемлекеттік бағдарламаларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдікпен кредит беру бағдарламасында да көзделді.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын қабылдануы елдің одан әрі өсуі мен пандемиядан кейінгі кезеңде оны қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам болды. Жаңа шынайы ахуал мен ағымдағы жаһандық үрдістер жағдайында орнықты, инклюзивті және сапалы экономикалық дамуды қамтамасыз ететін негізгі секторларға баса назар

аударылды. Жоспар қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға, институттардың сапасын жақсартуға және қуатты экономика құруға бағытталған институционалдық және салалық реформалардың негізін қалады. Индустриялық саясатты күшейтуге, жасыл экономикаға көшуге және елге тікелей шетелдік инвестициялар ағынының көлемін 30 млрд АҚШ долларына дейін және 2025 жылға қарай ЖІӨ-ге қатысты негізгі капиталға инвестицияларды 30%-ға дейін ұлғайтуға ерекше назар аударылады.

Қазіргі уақытта ҚР Үкіметі таяуда қабылданған Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары шеңберінде бағдарлама аяқталғаннан кейін ел экономикасына мемлекеттің қатысу үлесін 14%-ға дейін төмендетуге бағытталған жекешелендіру бағдарламасын жаңғырту бойынша жұмыс жүргізуде.

Өсімді тиімді қалпына келтірудің мемлекеттік шараларымен қатар, Қазақстан жаһандық экономиканы орнықты дамытуға және экологиялық осалдықты жоюға ұмтылады. 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі өз міндеттемелері аясында қазіргі уақытта орнықты инфрақұрылым құру үшін ресурс тиімділігі жөніндегі тиісті ұлттық стратегияны, сондай-ақ экологиялық теңгерімді қалпына келтіру шараларын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар, Қазақстан айтарлықтай қаражат жинақтады – халықаралық резервтер мен Ұлттық қор активтерінің көлемі 2021 жылдың соңына қарай 90 млрд АҚШ доллары межесін құрады. Бұдан басқа, 2021 жылғы мұнай бағасының күрт өсіп, қазанда бір баррель үшін ең жоғары баға 90 АҚШ долларды құрауы Қазақстанның сауда балансын едәуір жақсартты. Еліміз сауда

балансының оң сальдосымен 2021 жылы 19,2 млрд АҚШ долларына жеткен, 2020 жылдан бері 2 еседен астам ұлғайған нетто-экспорттаушы болып қалып отыр. Қазақстанның экспорттық қоржынында бұрынғысынша мұнай мен газ басым екеніне қарамастан, 2021 жылы қайта өңделген өнімнің экспорты 27%-ға артып, 20,5 млрд АҚШ долларына жетті.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЛИМАТ




2-сур. 2021 жылғы өңірге ТШИ ағыны, млрд АҚШ долл.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап инвестициялар тарту елдің экономикалық өсуі мен дамуының басым және негізгі факторларының бірі болды. Ресми статистикаға сәйкес, барлық жылдар ішінде Қазақстанға тартылған тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көлемі 389 млрд АҚШ долларын құрады.

Соңғы онжылдықта инфрақұрылым, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік және логистика сияқты экономиканың өндіруші және шикізаттық емес секторларының дамуы арқасында елге ТШИ салыстырмалы түрде тұрақты күшті деңгейде болды.

2022 жылдың басында Мемлекет басшысы қолайлы инвестициялық ахуалды қолдауға ерекше назар аударып, шетелдік инвесторлардың Қазақстанға деген сенімін қалпына келтіру қажеттігіне бейілділігін тағы да растады.² Өз кезегінде, бұл нарықтық экономика қағидаттарын, заңның үстемдігін, халықаралық және ішкі міндеттемелерді сақтауды, сондай-ақ ESG қағидаттарын ұстануды одан әрі нығайтуға қуатты ынталандыру болады.³



3-сур. 2011-2021 жылдары Қазақстанға ТШИ ағыны, млрд АҚШ долл.

¹Азия даму банкі, Базалық статистика, ²⁰²² жылғы сәуір

²<https://akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kk-tokaeva-na-zasedanii-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazahstan-1104414>

³<https://akorda.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-vo-vneocherednoy-vstreche-soveta-inostrannyh-investorov-2212529>

Халықаралық рейтингтік агенттіктерге сәйкес Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингі ел экономикасының күшті фискалды және сыртқы балансына байланысты «тұрақты» деген болжаммен расталды. Елдің кредит қабілеттілігінің бұл көрсеткіші маңызды, өйткені мемлекеттің инвестициялық тартымдылығын және қарыз алу құнын айқындайды. Қазақстан инвестициялық тартымды іскерлік климаты бар ТМД-дағы аздаған елдердің бірі екенін айрықша атауға болады.

Пандемия кезінде ТШИ өсуінің баяулауына қарамастан, Қазақстан өңірге ТШИ ағымының негізгі үлесін қамтамасыз ете отырып, Орталық Азия елдері арасында жетекші позицияны сақтап қалды. 2021 жылдың соңына қарай Қазақстанға шетелдік капиталдың жалпы ағыны 2020 жылмен (17,1 млрд АҚШ доллары) салыстырғанда 38%-ға ұлғайып, 23,7 млрд АҚШ долларын құрады.

Қазақстан экономикасына салған инвестициялар көлемі ең көп топ-10 ел іс жүзінде бұрынғы позицияларда қалды. Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Ресей және Қытай сияқты көшбасшы елдердің үлесіне тартылған инвестициялардың жалпы көлемінің шамамен 70%-ы тиесілі.

Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан өңірдегі жетекші инвестициялық бағыттың рөлін сақтау және бекіту мақсатын көздейді. Қазақстанның еуропалық және азиялық нарықтар арасындағы ірі сауда дәліздері жолындағы бірегей орналасуы көптеген артықшылықтарды қамтамасыз етеді және елдер арасындағы бизнестің өсуіне жәрдемдеседі.

Өз тарапынан ҚР Үкіметі қуатты және бәсекеге қабілетті бизнес-ортаны құруға баса назар аудара отырып, елдің инвестициялық ахуалын жақсарту және оны үздік халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдауда. Қазіргі уақытта ESG стандарттары талаптарының күшеюі, жаһандық энергетикалық және технологиялық өту жағдайында елдің экономикалық өрлеуіне бағытталған Инвестициялық саясаттың 2025 жылға дейінгі жаңа тұжырымдамасы әзірленуде. Осыған байланысты АХҚО жасыл қаржыландыру бойынша ағымдағы бастамаларымен, ESG-ге проактивті тәсілмен және экономиканы цифрлық трансформациялауға үлес қосумен барлық деңгейлерде Қазақстанның инвестициялық басымдықтарына қол жеткізу жөніндегі саясатты іске асыруға белсенді қатысады.

2.4 АХҚО-НЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

АХҚО-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖІМІ

АХҚО актілері Англия мен Уэльс құқығының қағидаттары мен әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттары негізінде әзірленді. АХҚО соты мен ХТО – сот талқылаулары мен коммерциялық дауларды шешуге арналған өңірдегі алғашқы тәуелсіз жалпы құқық органдары.

ТӘУЕЛСІЗ РЕТТЕУШІ

АХҚО-ның Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті – АХҚО аумағында және одан тыс жерлерде көрсетілетін қаржылық, нарықтық және қосалқы қызметтерді тәуелсіз реттеушісі. АХҚО комитеті IOSCO, IAIS, BCBS, IFSB, ЭЫДҰ, FATF және т.б. қолдайтын қаржылық қызметтерді реттеу мен қадағалаудың үздік халықаралық стандарттарын қолданады. АХҚО қатысушыларын тіркеудің толығымен онлайн-форматта жүргізіліп процесі 5 күннен 3 сағатқа дейін қысқартылды. АХҚО-да компанияларды тіркеуге арналған барлық өтінімдердің 95%-ы онлайн режимінде беріледі.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БИРЖАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АХҚО-да жаһандық инвестициялық қоғамдастыққа таныс реттеушілік қағидалар шеңберінде әрекет ететін әлемдік деңгейдегі жоғары технологиялық қор биржасы жұмыс істейді. АИХ Дүниежүзілік биржалар федерациясының мүшесі, сондай-ақ Ұлыбританияның Салық және кеден қызметі тарапынан танылған.

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН ҚОЛАЙЛЫ ОРТА

АХҚО-да ұйымның бизнес-мүддесі мен мақсаттарына сәйкес келетін әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандар бар:

- Жаңа заңды тұлғаларды құруға арналған 15 түрлі ұйымдық-құқықтық нысан. Компаниялардың басым көпшілігі үшін жарғылық капиталдың минималды мөлшері бойынша талаптар жоқ.
- Әр түрлі қорлар, трасттар мен жеке қорларды құру мүмкіндігі.
- Компанияны басқа юрисдикциялардан АХҚО юрисдикциясына трансферлеу мүмкіндігі.

100% ШЕТЕЛДІК ИЕЛІК ЕТУ

АХҚО-да тіркелген компаниялар 100% шетелдік иелік құқығына ие.

РЕСМИ ТІЛ – АҒЫЛШЫН ТІЛІ

АХҚО-ның ресми тілі – ағылшын тілі. АХҚО актілерін әзірлеу және қабылдау, сот ісін жүргізу және құжаттама ағылшын тілінде жүргізіледі.

САЛЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕРІ

АХҚО-да АХҚО қатысушылары 2066 жылдың 1 қаңтарына дейін салық төлеуден:

- «АХҚО туралы» Конституциялық заңда айқындалған қаржылық қызметтер көрсетуден түсетін кірістер бойынша КТС мен ҚҚС-тан
- «АХҚО туралы» Конституциялық заңда айқындалған қосалқы қызметтер көрсетуден түсетін кірістер бойынша КТС-тен
- АХҚО қатысушыларының жарғылық капиталындағы акцияларын/қатысу үлестерін өткізу кезіндегі құн өсімі, дивидендтер түріндегі және АХҚО биржасында листингленген бағалы қағаздарды өткізу кезіндегі құн өсімі бойынша дивидендтер, сыйақылар түріндегі табыстардан КТС пен ЖТС-тен босатылған.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ВИЗАЛЫҚ РЕЖІМ

АХҚО қатысушылары үшін АХҚО Экспат орталығында ұсынылатын ерекше жеңілдетілген еңбек және визалық режим қолданылады. Шетелдік қызметкерлерге ыңғайлы болу үшін Экспат орталығының қызметі ағылшын тілінде «бір терезе» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

2.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАНЫЛУ



БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМЫ (IOSCO)

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті бағалы қағаздар және деривативтер бойынша заңдар мен нормативтік актілерді құқық қолдану саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін жаһандық бағдар саналатын – ММoU мен ЕММoU сияқты беделді көпжақты келісімдерге қол қойды. ЕММoU-ға қол қойған тараптар бір-біріне тұтынушыларды қорғау үшін активтерді бұғаттау, мәжбүрлі айғақтар алу, аудиторлық құжаттармен алмасу және т.б. сияқты құқық қолдану саласындағы трансшекаралық ынтымақтастықтағы көмектің жаңа нысандарын беруге келіседі.



WORLD ALLIANCE
of International Financial Centers

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЛЬЯНСЫ (WAIFC)

АХҚО Бельгияда тіркелген және төрт құрлықта орналасқан 20 жетекші халықаралық қаржы орталығын білдіретін коммерциялық емес қауымдастық Дүниежүзілік альянстың белсенді мүшесі. WAIFC мүшелігіне өз қаржы орталықтарын дамытатын әрі ілгерілететін мемлекеттік ұйымдар, қауымдастықтар мен ұқсас институттар кіреді.



САҚТАНДЫРУДЫ ҚАДАҒАЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ (IAIS)

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті сақтандыру секторындағы трансшекаралық қадағалау туралы жаһандық келісімге қол қойды. Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандум бүкіл әлем бойынша сақтандыруды қадағалаудың 76 (әлемдік сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 76%) органының арасындағы ынтымақтастықты және құпиялылық шартымен ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.



БИРЖАЛАРДЫҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ФЕДЕРАЦИЯСЫ (WFE)

АХҚО биржасы нарықтық инфрақұрылымның 250-ден астам қатысушысын, оның ішінде WFE-нің толық құқылы мүшелерін – 68 биржаны біріктіретін биржалар мен клирингтік орталықтардың жаһандық салалық қауымдастығына толық құқылы мүше ретінде қабылданды.



The Global
Financial Centres
Index

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ (GFCI)

2021 жылы Нұр-Сұлтан қ. халықаралық танылу мақсатына қол жеткізуде айтарлықтай үздік нәтижелер көрсетіп, әлемдік орталықтардың жалпы рейтингінде 75-орынды және Қаржы орталықтарының жаһандық индексінің Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдерінің рейтингінде 5-орынды иеленді.



ИСЛАМ ҚАРЖЫСЫ БОЙЫНША ЕЛДІК ИНДЕКС (GIFR)

АХҚО-ның ислам қаржысы индустриясын дамытуға әрі ілгерілетуге бағытталған бастамалары Қазақстанға Ислам қаржысы жөніндегі жаһандық есепке (GIFR 2021) сәйкес ислам қаржысы бойынша беделді елдік индексте 17-орын алуға мүмкіндік берді.



FINANCIAL TIMES STOCK EXCHANGE INDEX (FTSE)

2020 жылы Лондон қор биржасының (LSE) еншілес компаниясы JESSE Russell АХҚО биржасын FTSE Frontier «Шекара нарықтарының» индекстері сериясының негізгі қағидаларына сай келетін сауда алаңы ретінде таныды. FTSE Frontier Index тізіміне ХҚК биржасын қосу Қазақстанды «қайталама дамушы нарықтар» (Secondary Emerging Market) тізіміне қосу бойынша елдің орта мерзімді мақсатына қол жеткізуге қызмет етеді. 2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша FTSE Frontier Index «шекара нарықтарының» индексіндегі Қазақстанның үлесі 2,98% (\$4,4 млрд) құрады.



ЖАСЫЛ ҚАРЖЫ ЖАҒАНДЫҚ ИНДЕКСІ (GGFI)

Индекс орнықты дамуды қамтамасыз ететін қаржы жүйесін құру бағытындағы әлемнің қаржы орталықтарының прогресін көрсетеді және дамудың әлеуметтік және экологиялық аспектілерін бағалайды. АХҚО индекске (GGFI'8) кіру бойынша жұмысты 2020 жылы бастады және 2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласы Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдері арасында көшбасшы болды, сондай-ақ жаһандық ауқымда 52-орынды иеленді.

ЖАҒАНДЫҚ ФИНТЕХ ИНДЕКС

2021 жылы Қазақстан осы рейтингке алғаш рет кіріп, Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерінің арасында 13-орынды және финтех рейтингі бойынша жаһандық есепке сәйкес 83 елдің ішінен жаһандық рейтингте 66-орынды иеленді. Аталған рейтинг елдерді жергілікті инфрақұрылым, реттеуші орта, нарықтағы финтех-компаниялардың саны мен сапасы бөлігінде бағалайды.

АХҚО ЖАҢАНЫҚ КОНТЕКСТЕ

Катар қаржы орталығы (2005)

+282 1 284

2021 жылғы компаниялар

Барлық компаниялар

Қызмет салалары

- Банк қызметтері
- Корпорацияларға/ ірі клиенттерге банк қызметтерін көрсету
- Инвестициялық банкинг
- Жеке тұлғалардың дәулетін басқару
- Активтерді басқару
- Бөлшек сауда схемалары
- Білікті инвесторлардың схемалары
- Жеке орналастыру схемалары
- Сақтандыру, қайта сақтандыру
- Кэптивті сақтандыру
- Исламдық қаржыландыру
- Инвестициялық консалтинг және қызметтер
- Фидуциарлық бизнес
- Кэптивті құрылымдар
- Капитал нарығының құралдары
- Финтех

Катар қор биржасы (1995)

48

Листингтік бағалы қағаздар

\$183 млрд

Нарықтық капиталдандырылуы

Дубай халықаралық қаржы орталығы (2002)

+996 3 644

2021 жылғы компаниялар

Барлық компаниялар

Қызмет салалары

- Банк қызметтері
- Жеке тұлғалардың дәулетін басқару
- Банкердің инвестициялық қызметі
- Брокерлік қызмет
- Капитал нарығы
- Инновацияларға лицензия беру
- Сақтандыру, қайта сақтандыру және кэптивтер
- Қорларды басқару
- Активтерді басқару
- Капиталды басқару
- Акционерлік капитал
- Корпоративтік кеңселер
- Кәсіби қызметтер
- Исламдық қаржыландыру
- Финтех
- Арнайы компаниялар
- Ритейл және бөлшек сауда
- Дәмханалар мен мейрамханалар
- Көркем галереялар

Nasdaq Дубай (2005)

153

Листингтік бағалы қағаздар

\$42 млрд

Рыночная капитализация

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (2018)

+550 1 173

2021 жылғы компаниялар

Барлық компаниялар

Қызмет салалары

- Капитал нарығы
- Брокерлік қызмет
- Активтерді басқару
- Қорларды басқару
- Жеке тұлғалардың дәулетін басқару
- Банк қызметтері
- Исламдық қаржыландыру
- Сақтандыру, қайта сақтандыру
- Қаржылық технологиялар
- Жасыл қаржы
- Қосалқы қызметтер
- Холдингтік компаниялар, бас кеңселер және реттеуге жатпайтын өзге де коммерциялық қызмет

Astana International Exchange (2018)

136

Листингтік бағалы қағаздар

\$46 млрд

Рыночная капитализация

Сингапур қаржы орталығы (1971)

+400 3 500

2021 жылғы компаниялар

Барлық компаниялар

Қызмет салалары

- Активтерді басқару
- Кәсіпорындарды қаржыландыру
- Капиталды басқару
- Валюта нарығы және деривативтер нарығы
- Тіркелген кірісі бар бағалы қағаздар
- Инфрақұрылымдық қаржыландыру
- Орнықты қаржыландыру
- Тәуекелдерді сақтандыру және қаржыландыру

Сингапур биржасы (1999)

673

Листингтік бағалы қағаздар

\$896 млрд

Рыночная капитализация

3. 2021 ЖЫЛЫ АХҚО ЭКОЖҮЙЕСІНІҢ ӨСУІ



3.1 БИЗНЕС ҮШІН МҮМКІНДІКТЕР

АХҚО халықаралық және жергілікті қатысушылар орталықтың бірегей артықшылықтарын толық көлемде пайдалана алатын орта құру бағытын ұстанады. Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсының мүшесі бола отырып, АХҚО тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Батыс Қытай, Моңғолия және Шығыс Еуропаның ауқымды өңірінде (бұдан әрі – өңір) әлемдік стандарттарды енгізу бойынша халықаралық қаржы орталықтарымен ынтымақтастықты және тығыз өзара іс-қимылды нығайтуға ұмтылады.

2021 жылы АХҚО жаңа қаржы құралдары мен қызметтерді ұсынып, сондай-ақ өзінің операциялық тиімділігін арттыра, құқықтық және реттеуші базасын жетілдіре отырып, цифрлық инвестициялық хаб пен өңірлік қаржы орталығына айналу бойынша жұмысын жалғастырды. Қаржы орталығы қызметінің барлық стратегиялық бағыттары бойынша орнықты өсу – ҚР Үкіметімен, негізгі мүдделі тараптармен және серіктестермен белсенді бірлескен жұмыстың нәтижесі болды.

Капитал нарығы

АХҚО ұйымдастырылған сауда алаңы – АХҚО биржасы арқылы, сондай-ақ биржадан тыс нарық сегменті арқылы капитал нарығы саласында қызметтер мен өнімдердің кең спектрін ұсынады. Инвесторлар мен эмитенттерге ұсынылатын негізгі құралдар: акцияларды бастапқы және қайталама орналастыру, акцияларды, егеменді және корпоративтік облигацияларды, депозитарлық қолхаттарды, биржалық қорлар мен ноталарды, сондай-ақ исламдық қаржыландыру құралдары мен юаньдағы облигацияларды сату. АХҚО биржасының басты артықшылықтары – халықаралық стандарттар негізіндегі оның реттеуші ортасының, жергілікті және шетелдік брокерлерден тұратын дамыған сауда инфрақұрылымының болуы, әртүрлі меншік нысандарындағы компаниялардың капиталды тартуға арналған құралдарының алуандығы, сондай-ақ инновациялық өнімдерді, мысалы, бөлшек инвесторларға арналған Tabus мобильді қосымшаны пайдалануы.

АХҚО биржасының ресми тізіміне 89 эмитенттің 136 бағалы қағазы кірді.

Активтерді басқару

АХҚО-дағы активтерді басқару саласы инвестициялар мен портфельді басқарудың кәсіби қызметтерін алуға мүдделі клиенттер үшін де, активтерді басқару саласының дамыған экожүйесіне қол жеткізетін нарық қатысушылары үшін де өте қолайлы.

АХҚО-да активтерді басқару бойынша 14 компания, оның ішінде 6 компания 2021 жылы тіркелген.

Брокерлік қызмет

Орталықтың қолайлы экожүйесі, мультивалюталық сауда операциялары жергілікті және халықаралық брокерлерге өз шығындарын оңтайландыруға және Орталық Азия нарығына шығуға мүмкіндік береді.

АХҚО-да 18 ірі жергілікті (BCC Invest, Halyk Finance, SkyBridge, Freedom Finance және т.б.) және 11 халықаралық брокер (CITIC Securities, Renaissance Capital, WOOD & Company Financial Services, China International Capital Corporation Hong Kong Securities, Shenwan Hongyuan Securities, Hong Kong, және т.б.) тіркелген.

Жеке тұлғалардың дәулетін басқару

Жеке тұлғалардың дәулетін басқару индустриясын дамытуды, сондай-ақ өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің кең спектрін (инвестициялық және портфельді консалтинг, активтерді, капиталды басқару) ұсынуды жеке капиталды басқарудың ең үздік заманауи әлемдік практикасына сәйкес жергілікті компаниялардың өкілдіктері, филиалдары, консалтингтік компаниялар сияқты түрлі құрылымдар арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Инвестициялық қорларды басқару

АХҚО қорларды басқарушыларға әртүрлі инвестициялық стратегиялары бар қорларды құрылымдау, басқару және құру үшін әлемдік деңгейдегі құқықтық және реттеуші базаны ұсынады. АХҚО жаһандық және жергілікті басқарушы компанияларға Орталық Азияның өсіп келе жатқан капитал нарығындағы қызметті кеңейту үшін тамаша мүмкіндік береді.

Еуропалық Одақтың (ЕО) бағалы қағаздар нарықтарын реттеушілермен жасалған келісімдер негіздемелік шарттарды белгілейді және АХҚО-ның маркетинг және хедж-қорлар, тікелей инвестициялар және жылжымайтын мүлік қорлары сияқты баламалы инвестициялық қорларды басқару жөніндегі қорларын басқарушылар үшін, ЕО-ның тиісті елдеріндегі кәсіби инвесторлар үшін, сондай-ақ ЕО компаниялары үшін баламалы қорларды басқару немесе АХҚО-ға инвестицияларды ілгерілету үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

2021 жылы 6 инвестициялық қор, оның ішінде 5 компания тіркелген: бастапқы инвестиция көлемі 50 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі KAP Uranium Fund, SHC ALEM FUND OEIC, Kompetenz Invest Open-Ended Investment Company, SBI Adamant Fund, MOST Ventures Fund I, Alpha State Multi-Strategy Fund Open-Ended Investment Company.

Банк қызметтері

Жалпы, Орталық Азия елдеріндегі қолайлы экономикалық жағдай, сондай-ақ коммерциялық банк қызметін көрсету және ірі клиенттерге қызмет көрсету саласындағы қызметтерге сұраныстың артуы АХҚО алаңында жаңа банктерді, сондай-ақ әлемдік банктердің өкілдіктерін ашу үшін мүмкіндіктер туғызды.

АХҚО қатысушыларының қатарында China Construction Bank Corporation, China Development Bank, Юнбанктің АХҚО-дағы филиалы, Hungarian Export-Import Bank, Al Saqr Islamic Bank өкілдігі және т.б. банктер бар.

Исламдық қаржыландыру

Өңірде исламдық қаржыландыру индустриясының өсуіне байланысты АХҚО осы нарықтың алдыңғы қатарлы халықаралық қатысушыларымен ынтымақтастық жасауда. АХҚО Исламдық қаржы және бизнес хабы исламдық қаржы компанияларын авторизациялау, сондай-ақ исламдық қаржы құралдары мен исламдық бағалы қағаздарды құрылымдау мен шығару кезінде нарықтың қазіргі және жаңа қатысушыларына консультациялар беріп, қолдау көрсетеді. Сонымен қатар, ислам қаржысы саласындағы халықаралық және отандық көшбасшылар мен сарапшылардың қолдауымен білім беру семинарлары, шеберлік сыныптары мен сертификаттау бағдарламалары өткізілуде.

АХҚО-да индустрияның келесі салаларында: ислам банкингі және исламдық қаржыландыру, исламдық финтех, Шариғат қағидаттарын сақтау жөнінде консультациялар, заң консультациялары, кредиттік рейтинг беру, инвестициялар бойынша консультация беру және т.б. қызмет көрсететін 40-тан астам компания тіркелген (Al Saqr Islamic Bank, Bahrain Shareholding Company Ислам халықаралық рейтингтік агенттігінің акционерлік компаниясымен филиалы, Kazakhstan Islamic Finance Company және т.б.).

Жасыл қаржы

Орталық Азия елдерінің жасыл экономикаға көшуі және жасыл жобаларды қаржыландыруға өсіп келе жатқан қажеттілік аясында АХҚО Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) әлеуетті эмитенттерге, инвесторлар мен нарық қатысушыларына қор биржаларында жасыл және орнықты облигацияларды шығаруға дайындықта алғашқы көмек көрсетеді.

Қазақстанда орнықты қаржыландыру нарығының жалпы көлемі 2021 жылы 250 млн АҚШ долларына жетті. ЖҚО-ның қолдауымен Қазақстандағы алғашқы жасыл кредитті орталықтың акционері Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ) энергия тиімділігі жөніндегі жеке жобаны қаржыландыру мақсатында берді. Бұдан басқа, 2021 жылы Самұрық-Энерго ұлттық компаниясының жасыл облигациялары мен ЕАДБ әлеуметтік облигацияларының АИХ пен KASE-де листингі өтті.

Сақтандыру, қайта сақтандыру

Сақтандыру секторында АХҚО қайта сақтандыру және қазіргі уақытта бүкіл Еуразия өңірінде ұсынылмайтын немесе ішінара ұсынылатын кәптивті сақтандыру қызметтерін ұсынады. Бұдан басқа, АХҚО-да немесе АХҚО-дан қызметті жүзеге асыратын сақтандыру компаниялары қайта сақтандыру және кәптивті сақтандыру қызметтерін ұсыну мүмкіндігімен Қазақстанның қаржы нарығына, ерікті сақтандырудың кейбір түрлеріне (әуе көлігі, су көлігі, ғарыш объектілері, әуе және су көлігінің жүктері), сақтандырудың жаңа түрлеріне (климаттық тәуекелдер, саяси тәуекелдер, кибер тәуекелдер, терроризм тәуекелдері және т.б. сияқты), сондай-ақ сақтандырудың қосымша түрлері (исламдық сақтандыру, кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру, сот шығыстары және т.б.). түрлеріне қол жеткізе алады.

АХҚО лицензиаттарының Қазақстанның қаржы нарығына қолжетімділігін кеңейту сақтандыру қызметтерін ұсынатын компаниялар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазіргі уақытта АХҚО сақтандыру секторы әлі де қалыптасу үстінде және бұл қызметтерді Қазақстандық энергетикалық қайта сақтандыру компаниясы, GB Insurance және Lageco Underwriting сияқты компаниялар ұсынады.

Қосалқы қызметтер

Көмекші қызметтер секторы заңгерлік, аудиторлық, бухгалтерлік, консалтингтік және кредиттік-рейтингтік қызметтер сияқты кәсіби қызметтерді ұсына отырып, қаржы нарықтары мен АХҚО қатысушыларының жұмысына қолдау көрсетеді.

АХҚО-да аудиторлық және консалтингтік компанияларды (KPMG, Ernst&Young, Deloitte, Russell Bedford A+Partners), кредиттік рейтинг агенттіктерін (Ислам халықаралық рейтинг агенттігі, аналитикалық кредиттік рейтинг агенттігі), заң фирмаларын (Curtis Mallet-Prevost, Kinstellar) және басқаларды қоса алғанда, қосалқы қызметтер көрсететін 137 компания тіркелген.

Қаржы технологиялары

АХҚО краудфандинг, цифрлық активтермен сауда жасау, FinTech Lab реттеуші құм алаңы режимінде финтех-қызметтерді тестілеп, дамыту, сондай-ақ Қаржылық инновациялардың жаһандық желісі (қаржылық реттеушілер желісі) аясында бірнеше юрисдикцияда финтех қызметін трансшекаралық тестілеу сияқты инвестициялардың жаңа нысандары үшін реттеуші негіз құрған өңірдегі алғашқы юрисдикция атанды.

FinTech Fab реттеуші құм алаңына цифрлық активтер, ақша қызметтері, краудфандинг, инвестициялық бизнес, ислам қаржысы, банк ісі және т.б. салалардағы 40 компания кірді.

АХҚО юрисдикциясында Amazon Data Services Kazakhstan, MineBest Kazakhstan, Bitfury, Hashtech, Volting, WSAM Group және т.б. сияқты ірі әлемдік компанияларды қоса алғанда, 200-ге жуық технологиялық, АКТ және финтех компаниялары тіркелді.

3.2 РЕТТЕУШІЛІК РЕЖІМ

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (АХҚО комитеті) АХҚО-да қаржылық қызметтерді және олармен байланысты қызметті реттеу үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес құрылған АХҚО-ның тәуелсіз реттеушісі. Комитеттің мақсаты – АХҚО қаржы жүйесінің қауіпсіздігі мен сенімділігін қолдау және АХҚО-дағы қаржы нарықтарының әділдігін, тиімділігін мен ашықтығын қамтамасыз ету арқылы бизнеске жәрдемдесу.

АХҚО комитетінің реттеу саласына банк ісі, сақтандыру, капитал нарықтары, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар саласындағы қаржылық және нарықтық қызметтер, сондай-ақ қосалқы қызметтер кіреді.

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

АХҚО комитеті 2021 жылы өз қызметінде АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес 2020 жылы қабылдаған АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму Стратегиясын басшылыққа алды. Атап айтқанда, АХҚО комитеті «АХҚО туралы» Конституциялық заңда көзделген АХҚО мақсаттарын, сондай-ақ қаржы секторының тиісінше жұмыс істеуі үшін қажетті реформаларды іске асыруға баса назар аударды. Стратегияны іске асыру үшін АХҚО-ның реттеушілік

базасын жетілдіру, АХҚО қатысушыларының Қазақстанның қаржы нарықтарына қолжетімділігін кеңейту, АХҚО-ға қатысушылар санын ұлғайту бойынша бастамалар, сондай-ақ тіркеу мен лицензиялау рәсімдерін одан әрі оңтайландыру, халықаралық стандарттарға сай болу және Комитеттің халықаралық аренадағы қатысымын кеңейту бойынша шаралар қабылданды.

РЕТТЕУШІЛІК БАЗА

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті АХҚО-ның жалпы стратегиясы шеңберінде өзінің реттеушілік ортасын дамытуды жалғастырды. 2021 жылдың негізгі басымдығы АХҚО қатысушылары тап болған валюталық операцияларға қатысты ішкі кросс-юрисдикциялық мәселелерді шешу болды. Қазақстан Ұлттық Банкі мен ҚР Қаржы нарықтарын реттеу және дамыту агенттігінің белсенді қолдауымен 2021 жылғы қарашада АХҚО комитеті **Валюталық реттеу және АХҚО-дағы валюталық операциялар туралы ақпарат алмасу қағидаларын** қабылдады. Бұл Комитет лицензиаттарының Қазақстанның қаржы нарығы мен инфрақұрылымына қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Атап айтқанда, қағидалар АХҚО аумағында шетел валютасымен операциялар жүргізу шарттары мен рәсімдерін белгіледі, сондай-ақ АХҚО қатысушылары Қазақстанның резиденттеріне, оның ішінде банк және сақтандыру саласында, ислам қаржысы, инвестициялық қызметтер саласында және т.б. көрсете алатын қаржылық және кәсіби қызметтердің тізбесін айқындады. Жалпы алғанда, қағидалар АХҚО қатысушыларының қызметінің аса айқын болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ олардың АХҚО қаржы жүйесі мен Қазақстан экономикасы үшін тәуекелдерге қатысты барынша сараланған шешімдер қабылдауын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, АХҚО қатысушыларының Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем инфрақұрылымына қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселесі шешілді. Қағидаларға сәйкес АХҚО банктеріне Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінде корреспонденттік шоттар ашуға мүмкіндік беріледі.

Елдің қаржылық тұрақтылығы үшін тәуекелдерді барынша азайтуды қамтамасыз ету үшін қағидаларда реттеушілер арасында ақпарат алмасу көзделген. Қазақстан Ұлттық Банкі АХҚО алаңында жасалған валюталық операциялар туралы барлық қажетті ақпаратты алады.

АХҚО комитеті сондай-ақ ҚР Қаржы министрлігімен келісім бойынша **КТС және ҚҚС төлеуде салық жеңілдіктерін қолданатын АХҚО қатысушыларының нақты қатысымы туралы қағидаларды** әзірлеп, қабылдады. Бұл қағидалар салық ашықтығының жаһандық стандарттарына АХҚО-ның сай келуін қамтамасыз ету және АХҚО юрисдикциясын зиянды салық практикасы шеңберінде пайдалануға қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстың (ЭЫДҰ-ның салық салынатын базаны жасыру мен пайданы салық салудан әкетілуіне қарсы негіздемелік бағдарламасы) нәтижесі болды.

АХҚО-ның реттеушілік базасын үздік халықаралық стандарттарға сай келтіруге деген өз бейілділігін көрсете отырып, АХҚО комитеті Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарына сәйкес **ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚІ)** жөніндегі бірқатар актілерге өзгерістер енгізді.

Нарық қажеттіліктеріне жауап ретінде АХҚО комитеті сондай-ақ **көпжақты және ұйымдастырылған сауда платформалары (MTF/OTF)** үшін жаңа реттеу базасын әзірлеуді жалғастырды және **АХҚО-да цифрлық активтерді реттейтін актілерді** жетілдірді.



АХҚО Басқарушысы Қайрат Келімбетов:

«Валюталық актіге қол қою АХҚО-дағы валюталық қатынастар мәселелерінде реттеушілер арасында маңызды уағдаластықты белгіледі және қазақстандық резиденттер үшін қандай қызметтер және қандай валютада көрсетілуі мүмкін екендігін айқындады. Мысалы, келісілген қызметтер тізімінде АХҚО банктерінің қазақстандық заңды тұлғаларды несиелендіруі, сақтандыру, банк қызметтерін, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы қызметтерін дамыту мәселелері ерекше орын алды.

Қағидаларды әзірлеу кезіндегі ең жоғары басымдық Қазақстанның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және тәуекелдерді барынша азайту болды. Қағидаларды әзірлеу кезінде біз барлық тартылған реттеушілердің бірлескен ұстанымының болуын ескеруіміз керек еді.

Осыған сүйене отырып, қағидалар қызметтердің ең «нәзік» түрлеріне шектеулер қояды, сонымен қатар елдің қаржылық тұрақтылығының ықтимал тәуекелдерін азайту үшін реттеушілер арасында ақпарат алмасу тетігін ұсынады».



ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ

АХҚО комитетінің интеграцияланған қадағалау жүйесі қаржы нарықтарының тиімді жұмысын және тиісті жұмыс істеуін, сондай-ақ олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Алғаш рет АХҚО қаржы секторының активтері 1 млрд АҚШ долларынан асты, бұл АХҚО қызметінің кеңеюін куәландырады.

АХҚО комитеті лицензияланған екі нарықтық институтты – АХҚО биржасын (АІХ) және АХҚО биржасының Орталық депозитарийін (АІХ СSD) қадағалауды жалғастырды. АХҚО комитеті осы институттардың Аіх Qazaq индексіне іске қосу, есеп айырысудың кеңейтілген моделі, REPO сияқты түрлі бизнес-бастамаларын қарап, мақұлдады.

АЖ/ТҚҚІ саласындағы халықаралық міндеттемелерді ұстануға деген өзінің бейілдігіне орай, 2021 жылы АХҚО комитетінде Реттеуші кеңсе аясында Ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі жаңа департамент құрылды. Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) мен ФАТФ типі бойынша өңірлік орган Еуразиялық топтың (ЕАТ) алдағы өзара бағалау жүргізуі қарсаңында 2021 жылы АХҚО комитеті халықаралық бағалауға дайындық жөніндегі жол картасын әзірледі. Күш-жігерді біріктіру және өзара бағалауға дайындық мақсатында АХҚО комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы мониторингі агенттігімен бірлесіп, түсіністік туралы меморандум жасасты.

2022 жылы АХҚО комитеті үшін АЖ/ТҚҚІ саласындағы аса маңызды басымдықтардың бірі ФАТФ/ЕАТ тарапынан өзара бағалауда Қазақстан үшін оң нәтижеге қол жеткізу болмақ.

ТІРКЕУ, ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ ТАЛУ

АХҚО комитеті барлығы 1 173 компанияны тіркеді, бұл ретте 550 компания 2021 жылы қаржы орталығының қатысушысы атанды. Компаниялар санының екі есе артуы пандемиядан кейін бизнестің қалпына келуін білдіреді.

АХҚО-ның тіркелген және танылған қатысушыларының жалпы санының 40%-ға жуығын әлемнің 60 елінен келген шетелдік компаниялар құрайды. АХҚО-да барынша көп тіркелген халықаралық юрисдикциялардың алғашқы бестігіне Қытай (9%), Еуропалық Одақ (6%), Ресей (6%), Ұлыбритания (3%) және АҚШ (3%) кіреді.

АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖІКТЕЛУІ (ТІРКЕУ ДИНАМИКАСЫ)


Қызмет түрі	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Барлығы
Лицензияланатын қызмет	4	39	84	57	53	237
- Реттелетін қызмет		9	12	14	24	59
- Қосалқы қызметтер		24	59	35	19	137
- Лицензияланған нарықтық институттар	1	1		1		3
- FinTech Lab	3	5	13	7	10	38
Қаржылық емес қызмет	2	39	165	233	497	936
Жиыны:	6	78	248	291	550	1 173



АХҚО комитетінің Бас директоры Мұхтар Бөбеев, 2022 жылғы ақпан

«АХҚО юрисдикциясын таңдайтын компаниялар санының артуы қаржы орталығына халықаралық бизнес хаб ретінде сенімнің өсіп келе жатқанын және оның қызметінің кеңейгенін білдіреді. Мысалы, 2021 жылы АХҚО-да активтерді және инвестициялық қорларды басқару саласына қызығушылықтың айтарлықтай өсуі байқалды».





БҚЕКК - белгілі бір қаржылық емес кәсіпорындар мен кәсіптер

4-сур. АЖҚК-ге сәйкес келуі бойынша қаржылық мониторингтен өтуі тиіс АХҚО компаниялары

ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН РЕТТЕУ

FinTech Lab – бұл Орталық Азиядағы бейімделген ортасы бар алғашқы реттеуші құм алаңы, мұнда компаниялар инновациялық қаржылық қызметтерді жеңілдетілген реттеуші режимде сынақтан өткізе алады.

FinTech Lab:

- шетелдік юрисдикцияларда лицензиясы бар компанияларға минималды ресурстармен және АХҚО-да болумен өңірлік нарықтарды тестілеуге;
- стартап компанияларға АХҚО-да реттелетін қызметті біртіндеп реттеуші режимге көше отырып жүзеге асыруға;
- жұмыс істеп тұрған және жұмысын енді бастайтын компанияларға жаңа өнімдер мен технологияларды нақты орта режимінде сынақтан өткізуге мүмкіндік береді.

Төрт жыл бойғы тиімді жұмысы кезінде FinTech Lab өзін әлемнің түкпір-түкпірінен келген қаржы инноваторлары үшін аса танымал бағыт ретінде танытты. 2021 жылы АХҚО комитеті құм алаңына қосылуға арналған **71 өтінімді** қабылдап, өңдеді, оның ішінде **10 компания** мақұлданды, осылайша Fintech lab қатысушыларының жалпы саны 40 компанияға жетті. Қатысушылар мен әлеуетті үміткерлер цифрлық активтер, ақша қызметтері, краудфандинг, банк ісі, инвестициялық бизнес, ислам қаржысы, факторинг сияқты **инновациялық қаржылық қызметтердің 7 түрін** ұсынатын 20 юрисдикцияның өкілі болды.

АХҚО-да тіркелген финтех-компаниялар санының едәуір өсуі орталықтың өңірдің қаржылық технологияларының экожүйесін жетілдіру және орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі күш-жігерін айғақтайды.

Цифрлық активтер индустриясы нарық тарапынан үлкен

қызығушылық тудырғандықтан, АХҚО комитеті осы салада қолайлы реттеу ортасын құруға күш салды. Мемлекеттік органдар мен реттеушілердің қатысуымен құрылған жұмыс тобы қызметінің нәтижесінде **Қазақстанның криптоиндустриясын дамыту жөніндегі жол картасы** қабылданды. Қазақстан Ұлттық Банкімен және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен тығыз ынтымақтастықта 2022 жылы АХҚО комитетінің реттеушілік режимімен АХҚО-да криптобиржа құру бойынша пилоттық жоба іске қосылады деп болжануда. Жалпы, финтех сектор саласында АХҚО комитетінің жұмысы цифрлық активтер, төлем инфрақұрылымы, инвестициялық қызмет және реттеуші құм алаңын одан әрі дамыту сияқты салаларға шоғырландырылатын, ал АХҚО әкімшілігімен ынтымақтастық цифрлық банкинг, электрондық ақша және төлем сервистері сияқты бағыттарды дамытуға бағытталатын болады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

2021 жыл бойы АХҚО комитеті реттеушілік базаны халықаралық стандарттарға сай келтіру, сондай-ақ АХҚО-ның өңірлік және жаһандық танылуын ілгерілету бойынша өз жұмысын жалғастырды. Төмендегі бастамалар АХҚО комитетінің халықаралық танымалдығын арттыруға мүмкіндік берді:

1. **Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің Банктік қадағалау органдары тобына (BSCEE)** төрағалық ету;
2. **Еуропалық Бағалы қағаздар және нарықтар басқармасы (ESMA)** арқылы Еуропалық Одақтың бағалы қағаздарын реттеушілермен ынтымақтастық;
3. Орталық пен Шығыс Еуропада және Кавказ өңірінде **Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығының (CEET) Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумның Өңірлік үйлестірушісінің** рөлін қабылдау;
4. **Орталық Азиядағы реттеушілік ынтымақтастық бойынша** жоғары деңгейдегі кездесу.

АХҚО комитеті төмендегі салада стандарттарды белгілейтін жаһандық ұйымдардың қызметіне белсенді қатысты:

1. халықаралық ұйымдардың 15 комитеті мен жұмыс тобына мүшелік (АХҚО комитеті 2021 жылы Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңестің Техникалық комитетіне (IFSB) қосылды);
2. әртүрлі зерттеулер мен сауалдамалар бойынша халықаралық бастамаларға үлес;
3. реттеу мәселелері бойынша жаһандық күн тәртібін талқылай отырып, халықаралық форумдарға қатысу.

АХҚО комитеті ақпарат алмасу және қадағалау саласындағы өз мүмкіндіктерін кеңейте отырып, Еуропа мен Азия реттеушілерімен екіжақты қатынастарды нығайтты. 19 реттеушімен ынтымақтастық екіжақты келісімдер мен меморандумдар арқылы, оның ішінде Еуропалық Одақтың баламалы инвестициялар қорларын басқарушылар туралы директивасы (AIFMD) шеңберіндегі 17 өзара түсіністік туралы меморандум арқылы ресімделді. АХҚО комитеті жасасқан келісімдер мен меморандумдардың жалпы саны 43-ке жетті.

1 173

АХҚО комитеті тіркеген АХҚО қатысушылары

95%

АХҚО-да компанияларды тіркеуге барлық өтінімдердің ішінен онлайн түрде берілгені

40

FinTech Lab-тағы компаниялар

\$1,07

млрд

АХҚО қаржы секторы активтерінің көлемі

19

АХҚО комитетімен екіжақты келісімдер мен меморандумдарға қол қойған реттеушілер

3.3 ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖІМ

АХҚО соты және Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) – АХҚО-да қызметін жүзеге асыратын тараптардың және келісімі болған кезде орталықтан тыс тараптардың қатысуымен коммерциялық дауларды халықаралық стандарттарға сәйкес шешу үшін құрылған АХҚО-ның жеке, тәуелсіз органдары.

АХҚО соты мен ХТО дауларды шешу жөніндегі халықаралық институттар ретінде өз қызметін 2018 жылғы қаңтардан жүзеге асыра бастады. Бұл институттар Еуразия өңіріндегі дауларды шешу бойынша халықаралық стандарттар мен қағидаттарға сәйкес әрекет ететін және Еуразиядағы коммерциялық дауларды шешу үшін бірінші таңдау болуға ұмтылатын жалғыз институттар.

АХҚО соты өз қызметінде тәуелсіз және бірінші сатыдағы Соттан тұрады, оның аясында 150 мың АҚШ долларына дейінгі сомаға шағын талап-арыздарды қараудың арнайы жеделдетілген рәсімі, сондай-ақ шешімдері түпкілікті болатын апелляциялық сот қарастырылған.

Төрағадан басқа АХҚО сотының құрамына әлемдік деңгейдегі сегіз судья кіреді. АХҚО судьялары Англия мен Уэльстің жалпы құқық саласындағы ең тәжірибелі және көрнекті мамандары, олардың әрқайсысының халықаралық дауларды шешуде айтарлықтай мол тәжірибесі бар. ХТО барлық негізгі әлемдік қаржы орталықтары мен юрисдикцияларда мол жұмыс тәжірибесі бар халықаралық төрешілер мен медиаторлардың жеке командасынан тұрады. Бұл институттардың басшылығы жүйені тиімді басқаруды жүзеге асырады, бұл істерді аз шығынмен тез және қысқа мерзімде шешуге мүмкіндік береді.

5 700

АХҚО соты мен ХТО-ның үлгілік ескертпелері бар іскерлік келісімшарттар

939

АХҚО соты және ХТО шешім шығарған істер

21

АХҚО соты қабылдаған шешімдер

918

ХТО қабылдаған медиативтік келісімдер мен төрелік шешімдер

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

2021 жылы АХҚО соты мен ХТО қараған кейстердің көлемі үш есеге жуық ұлғайды және рекордтық **939 істі** құрады, бұл бизнестің АХҚО дауларды шешу институттарына деген жоғары сенімін көрсетеді. АХҚО соты мен ХТО-ға берілген істер қаржы, құрылыс, сатып алу-сату және қызмет көрсету саласындағы көптеген коммерциялық және инвестициялық дауларға, сондай-ақ еңбек мәселелеріне қатысты болды.

Бұның бәрі төрт жыл бұрын ғана жұмыс істей бастаған халықаралық қаржы орталығындағы дауларды шешу институттары үшін бұрын-соңды болмаған нәтижелер. АХҚО соты мен ХТО 2021 жылы өзінің халықаралық танылуын айтарлықтай кеңейтті. Мәселен, даулардың тараптары ретінде 19 мемлекеттің өкілдері қатысты, олардың көпшілігі ТМД елдері, сондай-ақ Қытай, Үндістан сияқты Қазақстанның негізгі сауда серіктестері және «Белдеу және жол» бастамасының 15 елі.

Даулардың қолданылатын құқығына АХҚО құқығы және Қазақстан Республикасы құқығы кіреді. Барлық сот және төрелік шешімдер Қазақстан Республикасының аумағында АХҚО сотының шешімдерін орындаудың арнайы әзірленген қадамдық рәсімінің пайдаланылуымен **100% орындалды**, аталмыш рәсім АХҚО сотының атқарушы органдармен өзара іс-қимылы кезінде қолданылады. Дауларды АХҚО соты мен ХТО-да шешу туралы үлгілік ескертпелер жалпы сомасы 2 млрд АҚШ долларынан асатын **5 700-ден астам іскерлік келісімшартқа**, оның ішінде Шеврон, Теңізшевройл және North Caspian Operating Company (NCOC) сияқты өнеркәсіп саласының көшбасшыларының келісімшарттарына енгізілді.

29 юрисдикцияның (27 ел) **324 заңгері** АХҚО сотында тіркелді және АХҚО сотында қаралатын дауларда тараптардың мүдделерін білдіру құқығына ие болды.

Жергілікті соттар тарапынан шағым жасалмайтын түпкілікті шешімдер қабылдайтын тәуелсіз институттар ретінде АХҚО соты мен ХТО Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен тығыз ынтымақтастығын жалғастырды. Ынтымақтастық кездесулер, дәрістер және оқу вебинарларын өткізуді қамтыды. Тараптардың жазбаша келісімімен Қазақстан Республикасының ұлттық соттарынан АХҚО соты мен ХТО-ға коммерциялық дауларды жедел және тиімді беруді қамтамасыз ету үшін Жоғарғы Сот, АХҚО соты және ХТО қабылдаған **Істерді беру схемасын** ерекше атап өткен жөн. АХҚО сотының Төрағасы Лорд Манс берілетін даулардың біріне қатысты АХҚО сотында юрисдикцияның бар екенін растады және қазіргі сәтте осы іс бойынша шешім шығарылды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің отырысына қатысушылар 2021 жылғы тамызда АХҚО соты мен ХТО-ны **Мұнай-газ секторындағы кеңейтілген үлгілік келісімшартта**, сондай-ақ инвесторлардың қысқа мерзімді сервистік немесе операциялық келісімшарттарында дауларды шешу үшін балама алаңдар ретінде қосу туралы ұсыныстарды толық қолдады. Бұл қадам елдің мұнай-газ секторының инвестициялық тартымдылығын одан әрі дамытуға және арттыруға ықпал етеді.

Есепті кезеңде АХҚО соты мен ХТО қызметтерін пайдаланушылар комитетінің үш отырысы өткізілді, оларға 15-тен астам заң фирмасының және басқа ұйымдардың өкілдері мен серіктестері қатысты. Бұдан басқа, 1 мыңнан астам адам қатысқан дауларды шешу бойынша түрлі вебинарлар мен оқу бағдарламалары, сондай-ақ 20-дан астам заңгер-студентке арналған тағылымдама бағдарламалары ұйымдастырылды.

АХҚО соты сондай-ақ құрамына 40-тан астам юрисдикцияның соттар Төрағалары мен жоғары соттардың Тіркеушілері кіретін жыл сайынғы **Коммерциялық соттардың тұрақты халықаралық форумына** қатысты. АХҚО соты мен ХТО қызметтерді ілгерілету жөніндегі науқан аясында жергілікті, өңірлік және халықаралық конференцияларда, оның ішінде АХҚО соты мен ХТО-ның Азия мен Еуропа елдерінің өзара түсіністік туралы меморандумдар жасалған негізгі серіктестерінің қатысуымен 60-тан астам баяндама жасады. Бұдан басқа, әлемнің 17 елінен 22 команданың қатысуымен финалы ХТО төрағасы Барбара Доманн QC басшылығымен өткен IAC Central Asia Vis Pre-Moot бірінші жыл сайынғы студенттік жарыс, сондай-ақ АХҚО соты және ХТО жұмыс істей бастағаннан бері жыл сайын өткізілетін оқу сот процесінің төртінші кезеңі өткізілді, оның финалына АХҚО сотының Төрағасы Лорд Манс пен үш судья қатысты.

324

тараптардың мүддесін білдіру құқығымен АХҚО сотында 29 юрисдикциядан (27 ел) тіркелген заңгерлер

9

АХҚО сотындағы әлемдік деңгейдегі судьялар

41

ХТО-дағы төрешілер мен медиаторлар



**ХТО Төрағасы
Барбара Доманн QC:**

«2021 жыл ХТО үшін тағы бір табысты жыл болды. Орталық жұмысының осы кезеңінде төрелік шешімдер мен медиация туралы келісімдердің теңдессіз саны шығарылды. Біз дауларды баламалы шешу бойынша бүкіл әлемнің төрешілерімен, медиаторларымен және серіктестік институттарымен табысты жұмыс істедік. ХТО төрелік және медиация мәселелері бойынша көптеген вебинарлар мен оқу бағдарламаларын өткізді және тұтастай алғанда, бұл қызметтерді Еуразия өңірінде ілгерілетуге ықпал етті.

Инвесторлар әлемдік деңгейдегі төрелік және медиация жөніндегі тәуелсіз орталық ретінде ХТО-ның ұзақ мерзімді болашағына сенімді бола алады. ХТО төрешілер алқасының мүшесі және Meuer-Koering (Берлин қ., Германия) халықаралық заң фирмасының серіктесі Томас Крюммельдің тағайындалуымен сабақтастық қамтамасыз етіледі. Ол мені ХТО төрағасы лауазымында 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауыстыратынын қуана хабарлаймын».





АХҚО сотының Төрағасы Лорд Манс:

«Мен АХҚО соты жұмысының төрт жылының қорытындысы бойынша коммерциялық сот ретіндегі белсенді рөлін жоғары бағалаймын. АХҚО соты 21 шешім шығарды және дауларды, соның ішінде коммерциялық саладағы бірқатар шарттық даулар шешу бойынша үздіксіз жұмыс жүргізуде. Пандемияға қарамастан, АХҚО соты онлайн-тыңдаулармен шектелмегені, ал жақында Қазақстандағы Нұр-Сұлтан қаласындағы сот тыңдаулары өтетін әлемдік деңгейдегі залда бірінші істі қарағаны ерекше қуантады. Тараптардың келісімімен істі жергілікті соттан АХҚО сотына беру жөніндегі алғашқы тәжірибе ерекше құпталады, АХҚО соты аталған істі қарады».



АХҚО соты мен ХТО 2025 жылға дейінгі одан әрі даму стратегиясын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізді, оның негізгі аспектісі тұрақтылықты қолдау, институттардың өсуін жалғастыру және олардың танылуы болды. Институттардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қолдау аясында АХҚО сотының барлық судьялары, сондай-ақ АХҚО соты мен ХТО Тіркеушісі әрі аппарат басшысы Кристофер Кэмпбелл-Холт АХҚО сотының әлемдік деңгейдегі тәуелсіз және бейтарап коммерциялық сот ретінде одан әрі дамуын қамтамасыз ете отырып, алдағы бес жыл ішінде АХҚО сотында өз өкілеттіктерін орындауды жалғастырады.



3.4 ИННОВАЦИЯЛЫҚ САУДА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Өзін әлемдік деңгейдегі қор биржасы ретінде сәтті таныта білген **Astana International Exchange** (АХҚО биржасы) елдің және өңірдің капитал нарығын дамыту аясында өзінің бизнес қызметін одан әрі ілгерілетуді көздейді.

Жоғары технологиялық сауда платформасы өз саласындағы озық тәжірибені ғана емес, сондай-ақ жаһандық инвестициялық қоғамдастыққа түсінікті реттеуші ортаны да ұсынады. АХҚО биржасының экожүйесінде Қазақстан, Еуропа, Қытай және бірқатар басқа да елдердің брокерлерін қоса алғанда, 29 сауда мүшесі бар.

АХҚО биржасына Шанхай қор биржасы, NASDAQ жоғары технологиялық биржалық алпауыт, Goldman Sachs халықаралық қаржы корпорациясы және «Белдеу және жол» бастамасы аясындағы жобаларға жол ашатын Жібек Жолы қоры сияқты тәжірибелі және ықпалды халықаралық ойыншылар қолдау көрсетеді.

Биржа сауда-саттық пен есеп айырысу-клирингтік операцияларды қоса алғанда, толық бизнес-циклды ұсынады. Өз қызметінде биржа Nasdaq сауда платформасын пайдаланады және жергілікті әрі халықаралық кастодиандарға қосылған T+2 сауда инфрақұрылымына ие.

2020 жылы Nasdaq matching engine сауда жүйесі Amazon Web Services бұлтты платформаға ауыстырылды, бұл жаңа салалық стандарт болды. Инфрақұрылымды бұлтқа ауыстыру инвестициялық қауымдастық үшін жобалардың асқан серпінділігі мен ауқымдылығын қамтамасыз етеді. Технологияны жаңарту биржаны операцияларды жүргізу, хабарламалар мен деректер алмасу үшін стандартталған және кешенді операциялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді, ол бағалы қағаздар нарығында жаңа өнімдер мен қызметтерді жедел және тиімді іске қосу үшін икемділік береді.

АХҚО биржасының листинг қағидалары халықаралық стандарт саналатын Лондон қор биржасының, ең алдымен ақпаратты ашу, корпоративтік басқару және ашықтық саласындағы, сондай-ақ тәуелсіз директорлар институтының баламалы талаптарына сәйкес келеді.

ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

\$1,5 млрд

АХҚО биржасында борыштық капитал ретінде тартылды

\$321 млн

акционерлік капитал ретінде тартылды

136 АХҚО биржасында өткен листингтер

x5 АХҚО биржасында сауда-саттық көлемінің жылдық өсуі

> 160 000 инвесторлардың AIX CSD-де ашылған шоттары

15 000

TABYS қосымшасында ашылған инвесторлардың шоттары

\$46 млрд
АХҚО биржасы эмитенттерінің нарықтық капиталдандырылуы



АХҚО биржасының Басқарма Төрағасы Ренат Бектұров:

«2021 жылдың қараша айында Astana International Exchange-де сауда-саттықтың басталғанына үш жыл толды. Осы уақыттың жартысынан көбі пандемия мен әлемдік қор нарықтарындағы дағдарыстың өршуімен тұспа-тұс келгеніне қарамастан, біз айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік.

Біз Дүниежүзілік биржалар қауымдастығына (WFE) қосылғанымызға қуаныштымыз. Бұл мүшелік АИХ-тің жетекші әлемдік биржалардың ең жоғары стандарттарына сай келетін және инновациялық әрі серпінді жергілікті капитал нарығын дамытуда аса маңызды рөл атқаратын нарық ретінде тағы бір танылуының айғағы.

АХҚО биржасы Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік кешенді жоспарын іске асыру үшін тартымды жағдайлар ұсынатын инфрақұрылым құрды және Қазатомөнеркәсіп ұлттық компаниясы IPO-сының жетістігі осының жарқын дәлелі.


Біз сондай-ақ қор нарығында орнықты қаржыландыру жүйесін жоспарлы түрде дамытамыз және осы процеске қатысушыларға кәсіби қолдау көрсетудеміз. Эмитенттердің де және инвесторлардың да арасында орнықты даму мен ESG мақсаттарын іске асыру практикасын енгізуге жаһандық ынталандыру аясында Қазақстандағы ESG облигациялары мен жасыл облигацияларына сұраныс і өсу үстінде болады деп күтілуде.

АХҚО биржасы 2022 жылға өршіл жоспарлар қойып отыр, бұл жоспарлар биржаны дамудың жаңа деңгейіне шығаруға мүмкіндік береді және Қазақстанның инвестициялық ландшафтын, оның ішінде Самұрық-Қазына портфельдік компанияларын бастапқы орналастыруды жүргізу аясында одан әрі жақсартуға ықпал ететін болады».



COVID-19 пандемиясы капитал нарықтарына және жаһандық әрі өңірлік ауқымдағы экономикалық жағдайға бұрын-соңды болмаған әсер етті. Осы орайда АХҚО биржасы бизнес пен инвесторлар үшін инновациялық өнімдер мен қызметтерді ұсыну арқылы Орталық Азияда және одан тыс жерлерде капиталдың сенімді және өтімді нарықтарын дамыту жұмысын сәтті жалғастырды.

- АХҚО биржасының ресми тізіміне 2 биржалық қорды (ETF) және 16 биржалық нотаны (ETN) қоса алғанда, **89 түрлі эмитенттің 136 шығарылымы** кіреді.
- Тартылған **борыштық капиталдың** көлемі шамамен **1,5 млрд АҚШ долларын**, ал **акционерлік капиталдың көлемі – 321 млн АҚШ долларын** құрады.
- АХҚО биржасы эмитенттерінің **нарықтық капиталдандырылуы 46 млрд АҚШ долларынан** асты.
- **Сауда-саттықтың жалпы көлемі 305 млн АҚШ долларына** жетті.
- Қазақстан, Еуропа, Қытай және басқа да көршілес елдердің брокерлерін қоса алғанда, **29 сауда мүшесі** АХҚО биржасында тіркелді.
- АХҚО биржасының Орталық депозитарийінде (AIX CSD) **инвесторлардың 160 мыңнан астам шоты** ашылды.
- АХҚО биржасында жаңа қызмет – компанияға дәстүрлі IPO процесі арқылы капитал тартпай-ақ жария болуға мүмкіндік беретін **акциялардың тікелей листингі** іске қосылды.
- АХҚО биржасы мен **Euroclear Bank кеңейтілген есеп айырысулар бойынша жаңа сервисті** іске қосты, бұл сервис институционалдық инвесторларға Euroclear Bank-те айналысқа және АХҚО биржасында сауда-саттыққа жіберілген шетелдік бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша не Euroclear Bank-те ашылған өз шоты арқылы (егер олар Euroclear Bank пен АХҚО биржасының қатысушылары болса) немесе Euroclear Bank-тегі өз кастодианның шоты арқылы есеп айырысуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
- АХҚО биржасы нарық инфрақұрылымының 250-ден астам қатысушысын біріктіретін биржалар мен клирингтік орталықтардың жаһандық салалық қауымдастығы **Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE)** толыққанды мүшесі атанды.




5-сур. АХҚО биржасындағы эмитенттер, листингтер және сауда-саттық көлемі, 2018-2021 жж.

ЛИСТИНГТЕР

2021 жылы АХҚО биржасында 56 жаңа листинг өтті, олардың қатарына жеке және жария облигациялар, егемен облигациялар, ETN, pre-IPO, дебюттік жасыл және әлеуметтік облигациялар кірді, олардың ең маңыздылары ретінде мыналарды атауға болды:


- **Самұрық-Қазынаның** жалпы көлемі 500 млн АҚШ долларын құрайтын, оның ішінде 57 млн АҚШ доллары АХҚО биржасы арқылы тартылған бесжылдық **еурооблигацияларының** АИХ, KASE және LSE-де дебюттік орналастырылуы.
- Размещение трехлетних частных **облигаций дочерней компании KAZ Minerals Bozshakol** на сумму 100 млн долларов США.
- LSE-де листингтелген жалпы сомасы 6,25 млрд АҚШ долларын құраған **ҚазМұнайГаз ұлттық компаниясы облигацияларының** кросс-листингі.
- Қазақстан Республикасының аумағында әлеуметтік жобаларды дамыту үшін **Еуразиялық даму банкінің** 20 млрд теңге сомасына **әлеуметтік облигациялары**.
- ICMA жасыл облигацияларының қағидаттарына сәйкес жасыл жобаларды қаржыландыру үшін 18,4 млрд теңге сомасын құраған **Самұрық-Энергоның жасыл облигациялары**. Самұрық-Энерго жасыл облигацияларды орналастыру арқылы қаражатты тартқан өнеркәсіптік саладағы алғашқы қазақстандық эмитент болды.
- **iX Bitcoin – ETN**, ол үшін негізгі актив – ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO) акциялары. Осы акциялар биткоинға фьючерстердің динамикасын бақылайтын ең ірі қорлардың бірі.
- **IUIF Fixed Income USD – ETN**, «Fixed Income USD» жергілікті аралық инвестициялық пай қорының кірістілік көрсеткіштеріне байланған.
- **Kaz Financials exchange notes – ETN**, қазақстандық банктер – ЦентрКредит Банкі, Халық Банкі және Kaspi Bank акцияларының көрсеткіштеріне байланған.



6-сур. АХҚО биржасының нарықтық капиталдандырылуы, млрд АҚШ доллары

AIX QAZAQ INDEX

2021 жылдың шілдесінде АХҚО биржасында **8 қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың** АХҚО биржасында, KASE мен LSE-де саудаланатын акциялары мен ЖДҚ-сынан тұратын, нарықтық капиталдандыру бойынша мөлшерленген индексті білдіретін AIX Qazaq Index (AIXQI) индексі іске қосылды. Индекске не Қазақстанда тіркелген, не олардың бизнестен түсетін кірісі ішінара немесе толығымен Қазақстанда жинақталатын, не операциялық қызметтің елеулі бөлігі Қазақстанда жүзеге асырылатын компаниялардың акциялары кіреді. Индекс бірінші кезекте қазақстандық капитал нарығының барынша өтімді сегментінің көрсеткіштерін өлшеу және әлеуетті инвестициялық стратегияларды индекспен салыстыру мүмкіндігі арқылы инвестициялық процесті жақсарту үшін құрылды. 2021 жылы AIXQI жаңа COVID-19 штаммдарының таралуы және инфляцияның өсуіне байланысты 2-ші жартыжылдықта қор нарықтарының жоғары құбылмалылығына қарамастан 19%-ға өсті.



7-сур. AIX Qazaq Index құрамбөліктері

ПОСТ-ТРЕЙДИНГ

Пост-трейдингтік қызметті қамтамасыз ету үшін АХҚО биржасы АХҚО заңнамасына сәйкес екі жеке заңды тұлға құрды:

- **АХҚО биржасының Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі (AIX CSD)** – ақша қаражаты, бағалы қағаздар және депозитарлық қызмет бойынша күнделікті есеп айырысуға жауапты жеке компания.
- **АХҚО биржасының Тіркеушісі (AIX Registrar)** – акционерлердің орталық тізілімін сақтауды және жүргізуді жүзеге асыратын жеке компания.

2020 жылы AIX CSD Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде (KCSD) жеке шот ашты, сонымен бір мезгілде KCSD кастодиан ретінде AIX CSD қатысушысы атанды.



WFE Бас атқарушы директоры Нандини Сукумар:

«Біз АХҚО биржасының WFE мүшесі ретінде қатарымызға қосылғанына қуаныштымыз. Біз нарықтың құрылымын және биржа жұмыс істейтін реттеуші ортаны талдауды, сондай-ақ оның стейкхолдерлерімен сұхбатты және WFE-нің басқа да қатысушыларының тарапынан тексеруді қамтитын қатаң өлшемшарттар, процесс пен тексеруді ұстанамыз. АХҚО биржасы биржалық алаңдарға арналған біздің қағидаттарымызда баяндалған WFE стандарттарына сәйкес келетін әлемнің түкпір-түкпірінен мүше атанған 68 басқа биржаның қатарына қосылады.»



БӨЛШЕК ИНВЕТОРЛАР БАЗАСЫН ДАМУ

Бөлшек сегментті дамыту АХҚО биржасының стратегиялық бағыттарының бірі. 2021 жылы Қазақстанда бөлшек инвесторлардың белсенділігінің айтарлықтай өсуі байқалды. Егер 2020 жылдың соңында АИХ Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде (АИХ CSD) бөлшек инвесторлардың 98 мың шоты болса, 2021 жылдың соңына қарай – 160 мыңнан астам шот болды.

2020 жылдың соңында соның ішінде Tabys мобильді қосымшасының іске қосылуы арқылы бөлшек инвесторлардың белсенділігі артты. Биржалық ноталарды сақтау үшін АИХ Registrar-да жеке тұлғалардың 15 мыңнан астам шоты ашылды, олардың 5 мыңы Tabys қосымшасының Қазақстанның барлық өңірлерінен тіркелген белсенді пайдаланушылары болды, олардың ең көп үлесі Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Қарағанды қалаларына тиесілі.

Tabys – бұл Қазақстандағы бөлшек инвесторларға арналған алғашқы мобильді қосымша, ол 10 АҚШ долларынан аз сомдан бастап әлемдік қаржы нарықтарына инвестициялауға мүмкіндік береді. Инвесторлар S&P500, Nasdaq сияқты жаһандық қаржы индекстеріне, сонымен қатар американдық компаниялардың облигацияларына немесе АҚШ қазынашылық облигацияларына, «дамушы нарықтардың» акциялары мен облигацияларына, қазақстандық «көгілдір фишкалар» акцияларына, алтынға, Brent маркалы мұнайға байланған ETN-дерді сатып ала алады.

Tabys арқылы инвестицияның жалпы көлемі 2021 жылдың соңына қарай **2,6 млн АҚШ долларын**, ал жылдық сауда-саттық көлемі – **4,8 млн АҚШ долларын** құрады.

3.5 БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

АХҚО Business Connect (ABC) АХҚО экожүйесіндегі бизнесті дамыту бойынша негізгі бөлімше, ол АХҚО қатысушыларын жан-жақты қолдауды және олардың өнімдері мен шешімдерін ілгерілетуді қамтамасыз ететін фронт-офис.

ABC-дің негізгі функциялары АХҚО арқылы өңірде өз қатысымын кеңейтуді қалайтын халықаралық қаржы институттары және компаниялармен өзара іс-қимыл жасауды, тіркелу, авторизация және пост-тіркеу кезінде қатысушыларға қажетті қолдау көрсетуді, сондай-ақ АХҚО қатысушыларының АХҚО юрисдикциясында ғана емес, сондай-ақ одан тыс жерлерде де нарықтың негізгі ойыншыларымен байланысын қамтиды. Сондай-ақ, ABC халықаралық инвесторлар қауымдастығымен өзара іс-қимыл жасау және инвестордың профиліне сәйкес келетін жобаларды іріктеу арқылы Қазақстан мен Орталық Азия өңірі елдерінің экономикасының негізгі салаларына халықаралық капиталды тартуға ықпал етеді.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР:

КОМПАНИЯЛАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ АВТОРИЗАЦИЯ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАУ

ABC АХҚО-ның әлеуетті және әрекет етуші қатысушыларына тіркелу және авторизациямен байланысты барлық мәселелер бойынша кеңес береді. ABC АХҚО-да қызмет жүргізу, ұйымдық-құқықтық нысандарды таңдау, өтінімдерді қарау және оларды АХҚО-ның цифрлық порталы арқылы мақұлдау мәселелері бойынша АХҚО әлеуетті қатысушыларына жан-жақты қолдау көрсетеді. 2021 жылы тіркелген 550 жаңа компанияның ішінен ABC компаниялардың жартысына жуығына қолдау көрсетті.

Авторизация жөніндегі команда өтінімдердің АХҚО юрисдикциясының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін АХҚО-ның қолданылатын қағидалары мен нормалары жөнінде ұсынымдар беру мен ақпараттық қолдауды қоса алғанда, АХҚО-да немесе оның аумағында реттелетін, қосалқы немесе нарықтық қызметті жүзеге асыруға ниетті компанияларға қолдау көрсетеді.

ABC KPMG, Deloitte, Baker Tilly, Linkage & Mind сияқты компанияларды қоса алғанда, қосалқы қызметтерді жеткізушілерді тіркеу және авторизациялау процестеріне белсенді түрде жәрдемдесті.

ТІРКЕУДЕН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

ABC АХҚО қатысушыларына АХҚО аясындағы қызметтерімен, мысалы, АХҚО органдарымен және олардың ұйымдарымен, үшінші тараптармен коммуникация орнату және ұстау, тіркеуден кейінгі міндетті рәсімдер бойынша ұсынымдар беру, сондай-ақ акцияларды өткізу, бас директорды/директорларды, мекенжайларды ауыстыру, жарғылық капитал мөлшерін өзгерту және т.б. сияқты компания қызметіне қатысты талап етілетін рәсімдермен байланысты барлық мәселелер бойынша көмек көрсетеді.

Сонымен қатар, ABC жылдық есепті тапсыру процесінде, реттеушілер мен мемлекеттік органдардың сұрауларына жауап беруде қолдау көрсетеді. Бұл сұрауларға салық режиміне, жұмысқа орналасу қағидаларына, акцияларды бөлу рәсімдеріне, цифрлық мәселелерге, мемлекеттік дерекқорларға, қосалқы қызметтерді жеткізушілер нарығына және т.б. байланысты сұрақтар кіреді.

269 компания

2021 жылы тіркелу кезінде ABC-дің қолдауына ие болды

10 компания

авторизация бойынша қолдауға ие болды

6 тіркелу бойынша қолдауға ие болған қосалқы қызметтер жеткізуші компаниялар

470

пост-тіркеу рәсімдеріне қажетті қолдауға ие болған өтінімдер

> 1 000

АХҚО қатысушыларынан өтініштер алынып, өңделді

100

жалпы сомасы 5 млрд АҚШ долларын құрайтын инвестициялық жобалар пысықталу үстінде

ӘРТҮРЛІ ЖОБАЛАР АЯСЫНДА МӘМІЛЕЛЕРДІ ҚҰРЫЛЫМДАУ ЖӘНЕ СҮЙЕМЕЛДЕУ

ABC заңдық құрылымдау, заңды тұлғаларды АХҚО-ға редомициляциялау, ымыралы келісім арқылы заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру, сондай-ақ өзге де корпоративтік процестер бойынша консультациялардан бастап, салықтық консультациялар, АХҚО-ның әлеуетті және қазіргі қатысушыларында туындау мүмкін күрделі реттеушілік мәселелер жөніндегі консультацияларға дейін жобалардың мемлекеттік және жеке сектордан қатысатын негізгі қатысушыларына ілеспе қызметтердің кең спектрін ұсынады.

ABC жүзеге асырылуы АХҚО-ны және тұтастай алғанда елді дамыту үшін стратегиялық маңызға ие бірқатар маңызды жобаларда жетекші рөл атқарды.

2021 жылы ABC **АХҚО-да уран қорын құру бойынша** Қазатомөнеркәсіп пен Genchi Global-ды қолдады. Бұл ТМД аумағындағы осындай алғашқы және бүкіл әлем бойынша үшінші жоба. Бұл қордың мақсаты – уранға инвестициялау және оны сақтау, қор құрылтайшыларынан 50 млн АҚШ доллары мөлшерінде бастапқы инвестициялық жарна салу жоспарлануда. Қор одан әрі институционалдық және жеке инвесторлардан 500 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде инвестиция тартады деп күтілуде. Уран қоры Қазатомөнеркәсіптің тәжірибесін және Қазақстан Ұлттық Банкінің еншілес компаниясы Ұлттық инвестициялық корпорацияның инвестициялар мәселелеріндегі құзыретін біріктіретін болады, бұл АХҚО-да қолжетімді әмбебап инвестициялық құралдардың алуан түрлілігімен бірге инвесторларға уран және атом индустриясының барлық мүмкіндіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Бұдан басқа, ABC Chevron Munaigas Inc-ке оның **Local Content Development компаниясын** құрылымдауға табысты жәрдемдесті, кейін бұл компания АХҚО-да сәтті тіркелді. Ұлыбританияның танымал инвестициялық компаниясы Sturgeon Capital басқарушы компания болып тағайындалды. Local Content Development Company Ltd. қызметтер көрсетуді, мұнай-газ өнеркәсібіне арналған негізгі тауарларды өндіру және құрастыруды қоса алғанда, Қазақстандағы мұнай-газ саласындағы жергілікті қамтымды дамытуға ықпал ететін жобаларға, экологиялық жобаларға, цифрлық және ақпараттық технологияларға инвестиция салуға ниеттеніп отыр. Chevron осы мақсаттарға қол жеткізу үшін шамамен 250 млн АҚШ долларын бөледі деп жоспарлануда.

ABC сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуы жоспарланған **Түркі инвестициялық қорының**

штаб-пәтерін орналастыру үшін таңдамалы юрисдикция ретінде Қазақстан мен АХҚО-ның кандидатурасын ілгерілету ісінде АХҚО-ның бас өкілі рөлін атқаруда. ABC АХҚО-да инвестициялық қорларды реттеудің артықшылықтары және жоспарланған бастама үшін оның жарамдылығы туралы мүше мемлекеттерді хабардар ету мақсатында Бас хатшылықтың ресми кездесулері мен конференцияларына қатысты. Түркі инвестициялық қоры 200 млн АҚШ долларына жуық инвестиция тартады деп күтілуде.

ABC белсенді жұмылдырылған тағы бір стратегиялық жоба – бұл кейбір маңызды квазимемлекеттік құрылымдарды шетелдік юрисдикциялардан АХҚО-ға көшіруге бағытталған ҚР Ұлттық экономика министрлігінің жобасын қолдау (Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті тапсырмасын орындау үшін).

2022 жылы ABC **редомициляция** процесінде квазимемлекеттік секторды қолдау көрсетуге кіріседі. Елдің ең ірі квазимемлекеттік құрылымдарының кемінде он шетелдік еншілес компаниясы 2022-2023 жылдары АХҚО-ға көшеді деп күтілуде. Бұдан басқа, ABC квазимемлекеттік сектор компанияларына АХҚО құқығына сәйкес құрылған заңды тұлғаларға қатысуға мүмкіндік беру үшін мемлекеттік мүлік туралы ұлттық заңдарға өзгерістер енгізу жөніндегі заңнамалық процеске белсенді қатысуда.

3.6 ИСЛАМ ҚАРЖЫСЫ

Исламдық қаржыландыру ұйымдарының жұмыс істеуі мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау АХҚО-ны дамытудың негізгі бағыттарының бірі. Орталық ислам қаржысының өркендеген жергілікті нарығын құру үшін ғана емес, сондай-ақ өзін Орталық Азия мен ТМД өңірінде **ислам қаржысының өңірлік хабы** ретінде таныту үшін де түйінді мүмкіндіктер ұсынады.

АХҚО исламдық қаржы орталығы ретінде қызметін жүргізу және жұмыс істеу үшін қажетті инфрақұрылымды, сондай-ақ бәсекелік ортаны құрды. АХҚО-ның қолданыстағы исламдық қаржыландыру құрылымы тиісті ұйымдарға исламдық банкинг, исламдық «терезе» арқылы қызметтер көрсету, исламдық қаржыландыру, ислам қорларын басқару, акциялар мен сукуктарды қоса алғанда, бағалы қағаздар шығару сияқты исламдық қаржылық операциялардың кең спектрін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, исламдық қаржыландыру саласындағы бизнес пен мәмілелерді қолдау үшін құрылған жеңілдікті салық режимін атап өту қажет.

Бұдан басқа, жақында қабылданған Валюталық реттеу және АХҚО-дағы валюталық операциялар туралы ақпарат алмасу қағидалары ислам банкеріне, такафул-компаниялар мен исламдық қаржылық келісімшарт негізінде пайданы шектеулі бөлумен инвестициялық шотты басқаратын компанияларға Қазақстанның резиденттеріне (жеке және корпоративтік) кез келген валютада қаржылық қызметтер көрсетуге мүмкіндік береді.

Ислам даму банкінің консультанты дайындаған Ислам қаржысын дамытудың бас жоспарында (Жол картасы) стратегиялар мен ұсынымдар, негізгі құрылымдық проблемаларды және Қазақстанның өсуі үшін неғұрлым алуан түрлі және инновациялық қаржы ортасын құру мүмкіндіктері сипатталады. Бас жоспардағы ұсынымдарды іске асыру үшін АХҚО-ның Исламдық қаржы және бизнес хабы АХҚО-да исламдық қаржыландыру қызметтерін дамытуға бағытталған түрлі бастамаларды іске асырады.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

ICD-Refinitiv 2021 Ислам қаржысын дамыту индикаторына сәйкес Қазақстанның жалпы балы (17,55) орташа әлемдік деңгейден (11,01) жоғары және жалпы алғанда, бағалауға сәйкес Қазақстан ислам қаржысы индустриясын дамыту көрсеткіші бойынша өңірде көшбасшы орында.

Түйінді бастамалардың бірі – исламдық қаржыландыру қызметтерін көрсетумен айналысатын АХҚО-ның жаңа қатысушыларын тартуға жәрдемдесу және қолдау. 2021 жылы жергілікті исламдық қаржы институттары – Al Saqr Islamic Bank Ltd. мен Kazakhstan Islamic Finance Company лицензия алды. АХҚО Исламдық қаржы және бизнес хабының қолдауымен финтех-компаниялар FinTech Lab реттеуші құм алаңы аясында исламдық қаржылық келісімшарттар мен өнімдер әзірледі.

Бас жоспар Қазақстанда исламдық қаржыландыруды дамыту үшін маңызды рөл ғана атқаратын емес, болашақ жаһандық бастамаларға да пайда әкелетін **адами капиталды одан әрі дамытуға** қажетті серпін берді. Осыған байланысты 2021 жылдың негізгі бағыттарының бірі қаржылық хабардарлықты арттыру және исламдық қаржы саласындағы сарапшылар пулын құру болды. Жергілікті және халықаралық серіктестермен бірлесіп исламдық қаржы бойынша іс-шаралар, семинарлар мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылды.

АХҚО-да Азия даму банкінің ислам қаржысы туралы сауаттылық пен хабардарлықты арттыруға және ҚР-да ислам қаржысының әлеуетін дамытуға бағытталған

«Инклюзивті өсуге арналған исламдық қаржыландыру – әлеуетті арттыру» грантын пайдалану жұмысы жүргізілді. Грантты пайдалану мемлекеттік және квазимемлекеттік органдар, қаржы нарығы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және АХҚО үшін исламдық қаржы бойынша оқу курсы; ШОБ үшін әлеуетті ұлғайту және хабардарлықты арттыру бойынша онлайн-семинарларды; және ислам қаржысы саласындағы жетекші сарапшылармен сұхбат түрінде тәжірибе алмасу бойынша вебинарлар өткізу арқылы жүзеге асырылды.

Исламдық бағалы қағаздарды (сукук) шығаруға қызығушылықты ескере отырып, Ислам даму банкінің техникалық жәрдемімен АХҚО-ның Исламдық қаржы және бизнес хабы сукук пен Қазақстан мен ТМД қаржы нарығының әлеуетті эмитенттері үшін оқыту бағдарламасын ұйымдастырды. Бұдан басқа, Ислам даму банкінің консультанты қатысушыларға ислам қаржысы саласында қажетті білім беру мақсатында АХҚО қызметкерлері мен мемлекеттік органдардың өкілдері үшін ислам қаржысы бойынша екі айлық біліктілік бағдарламасын (Islamic Finance Qualification) дайындап, ұйымдастырды.

Бас жоспардың ұсынымдарының бірі – **халал индустриясын дамыту** қажеттілігі, ол Қазақстанда ислам қаржысын дамыту процесін, оның ішінде Қазақстанның қаржы институттары мен АХҚО халал нарығының қатысушыларына ұсынатын исламдық қаржыландыру

және инвестициялау құралдары арқылы жеделдетуге ықпал ететін болады. АХҚО **Халал сауда және маркетинг орталығымен** (НТМС, БАӘ) тығыз ынтымақтастық жасайды. Сонымен қатар, Қазақстан сауда-инвестициялық форумы аясында 2021 жылғы желтоқсанда Дубай қаласында Дубай Үкіметінің Экономика және туризм департаментімен мынадай салалардағы: ислам қаржысы, халал-индустрия және ислам экономикасымен байланысты басқа да салалардағы ынтымақтастық пен қолдауды қамтамасыз етуге бағытталған Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Исламдық қаржы жөніндегі жаһандық есептің Ислам қаржысы жөніндегі елдік индексінде (GIFR 2021) Қазақстан

17 орында

2021 жылғы Исламдық финтех жөніндегі жаһандық есептің Исламдық қаржы технологияларының жаһандық рейтингінде Қазақстан

27 орында

Ислам қаржысы инфрақұрылымын дамыту бойынша Қазақстан өңірде

1 орында

3.7 ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТТЕР

АХҚО Экспат орталығы (АЭО) – бұл шетелдік инвесторлардың Қазақстанда болуы және бизнес жүргізуі үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және дамыту, сондай-ақ олардың жергілікті қоғамдастыққа жан-жақты интеграциялануы үшін құрылған мамандандырылған көпфункционалды орталық. АЭО шетелдік инвесторлар мен сарапшыларға «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтердің кең спектріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. АЭО төмендегі қызметтердің кең спектрін ұсынады:

Мыналармен:

- визалық және көші-қон мәселелерімен;
- салық төлеуші ретінде тіркелумен;
- жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) және электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) ресімдеумен;
- көлік құралын тіркеу, жүргізуші куәлігін алу, көлік құралының нөмірлік белгілерін тіркеумен **байланысты 500-ден астам мемлекеттік қызмет.**

Мыналар:

- тұрғын үй іздеу;
- медициналық қызметтер;
- білім беру мекемелері;
- көшу **бойынша қолдап, сүйемелдеу қызметтері.**

АЭО-ның мамандандырылған қызметтері:

- жеке менеджер;
- әкімшілік ассистент.

2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР:

АЭО құрылған сәттен бастап **15 мыңнан астам қызмет** көрсетілді, оның ішінде 5 мыңға жуық қызмет 2021 жылы көрсетілді. АЭО клиенттерге өзінің цифрлық шешімі – Өзіне-өзі қызмет көрсету порталы (SSP) арқылы қолдау көрсетеді, порталда онлайн-консультациялар, АЭО-ға келуді брондау жүйесі және мемлекеттік қызметтерге қашықтан қол жеткізу қолжетімді. Келуді брондау және жеке менеджер қызметтері сондай-ақ қатысушыларға арналған АХҚО экожүйесінің AFINA қосымшасында бар.

+5 000

АХҚО Экспат орталығы ұсынған қызметтер

+875

бизнес-серіктестерге берілген визалар

+605

шетелдік қызметкерлерге берілген визалар

ЖЕКЕ МЕНЕДЖЕР МЕН ӘКІМШІЛІК АССИСТЕНТ ҚЫЗМЕТТЕРІ:

2021 жылы АЭО көші-қон және басқа да мәселелер бөлігінде мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерді алу процесінде толық қолдау көрсетуге арналған жеке менеджер қызметін іске қосты. Қызмет уақытты үнемдеу және клиенттің құжаттар топтамасын дайындау және басқа да процестерге қатысуын азайту мақсатында ұсынылады. Жеке менеджер тіркелу, қазақстандық визаны, ЖСН, ЭЦҚ және басқа да қызметтерді алу үшін қажетті құжаттарды дайындау және тапсыру бойынша барлық процестерді өзі атқарады.

Сонымен қатар, әкімшілік ассистент деп аталатын жаңа қызмет шетелдік қызметкерлермен байланысты бизнес-процестерге кәсіби сараптама мен қолдауды қажет ететін корпоративтік клиенттерге арналған. Қызмет көші-қон есебіне тұру, оның ішінде шетелдік қызметкерлердің ел аумағына келуі және болуы бөлігінде кадрлық сүйемелдеуді ұсынады, осылайша корпоративтік клиенттер үшін бизнес-процестерді барынша азайтады. Қызмет клиенттің атынан барлық қажетті жазбаша сұрауларды, нысандар мен өтініштерді дайындауды, сондай-ақ компанияның көші-қон есебін жүргізуді қамтиды.



4. АХҚО-НЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



АХҚО-ның пайымы – Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Батыс Қытай, Моңғолия және Шығыс Еуропа өңіріндегі жетекші халықаралық қаржы орталығына айналу.

АХҚО миссиясы – компаниялар мен бизнес-қоғамдастыққа инвестициялар тарту, өнеркәсіп және қызметтер көрсету саласындағы маңызды және тиімді жобаларды іске асыру, сондай-ақ өнімдердің, қызметтердің жаңа нарықтарын құру үшін жаңа мүмкіндіктер ұсына отырып, Қазақстанның және өңірдің орнықты экономикалық дамуына үлес қосу.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының тиісті Конституциялық заңы АХҚО-ны құруға негіз болды.

Өз қызметі жылдарында АХҚО байсалды табысқа қол жеткізді – заманауи биржалық инфрақұрылымды іске қосты, халықаралық қоғамдастық мойындаған, заң үстемдігін ұлықтайтын және ұлттық әрі шетелдік институттар үшін Орталықты тартымды ететін құқықтық және реттеушілік режимдерді енгізді. Орталық қол жеткізген жетістіктер оның дамуының келесі кезеңін іске

асыру үшін, атап айтқанда халықаралық нарықтарға шығатын АХҚО-ның өңірлік қаржы орталығы ретінде қалыптасуы және оның инвестициялық хаб ретінде орнығуы үшін берік негіз дайындады.

2020 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың басшылығымен АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі дамуының жаңа стратегиясын қабылдады, құжат АХҚО-ның толыққанды өңірлік қаржы орталығы және инвестициялық хаб ретінде қалыптасуын айқындады.

2020 жылы жаңа бизнес-стратегияны қабылдау АХҚО-ны үздіксіз дамытудағы маңызды қадам болды, инвестициялар тартудағы және жоғары деңгейдегі қызметтер ұсынудағы АХҚО-ның әлеуеті мен маңызды рөлін тағы да растады. Тиісті Конституциялық заңда белгіленген АХҚО-ның негізгі мақсаттарына және стратегияға сәйкес орталық қызметінің түйінді көрсеткіштеріне сүйене отырып, АХҚО келесі прогреске қол жеткізді.



Отыздық тобының (G30) Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, J.P. Morgan Chase International Басқармасының бұрынғы төрағасы, АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің мүшесі Джейкоб Френкель:

«Қазақстанда Ұлттық Банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, АХҚО және өзге де ұлттық даму институттары сияқты институттардың кең спектрі бар. Мұндай икемділік капиталды тартудың дұрыс тетіктерін таңдауға және экономиканың нақты секторына инвестициялар тартуға мүмкіндік береді. АХҚО халықаралық институт және мен барлығын оның мүмкіндіктерін бірінші кезекте жергілікті нарықтарды нығайту үшін пайдалануға шақырамын. Орнықты және интеграцияланған қазақстандық нарық қана АХҚО-ға Қазақстанның әлемдік аренадағы беделін нығайтуға жәрдемдесетін өңірлік инвестициялық және қаржылық платформа ретінде қалыптасу жөніндегі өз мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік береді».



СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ: 2021 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН ПРОГРЕСС

	Стратегиялық мақсат	Табыс өлшемшарттары	2021 жылғы прогресс
ИНВЕСТИ- ЦИЯЛЫҚ ХАБ \$10 млрд мөлшерінде инвестиция тарту	Қаржы қызметтері саласында инвестициялау үшін тартымды орта құру арқылы Қазақстан Республикасының экономикасына инвестициялар тартуға жәрдемдесу	<ul style="list-style-type: none"> 2025 жылға қарай \$10 млрд құрайтын инвестиция тартуға жәрдемдесу 2025 жылға қарай GFCI іскерлік орта көрсеткіші бойынша топ-50-ге кіру 	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО алаңы арқылы инвестициялар көлемі \$6,2 млрд (2021 жылы +\$4 млрд) құрады. Task Force бөлімшесі (ҚР Үкіметінің инвестициялық бөлімшесі) құрылды. Нұр-Сұлтан қаласы GFCI 30 рейтингінде іскерлік орта көрсеткіші бойынша 67-орынды иеленді.
			Мақсатқа қол жеткізу 60% 100%
ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ қаржылық делдалдықты қолдау	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын дамыту, оны халықаралық капитал нарықтарымен интеграциялауды қамтамасыз ету	<ul style="list-style-type: none"> 2025 жылға қарай MSCI индексында «шекаралық нарықтардағы» Қазақстанның салмағын 5%-ға дейін арттыру 2030 жылға қарай MSCI индексінің «дамушы нарық» мәртебесін алу 	<ul style="list-style-type: none"> 2021 жылдың соңына қарай Қазақстан MSCI индексінің «шекаралық нарықтарда» салмағы 6,8% жетті. 2030 жылға қарай Қазақстанның MSCI және FTSE индекстеріндегі «дамушы нарықтар» мәртебесіне өтуі жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағалығымен арнайы Басқарушы комитет пен Жұмыс тобы аясында жүргізілуде. АХҚО биржасы өңірлік акциялар нарығы, исламдық қаржыландыру, «Белдеу және жол» нарығы, тау-кен өндіру, жасыл қаржыландыру, бөлшек инвесторлар нарығы сияқты сегменттерді қоса алғанда, капитал нарығын дамытуды жалғастыруда.
			Мақсатқа қол жеткізу 60% 100%
	Қазақстан Республикасында сақтандыру, банк қызметтері, исламдық қаржыландыру, қаржылық технологиялар, электрондық коммерция нарығын және инновациялық жобаларды дамыту	<ul style="list-style-type: none"> 2025 жылға қарай АХҚО-да 2000 компанияны тіркеу 	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО қатысушы ретінде 1173 компанияны тіркеді (2021 жылы +550 компания). АХҚО, Қазақстан Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтер ұсыну қағидаларын қабылдады.
	Үздік халықаралық тәжірибелер негізінде қаржылық және кәсіби қызметтерді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> 2025 жылға қарай АХҚО-да қаржылық және кәсіби қызмет көрсететін 600 компанияны тіркеу 	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО қаржылық және кәсіби қызмет көрсететін 230 компанияны тіркеді (2021 жылы +24 компания).
			Мақсатқа қол жеткізу 40% 100%
АХҚО-ның ЖАҒАНДЫҚ ЖАЙҒАСЫМЫ GFCI / WAIFC	Қаржы орталығы ретінде халықаралық танылу	<ul style="list-style-type: none"> 2030 жылға қарай GFCI рейтингінің топ-40 позициясына қол жеткізу және осы орынды сақтау 2050 жылға қарай GFCI рейтингінде топ-30-ға кіру 	<ul style="list-style-type: none"> GFCI 30 деректері бойынша (2021 жылғы қыркүйек) Нұр-Сұлтан қаласы әлемдік рейтингте 116-дан 75-орынды және «Шығыс Еуропа және Орталық Азия» өңірі рейтингінде 16-дан 5-орынды иеленді. АХҚО бүкіл әлемнің 20 жетекші халықаралық қаржы орталығын біріктіретін, қаржы орталықтары арасындағы ынтымақтастыққа, озық тәжірибе алмасуға және қалың жұртшылықпен өзара байланыстарды орнатуға жәрдемдесу мақсатын көздейтін Халықаралық қаржы орталықтарының Дүниежүзілік Альянсының (WAIFC) белсенді мүшесі.

4.1 АХҚО ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ РЕТІНДЕ

АХҚО ел экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тарту үшін өзінің әлеуетін пайдалана отырып, мемлекеттік инвестициялық архитектураға белсенді интеграцияланды. ҚР Үкіметі мен квазимемлекеттік сектор жасасатын ірі мәмілелер АХҚО алаңы арқылы ашықтықты, әділдікті және акционерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласын өңірдің **инвестициялық хабы** ретінде дамыта отырып жүргізіледі.

Өткен жылы еліміздің негізгі ұлттық инвестициялық агенттерімен бірлескен жұмыс жүргізілді. АХҚО жаңа жобаларды қолдауды және инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық процесін үйлестіруді қамтамасыз ететін ҚР Премьер-Министрі тәрағалық ететін Инвесторларды тарту мәселелері жөніндегі арнайы кеңестің, **Инвестициялық штабтың**, сондай-ақ Kazakh Invest пен АХҚО-ның инвестициялық келіссөз жүргізушілерінің арнайы командасы – Task Force-тың мүшесі екені белгілі.

Task Force қазіргі уақытта жалпы сомасы 13 миллиард АҚШ долларын құрайтын 70+ әлеуетті инвестициялық жобалармен жұмыс істеуде.

Қаржы орталығы Сыртқы істер министрлігінің инвестицияларды тартудың ұлттық үш деңгейлі архитектурасының және орталықты шетелдік алаңдарда ілгерілетуге және инвестициялық жобаларды тартуға жәрдемдесуге бағытталған Министрліктің 2020-2022 жылдарға арналған Елдік инвестициялық бағдарламасының бір бөлігі болды.

Сонымен қатар, орталықтың инвестициялар тарту әлеуетін пайдалануды жандандыру мақсатында АХҚО инвестициялық жобаларды басқару бойынша арнайы кеңсе – **Investment Communications Unit (ICU)** құрды. 2021 жыл ішінде ICU инвестициялық жобалардың ұлттық портфелінен бастап «Белдеу және жол» бастамасы аясындағы жобаларға, инвестициялық брокерлерге, сондай-ақ Бірыңғай ұлттық инвестициялық платформаға дейінгі инвестициялық бастамалардың кең спектрінде жұмыс істеді.

АХҚО-ның ұлттық инвестициялық экожүйеге неғұрлым тығыз интеграциясы, орталық құралдарының кең жиынтығын пайдалану елдің тартымды инвестициялық ахуалын жасауға және оның өңірлік инвестициялық хаб ретінде қалыптасуына біржақты ықпал ететін болады.

Басты стратегиялық мақсат – қаржылық қызметтер саласында тартымды инвестициялық орта құру арқылы Қазақстан экономикасына инвестициялар ағынын ынталандыру және ұлғайту. Мәселен, 2025 жылға қарай АХҚО шамамен **10 млрд АҚШ долларына** инвестиция тарту және **Жаһандық қаржы орталықтары индексінің (GFCI)** іскерлік орта көрсеткіші бойынша топ-50-ге кіру мақсатын көздеп отыр.

АХҚО құрылғалы бері орталық алаңы арқылы Қазақстанға тартылған инвестиция көлемінің тұрақты өсуі байқалады. Солайша, 2021 жылдың соңына қарай АХҚО платформасы арқылы Қазақстан экономикасына тартылған инвестициялардың жалпы көлемі **6,2 млрд АҚШ долларына** жетті.

2018 жылы АХҚО биржасында ресми сауда-саттық іске қосылған сәттен бастап АIX эмитенттері 2021 жылдың соңына қарай **321 млн АҚШ долларынан астам акционерлік капитал және 1,55 млрд АҚШ доллары** болатын борыштық капитал тартты. Биржадағы сауда айналымы 2021 жылы шамамен **300 млн АҚШ долларына** жетіп, 2020 жылғы көрсеткіштен 5 еседен астам асып түсті, бұл пандемияның өршуіне және әлемдік қор нарықтарындағы дағдарысқа қарамастан биржа қызметінің жақсы көрсеткіштерін паш етеді.

Қаржы технологиялары, құрылыс, ауыл шаруашылығы, банк ісі, қаржы қызметтері және т.б. сияқты экономика секторларына инвестициялардың көлемі **4,3 млрд АҚШ долларына** (2021 жылы +3,4 млрд АҚШ доллары) жетті.

«Белдеу және жол» бастамасы бойынша ынтымақтастық аясында Құрылыс банкі және Даму банкі сияқты әлемдік ауқымдағы Қытайдың ірі банктері АХҚО экожүйесінің бір бөлігіне айналды. 2021 жылдың соңында банктер тау-кен өнеркәсібі, мұнай мен газ саласындағы бірқатар инвестициялық жобаларды шамамен **2,7 млрд АҚШ долларына** қаржыландырды.

АХҚО-НЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ХАБ РЕТІНДЕ ДАМУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАР

Инвестициялық мүмкіндіктер туралы хабардарлықты арттыру

Ұлттық инвестициялық платформаны (ҰИП) әзірлеу

2021 жылы Бірыңғай инвестициялық платформаны құру жөніндегі жоба «Цифрландыру, ғылым және инновация арқылы технологиялық серпіліс» ұлттық жобасының іс-шаралар тізбесіне енгізілді. АХҚО базасында орналасқан ҰИП-ты іске асыру жөніндегі жобалау кеңсесі қазіргі уақытта бизнес-талаптарды талдау, ҰИП-тың техникалық талаптарын және бірқатар стратегиялық жобалар үшін негізгі ақпараттық панельдерді енгізе отырып, жұмыс прототипін әзірлеу жұмысын жүргізді.

Қазіргі уақытта АХҚО Азия даму банкінің халықаралық сарапшыларымен ынтымақтастықта (АДБ гранты бойынша) платформа тұжырымдамасын, техникалық тапсырманы және ҰИП үшін бюджеттік инвестициялық ұсынысты нақтылауды қоса алғанда, инвестициялар тарту жүйесінің барлық қатысушыларын (мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор, инвесторлар, қаржы институттары және басқа да негізгі мүдделі тараптар) интеграциялай отырып, платформа құру бойынша талдамалық зерттеу жүргізуде.

Зерттеудің бірінші кезеңі шеңберінде негізгі мүдделі тараптармен кездесулер өткізілді және Қазақстанда инвестициялық жобалардың іске асырылуы мен инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жергілікті платформалардың функционалдығына талдау жүргізілді. Цифрлық инвестициялық платформаларды әзірлеу, енгізу және басқару саласындағы халықаралық тәжірибеге талдау жүргізілуде.

Ағымдағы жағдай мен халықаралық тәжірибені талдау нәтижелері бар аралық және қорытынды есептерді дайындауды 2022 жылы аяқтау жоспарланып отыр.

Инвесторларға арналған кепілдіктер

Стратегиялық инвестициялық келісімдер: АХҚО-да мәмілелерді құрылымдау

2021 жылдан бастап АХҚО-да тіркелген инвесторлар АХҚО юрисдикциясында ҚР Үкіметімен мемлекетпен келісілген бірқатар преференцияларды көздейтін стратегиялық инвестициялық келісімдерді тікелей жасай алады.

АХҚО Task Force инвестициялық тобы ел үшін стратегиялық маңызды экономика салаларында инвестициялар көлемі кемінде 51 млн АҚШ доллары болатын ірі жобаларды іске асыруды көздейтін осы келісімдерді пысықтауда.

2021 жылы ҚР Үкіметі шетелдік инвесторлар үшін инвестициялар қауіпсіздігінің кепілдіктерін қамтамасыз ете отырып, АХҚО юрисдикциясында Valmont Industries (АҚШ) компаниясымен осындай келісім жасасты.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру

АХҚО Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы

АХҚО өз тарапынан Қазақстанның көші-қон және салық заңнамасына тиісті түзетулерді қабылдауды, сондай-ақ АХҚО-ның «Инвестициялық салықтық резиденттік бағдарламасы туралы» актісінің жобасын әзірлеп, бекітуді қоса алғанда, Бағдарламаны табысты іске қосу үшін барлық қажетті жұмысты жүргізді.

Акт күшіне енгеннен кейін инвестициялық резиденттер тиісті инвестицияларды жүзеге асыруға айырбас ретінде өздері және отбасы мүшелері үшін бес жылға дейінгі мерзімге инвесторлық визаны ала алады. Инвестициялық резидент өзінің шетелдік кірістерін салық салудан босата отырып, Қазақстанның салық резиденті мәртебесін оңайлатылған тәртіппен ала алады.

4.2 АХҚО ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ

АХҚО алаңындағы қаржылық қызметтер көрсету саласы өскен сайын орталықты дамытудың келесі қадамы оның өңірдегі қаржылық делдалдық пен бизнесті дамыту бойынша жетекші платформа ретінде қалыптасуы болып табылады. Орталықтың халықаралық қаржы ұйымдарымен және компанияларымен байланысы нығайып, ұсынылатын өнімдер мен қызмет спектрі кеңейіп келеді.

Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласының инфрақұрылымы мен АХҚО бизнесті дамыту, инвестиция тарту үшін мінсіз орын – бұл үшін халықаралық деңгейдегі қауіпсіз реттеуші орта қамтамасыз етілген.

2021 жылдың қорытындысы бойынша АХҚО-да 60-тан астам елден 1 173 компания тіркелді, олардың ішінде финтех-стартаптар, халықаралық банктер, сақтандыру

компаниялары және т.б. бар, ал компаниялар саны 2020 жылмен салыстырғанда екі есеге жуық өсті, бұл АХҚО-ның бизнес ортаны дамыту бойынша тиімді платформа ретіндегі әлеуетін көрсетеді. АХҚО-ның жаңа қатысушыларының (2021 жылы +550) арасында Deloitte, KPMG Audit, BDO Qazaqstan, Al Saqr Islamic Bank, Plug and Play, MOST Ventures Fund, Sturgeon Capital және т.б. сияқты танымал компаниялар тіркелген.

АХҚО қатысушыларын қолдау қызметін жетілдіру және олардың өңірлік ауқымда бәсекеге қабілеттілігін арттыру шеңберінде АХҚО онлайн-тіркеу, белгілі бір қызмет түрлері үшін авторизацияланудың жеңілдетілген рәсімі, сондай-ақ финтех-компанияларды тану мен авторизациялау процесін автоматтандыру сияқты қызметтерді цифрландыру саласында жаңа технологияларды енгізуді жалғастырды.

АХҚО-ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Дәстүрлі құралдар	Ислам қаржысы	Жасыл/ Орнықты қаржы	Технологиялық / Цифрлық құралдар	
Капитал нарығы	<ul style="list-style-type: none"> • Акциялар (жай акциялар және ЖДҚ) • Облигациялар (корпоративтік, егеменді) • Биржалық инвестициялық қорлар/Биржалық ноталар 	<ul style="list-style-type: none"> • Сукук (корпоративтік, егеменді) 	<ul style="list-style-type: none"> • Жасыл, әлеуметтік және орнықты облигациялар • Жасыл және әлеуметтік несиелер • Орнықты дамуға байланысты облигациялар • ESG-есептілік • Жасыл акциялар 	Қызметтер: <ul style="list-style-type: none"> •Анонимді автоматты сауда •Нақты уақыттағы нарық деректері •Букбилдинг •РЕПО •Бағалы қағаздарға кредит беру бойынша қызметтер •Маркет-мейкер қызметтері •Мультивалюталық есеп айырысулар •Кеңейтілген есеп айырысу қызметі •Айырбастау: ЖДҚ < - > акциялар •Тізілімді жүргізу •Депозитарлық қызметтер •Кепілдерді тіркеу
	<ul style="list-style-type: none"> • IPO/SPO, Pre-IPO, облигациялар (жария және жеке), кросс-листинг, тікелей листинг • Арнайы сегменттер: • Акциялардың өңірлік нарығының сегменті (REMS) • Тау-кен компанияларына арналған сегмент • «Белдеу және жол» (BRI) сегменті 			
Сақтандыру	<ul style="list-style-type: none"> • Сақтандыру / Қайта сақтандыру • Кэптивті сақтандыру • Сақтандыру делдалдары 	<ul style="list-style-type: none"> • Такафул/ Ретакафул • Такафул операторы • Делдалдар 		
<ul style="list-style-type: none"> • Андеррайтинг/гарантиялар/кепілдіктер/актуарий қызметтері 				
Корпоративтік банктік қызмет көрсету/жеке банктік қызмет көрсету /жеке капиталды басқару	<ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік банктік қызмет көрсету – дәстүрлі/исламдық • Жеке банктік қызмет көрсету (отбасылық кеңселерді қоса алғанда) • Депозиттер, кредит желілері/исламдық несиелер, коммерциялық/синдикатталған қарыздар, СКА кепілдігімен несиелер • Корпоративтік қаржы, Дискрециялық мандаттар/консалтингтік қызметтер көрсетуге арналған мандаттар, Консалтингтік қызметтер, мәмілелер мен кастодилерді ұйымдастыру, бірігу және қосылу • Сауданы қаржыландыру (кредит желісін, кепілдіктерді, айналым капиталын, жеткізу тізбегін қаржыландыру жөніндегі шешімдерді қоса алғанда) • FICC-тіркелген кірістілік құралдары, валюта және тауарлар 		<ul style="list-style-type: none"> • Ақша аударымдары / ақша алмасу • Robo-консультациялар • Цифрлық (мобильді) банкинг • Төлемдер және электрондық ақша 	
Активтерді басқару	<ul style="list-style-type: none"> • Қорлар(жылжымайтын мүліктің инвестициялық қорларын, хедж-қорларды қоса алғанда), жеке акционерлік капитал • Ұжымдық инвестициялау схемасы (қорды басқару, брокерлік/дилерлік қызмет) • Жеке қор, Трасттық компания, Активтерді басқару компаниясы • Инвестицияларды басқару (шектеулі PSIAs, жылжымайтын мүлік) 			
Балама қаржыландыру /инновациялар	<ul style="list-style-type: none"> • Арнайы мақсаттағы компаниялар арқылы инфрақұрылымдық қаржыландыру • Құрылымдық өнімдер, Секьюритилендіру • Активтер негізінде қаржыландыру (қорларды қаржыландыру, лизинг/жалдау, жылжымайтын мүлік, әуе кемелері, лизинг) 	<ul style="list-style-type: none"> • «Жасыл» технологиялар • Көміртегі саудасы 	<ul style="list-style-type: none"> • Реттеуші технологиялар • Заң технологиялары • Краудфандинг • Венчурлық мәмілелер: Айырбасталатын нота, SAFE, KISS, Жеке орналастыру (ICO) 	
Қосалқы қызметтер (заң, бухгалтерлік, аудиторлық, рейтингтік агенттіктер, консалтинг, корпоративтік қызметтерді жеткізушілер, электрондық коммерция)				


АХҚО ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ КАРТАСЫ



KINSTELLAR



BTS·Digital



АХҚО-НЫ ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ ДАМУ ТУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ТҮЙІНДІ ЖОБАЛАР

Капитал нарығын дамыту

Әлемдік капитал нарықтарымен интеграция

Қазақстандық капитал нарығын одан әрі дамыту және әлемдік нарықпен интеграциялау мақсатында АХҚО өңірге шетелдік инвесторлардың келуіне арналған жетекші алаң болуға ұмтылуда.

Бұл міндетке халықаралық нарық қатысушыларымен және қызмет жеткізушілермен әріптестікті кеңейту, халықаралық кастодиан-банктерді тарту, бағалы қағаздар шығарылымына шетелдік инвесторлардың қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ нарықтағы өтімділікті тарту және қолдау есебінен қол жеткізілетін болады.

MSCI және FTSE индекстерінің «дамушы нарық» мәртебесін алу орта және ұзақ мерзімді перспективада дамудың негізгі бағыты болып табылады, өйткені бұл халықаралық инвесторлар үшін қазақстандық капитал нарығының қолжетімділігін, оның көлемі мен өтімділігін арттырады.

Бөлшек инвесторлар базасын дамыту

Tabys жобасы инвестицияларға арналған мобильді қосымша арқылы жергілікті инвесторлардың көбірек санын тарту арқылы бөлшек инвесторлар базасын дамытуға және өтімділікті арттыруға бағытталған. АХҚО биржасының жеке өнімі – биржалық ноталар (ETN) қазақстандық инвесторларға жаһандық нарық индекстеріне (BlackRock, Vanguard және US Commodity Funds басқаратын ETF) инвестициялай отырып, Tabys арқылы ең аз шығынмен өз инвестицияларын әртараптандыруға мүмкіндік береді.

2021 жылдың шілдесінде АХҚО биржасы Қазақстанмен байланысты компаниялар акцияларының нарықтық капиталдандыруының өлшенген индексі болып табылатын жеке AIX Qazaq Index (AIXQI) іске қосты. Tabys инвесторларына AIXQI-ге тіркеулі 2 ETN де қолжетімді. АХҚО биржасы сондай-ақ қосымша ETN шығаруды жоспарлап отыр, ал Tabys-та шығарылатын ең жақын өнімдердің бірі Орталық Азияда криптовалютаға тіркеулі алғашқы биржалық құрал iX Bitcoin ETN болады.

Активтерді және жеке тұлғалардың дәулетін басқару нарығын дамыту

АХҚО халықаралық және жергілікті ойыншылардың талаптарына сәйкес келетін активтерді және жеке тұлғалардың әл-ауқатын басқару нарығына арналған толыққанды платформаны ұсынады. АХҚО реттеуші актілеріндегі соңғы өзгерістер жылжымайтын мүлік инвестициялық қорлары, тікелей инвестициялар және венчурлық капитал қорлары сияқты қорлардың жаңа түрлерін орталық қатысушылары ретінде тіркеуге мүмкіндік берді.

Орталық Азияда алғаш рет АХҚО жеке капиталды тиімді құрылымдауға, қаржыны басқаруға және жоспарлауға

мүмкіндік беретін ағылшын құқығының қағидаттарына негізделген траст тұжырымдамасын енгізді.

Құқықтың континенталдық жүйелерінде трасттарға балама ретінде жиі пайдаланылатын жеке қорлар АХҚО-да танылған.

Әртүрлі құқықтық жүйелердің қаржылық өнімдерін пайдалану мүмкіндігі инвесторлар мен олардың кеңесшілеріне мәмілелерін жалпы құқықтың да, азаматтық құқықтың да нормалары бойынша өздеріне ең қолайлы әдіспен құрылымдау мүмкіндігін береді.

Сақтандыру және қайта сақтандыру нарығын дамыту

Қазақстан Ұлттық Банкі және АХҚО қаржылық реттеушісінің ынтымақтастығымен 2021 жылғы желтоқсанда күшіне енген АХҚО-да валюталық реттеу және жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәлімет беру қағидалары қабылданды. Қағидалар АХҚО қатысушыларының қаржылық және кәсіби қызметтерді көрсетуіне байланысты валюталық операцияларды жүргізудің шарттары мен тәртібін, АХҚО қатысушыларының Қазақстан Республикасының

резиденттеріне көрсететін қаржылық және кәсіби қызметтерінің тізбесін айқындайды.

Осы қағидаларға сәйкес АХҚО сақтандыру компаниялары Қазақстан Республикасында дамымаған ерікті сақтандыру мен қайта сақтандыру қызметтерін, климаттық тәуекелдер, исламдық және ерікті сақтандыру мен қайта сақтандыру, апаттық тәуекелдер, терроризм тәуекелдері, саяси, кибер тәуекелдер және т.б. сияқты сақтандырудың жаңа бағыттарын ұсына алады.

Жаңа қаржы құралдарын енгізу

АХҚО-ның Исламдық қаржы және бизнес хабы

2021 жылы Хаб исламдық қаржы компанияларын жергіліктендіруді, сукук шығаруды, ислам қаржысы саласындағы сауаттылық пен хабардарлықты арттыруды қоса алғанда, Қазақстанда Исламдық қаржыландыруды дамыту жөніндегі Жол картасын іске асыруға баса назар аударды. Тұтастай алғанда, Хаб қызметі озық халықаралық тәжірибеге және әлемдік стандарттарға сәйкес ислам қаржысы индустриясының инфрақұрылымын, құқықтық және реттеуші базасын одан әрі дамытуға тоғыстырылған.

Жасыл қаржы орталығы

Пандемия кезінде әлемдік қоғамдастық тек жасыл жобаларды ғана емес, тұрақты дамуға инвестицияларды қалыптастыратын әлеуметтік жобаларды да қаржыландыруға назар аударуда.

Жаһандық пандемияның экономикалық және гуманитарлық салдарын жоюға және алдын алуға байланысты әлеуметтік жобалар тақырыбына әлемдік инвесторлардың өсіп келе жатқан қызығушылығы

әлеуметтік, орнықты немесе орнықтылықпен байланысты облигацияларды шығару сияқты орнықты қаржыландыруды белсендірек ілгерілету есебінен Орнықты даму мақсаттарын қолдауда АХҚО рөлін кеңейту туралы мәселені өзекті етеді.

Жасыл және әлеуметтік облигациялармен қатар соңғы жылдары жасыл кредиттеу нарығы, яғни экологиялық маңызды жобаларға кредиттер – жасыл кредиттер беру екіпінді дамып келеді. Банк құралдарының жақсы зерттелгенін және ішкі нарыққа белгілі екенін ескере отырып, шағын және орта кәсіпорын тұлғаларындағы әлеуетті қарыз алушылардың кеңірек ауқымы үшін қолжетімді жасыл кредиттеу нарығын дамыту шағын жасыл жобаларды дамытуға ықпал етеді.

2021 жылы АХҚО Жасыл қаржы орталығы қаржыландыру құралдарының кең спектрін, соның ішінде жасыл және әлеуметтік облигацияларды, жасыл және әлеуметтік кредиттерді пайдалана отырып, бірнеше жобаны жүзеге асырды, нәтижесінде 68 млрд теңге (158 миллион АҚШ доллары) көлемінде инвестиция тартуға мүмкіндік берді.

Цифрлық қаржы орталығын дамыту

Цифрландырудың екпінді процесіне және Төртінші өнеркәсіптік революцияның әсеріне жауап ретінде АХҚО жаңа технологияларды зерттеуде, енгізуде және масштабтауда жеке және мемлекеттік секторларды қолдау үшін инновациялардың мүмкіндіктерін пайдаланады.

АХҚО цифрлық дәуірдің сын-тегеуріндеріне жауап беретін динамикалық финтех-экожүйені және қаржы орталығын дамыту бойынша өз қызметін негізінен Төртінші өнеркәсіптік революцияның (4IR) Үлестес орталығы жобасының іске қосылуының, жаңа технологияларды қолдау мен инновацияларды ынталандыру бойынша қолайлы ортаны қамтамасыз ететін Тех Хабты дамыту жөніндегі тиімді реттеуші базаның енгізілуінің арқасында жалғастыруда.

Электрондық резиденттік (e-Residence)

АХҚО қатысушылары үшін цифрлық экожүйені құруға бағытталған жоба АХҚО-ның цифрлық өнімдері мен қызметтеріне, орталықтың өзінің және серіктестері желісінің эксклюзивті ұсыныстарына қолжетімділікті ұсынатын AFINA мобильді қосымшасын сәтті іске қосты. e-Residence порталында тіркелген пайдаланушылар саны 1700-ге жетті, бұл ретте АХҚО қатысушыларына 1000-нан астам қызмет онлайн форматта көрсетіледі.

e-Residence порталындағы АХҚО қатысушылары үшін қолжетімді қызметтердің спектрі үнемі кеңейіп отырады, ал 2022 жылдың соңына қарай Қазақстанның шетелдегі елшіліктерінде елде физикалық қатысусыз ЖСН мен ЭЦҚ алу қызметтері енгізіледі. Сондай-ақ 2022 жылдың басынан e-Residence порталында АХҚО қатысушыларына банк шоттарын онлайн форматта ашуға мүмкіндік пайда болады.

Редомициляция мүмкіндіктері

АХҚО ҚР Үкіметінің қазақстандық ұлттық компаниялардың еншілес ұйымдарын шетелдік юрисдикциялардан АХҚО-ға көшіру жөніндегі бастамасына белсенді түрде қатысады.


Тәуелсіз юрисдикцияны және реттеудің жоғары стандарттарын қамтамасыз ете отырып, АХҚО құқықтық мәртебесін, ұйымдық-құқықтық формасын, корпоративтік құрылымын, сондай-ақ міндеттемелерін, активтерін, банктік шоттарын және реттелетін қызметке лицензияларын, соның ішінде қолданыстағы салықтық артықшылықтарын есепке ала отырып сақтап, юрисдикцияны өзгертісі келетін компанияларға редомициляция бойынша қызметтер ұсынады. Компаниялар портфельдерін, кредиттік рейтингтерін, құқықтары мен контрагенттер алдындағы міндеттерін көшіре алады.

Қазіргі уақытта Бермуд аралдарының юрисдикциясынан ҚазМұнайГаз еншілес компаниясы Kazakhstan Energy

Reinsurance Company (KERC) Ltd. АХҚО-ға табысты редомициляциясының прецеденті бар.

АХҚО қағидаларына сәйкес, егер шетелдік юрисдикцияда тыйым салынбаса, компанияны кез келген шетелдік юрисдикциядан АХҚО юрисдикциясына көшіру мүмкіндігі бар. Дегенмен, шыққан елдің қолданыстағы юрисдикциясы оның заңнамасына сәйкес тікелей ауыстыруды қарастырмайтын жағдайларда балама тетіктер ұсынылуы мүмкін.

2022 жылы АХҚО квазимемлекеттік секторға өз компанияларының редомициляциясы мәселесі бойынша қолдау көрсетуді жалғастырады. Осылайша, алдағы екі жылда ұлттық компаниялардың шетелдік юрисдикцияларда орналасқан тоғыз еншілес ұйымын редомициляциялау процесін өткізу жоспарлануда. Сонымен бірге АХҚО мемлекеттік мүлікті реттейтін актілерге өзгерістер енгізуге байланысты заңнамалық процеске белсенді түрде қатысуда, бұл квазимемлекеттік сектордың компанияларына АХҚО құқығына сәйкес құрылған ұйымдарға қатысуға мүмкіндік береді.



Заң қызметтері нарығын дамыту

АХҚО заң қызметтерінің реттеушілік режимі

АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясының шеңберінде АХҚО юрисдикциясын одан әрі дамытудың стратегиялық мақсаттарының бірі заң қызметтерін реттеу режимін енгізу болып табылады.

Заң қызметтерінің стандарттарын, сапаны бақылауды, этика кодексін, заң білімінің стандарттарын және АХҚО қатысушылары жалдаған консультанттар мен кеңесшілерге арналған заң қызметтері бойынша оқыту курстарын өткізуге қойылатын талаптарды енгізу жоспарлануда.

Реттеу режимі заң консультанттарын реттеу және тіркеу жөніндегі уәкілетті орган ретінде АХҚО Заң қызметтері жөніндегі кеңесін құруды көздейді. Осылайша, болашақ режим шеңберіндегі реттеу тетіктері заң қызметтерін көрсету кезіндегі құзыреттіліктің, біліктілік пен адалдықтың жоғары кәсіби стандарттарын қамтамасыз етуге ұмтылатын болады.

Тұтастай алғанда, ұсынылып отырған реттеу режимі АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасын түсіну мен тәжірибені жақсартады және осылайша халықаралық аренадағы жетекші қаржы орталығы ретінде АХҚО-ның табысты болуына ықпал ете отырып, халықаралық қатысушыларды көбірек тартады деп күтілуде.

АХҚО Law Pro Bono кеңсесі

АХҚО Law Pro Bono кеңсесі АХҚО юрисдикциясының шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша заңгерлік консультацияларға қолжетімділік беру үшін бірегей платформаны ұсынады. АХҚО Law Pro Bono кеңсесі заңгер жалдауға мүмкіндігі жоқ жеке тұлғалар мен компания өкілдеріне тегін консультация алуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні 70 pro bono сессиясы өткізілді, 148 клиентке тегін консультация берілді.

АХҚО Law Pro Bono кеңсесі сот төрелігіне және тегін заң көмегіне қолжетімділікті жеңілдету бойынша жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыра алады деп болжануда, осыған байланысты бұл жұмыс 2022 жылы жалғасады.

5. ӨСУ ФАКТОРЛАРЫ



Жергілікті инвестициялық хаб және өңірлік қаржы орталығы болу мақсатын қолдау үшін АХҚО бірегей қаржы өнімдерін ұсына отырып және үздік әлемдік дәстүрлерді ұстану арқылы бизнесті жүргізу үшін қолайлы орын ретінде өңірлік деңгейде өз орнын нығайтуға ұмтылады. АХҚО орталықтың экожүйесінде 1 100-ден аса компания жұмыс істеп тұрса да, жоғары мақсаттарға жетудің маңыздылығын мойындайды, орталық перспективасы бар және алдағы жылдарға даму үрдістерін айқындайтын қызмет бағыттарын кеңейтуге ерекше назар аударады.

Біз декарбонизация, цифрландыру, адам капиталы рөлінің күшеюі және өңірлік интеграция сияқты дамудың жаңа бағыттарының әсерінен әлемдік экономиканың қалай өзгеріп жатқанын байқап отырмыз. Бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз ету үшін АХҚО осы факторларды оның одан әрі өсуін және кейіннен қаржы орталығының позициясын нығайтуды қамтамасыз ету үшін пайдаланады.

5.1 ЖАСЫЛ ӨСУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ

АХҚО Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) Қазақстан мен Орталық Азиядағы жасыл қаржыны дамытуға жәрдемдесу үшін құрылған. Негізгі мақсат – жасыл, әлеуметтік облигациялар және кредиттер сияқты қаржылық құралдарды пайдалана отырып, орнықты экономикаға инвестиция тарту. ЖҚО сондай-ақ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдарға, жеке компанияларға да жасыл қаржы және орнықты даму саласында стратегиялық және бизнес консультациялар береді. ЖҚО әлеуетті эмитенттерге/қарыз алушыларға, инвесторларға және нарық қатысушыларына капитал нарығында орнықты қаржыландыруды тартуға көмектеседі.

Қоршаған ортаның және климаттық өзгерістер аспектілерінің маңыздылығын, сондай-ақ осы өзгерістер үшін орнықты қаржыландырудың өсіп келе жатқан маңыздылығын түсіне отырып, орталық **2025 жылға дейін жасыл қаржы саласындағы АХҚО-ның өңірлік көшбасшылығы стратегиясын** іске асыру бойынша жұмысты жалғастыруда. 2021 жылы Қазақстанның жасыл өсуге көшуі шеңберінде ЖҚО АХҚО-ның орнықты

қаржыландыру қағидаттарына бейілділігі туралы мәлімдемесін, АХҚО биржасында тіркелген компаниялар үшін ESG есептілігі жүйесін қоса алғанда, орнықты қаржыландыру саласындағы тиісті бастамаларды енгізді, сондай-ақ Орталық Азиядағы «Белдеу және Жол» үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңсесін іске қосты.



Citigroup инвестициялық және корпоративтік банкінің Үкімет пен мемлекеттік сектордың жаһандық блогының басшысы, АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңестің мүшесі Джули Монако:

«Қазақстан Республикасының Үкіметімен қатар «Астана» халықаралық қаржы орталығы Қазақстанның жасыл өсу саласындағы реттеушілік ортасы мен саясатын әзірлеуге қатысу арқылы елдегі жасыл қаржыландырудың дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосты. Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының Жасыл облигацияларының қағидаттарын, сондай-ақ АХҚО биржасы әзірлеген Жасыл облигациялар қағидаларын сақтау ірі халықаралық капитал нарықтары сақтайтын стандарттарға сәйкес келеді және сайып келгенде, жасыл жобаларды қаржыландыруды дамытуға жәрдемдеседі».



2021 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

\$158 млн

(68 млрд теңге) ЖҚО арқылы жасыл және әлеуметтік облигациялар және жасыл кредиттер түрінде тартылған инвестициялар.

\$43 млн

(18,4 млрд теңге) АХҚО биржасында Самұрық-Энерго ұлттық компаниясының жасыл облигацияларының ең ірі шығарылымы.

₸7,9 млрд

Налык Банк-тің Kaz Green Energy компаниясын жасыл кредиттеу бойынша жобаның жалпы сомасы. ЖҚО жобаға тәуелсіз бағалау жүргізді.

ЖҚО атынан Нұр-Сұлтан қаласы Жаһандық жасыл қаржы индексында (GGFI) «Шығыс Еуропа және Орталық Азия» өңірінде екі рет

1 -орынға ие болды.

ЖҚО капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығы (ICMA) орнықты қаржы құралдарын тәуелсіз бағалаудың провайдері ретінде таныған Орталық Азиядағы жалғыз компания.

ҚР Үкіметі **жаңа Экологиялық кодексте** АХҚО ұсынған нормаларды, **Жасыл таксономия** жобасын және **«Бизнестің жол картасы-2025»** Мемлекеттік бағдарламасына жасыл кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді және жасыл облигациялар бойынша купондық мөлшерлемелерді субсидиялау жөніндегі түзетулерді бекітті.

UNEP FI қолдауымен АХҚО алаңында **ESG-есептілік** жүйесін әзірлеу бойынша іске асырылған жоба аяқталды.

2021 жылдың мамыр айынан бастап ЖҚО «Белдеу және Жол» бастамасы аясында **Орталық Азиядағы Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңсесі** атанды

ЖАСЫЛ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ

Қазақстан мен Орталық Азиядағы жасыл қаржыны дамытуға жәрдемдесу үшін ЖҚО Орталық Азиядағы қаржы институттары арасында жасыл инвестиция қағидаттарын ілгерілету және өңірде орнықты қаржыландыру ауқымын кеңейту жөніндегі миссиясын жалғастыруда. ЖҚО арқылы шығарылған жасыл және әлеуметтік облигациялардың көлемі 2021 жылдың аяғында әлеуметтік жобаларды және жаңартылатын энергия көздері мен энергия тиімділігі саласындағы жобаларды іске асыру үшін **158 млн АҚШ долларын (68 млрд теңге)** құрады. ЖҚО жан-жақты қолдауымен Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығының жалпы көлемі **250 млн АҚШ долларынан (110 млрд теңге)** асты.

2020 жылы АХҚО биржасында 6-шы жыл сайынғы Climate Bonds Awards марапаттау рәсімі барысында «жасыл нарықтың пионері» деп танылған «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының жасыл облигацияларының дебюттік шығарылымы орнықты облигациялар нарығын дамытудағы маңызды кезең болды. 2022 жылы Қазақстанда жасыл қаржыландыру құралдарын одан әрі ілгерілету үшін жаңа өнімдерді енгізуді жалғастыру жоспарлануда.

2021 жылы АХҚО Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексіне **жасыл қаржы, жасыл облигациялар, жасыл кредиттер, жасыл жобалар және жасыл таксономия** анықтамаларын енгізді. Сондай-ақ, ҚР Кәсіпкерлік кодексінде жасыл кредиттер мен жасыл облигацияларды пайдалану кезінде бизнесті экономикалық ынталандыру шараларын, атап айтқанда, жасыл жобаларды іске асыру үшін кредиттік және купондық мөлшерлемелерді субсидиялауды нақтылайтын ілеспе нормалар да бекітілді.

2021 жылдың қазан айынан бастап **«Бизнестің жол картасы – 2025»** бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жасыл кредиттер мен жасыл облигацияларды пайдаланатын кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қолдау көрсету шаралары, атап айтқанда, жасыл жобалар үшін кредиттік және купондық мөлшерлемелерді субсидиялау енгізілді.

2021 жылдың желтоқсанында ҚР Үкіметі жасыл облигациялар мен жасыл кредиттер арқылы қаржыландырылатын **Жасыл жобалардың таксономиясын** бекітті. Алдағы уақытта ЖҚО Қазақстан үшін әлеуметтік жобалардың таксономиясын әзірлеуді және елді декарбонизациялау және энергетикалық трансформациялау саласындағы соңғы басымдықтарды ескере отырып, жасыл жобалардың қолданыстағы таксономиясын жаңартуды жоспарлап отыр.

2021 жылы Капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығы (ICMA) ЖҚО-ны **жасыл және әлеуметтік облигациялар шығарылымдары верификаторларының халықаралық тізіліміне (External Review Service Mapping)** енгізді, бұл оның әдіснамалары мен тәсілдерінің тәуелсіз верификаторларға арналған ICMA қағидаттарына және саланың халықаралық стандарттарына сәйкестігін тану болып табылады.

ЖҚО ұсынатын сыртқы шолуларды Лондон қор биржасы (LSE) жасыл облигациялардың арнайы сегментінде - Sustainable Bond Market (SBM) саудаланатын облигациялар үшін де таниды.

ESG-ЕСЕПТІЛІК ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Орнықтылықтың неғұрлым жоғары деңгейіне бірқалыпты өту үшін **АХҚО-ның орнықты қаржыландыру қағидаттарына бейілділігі туралы** мәлімдемесі ынтымақтастықтың бірінші кезеңінде АХҚО биржасында листингтелетін компаниялар үшін ESG-есептілігін енгізуге назар аударуды ұсынады.

БҰҰ-ның Қоршаған ортаны жөніндегі бағдарламасы аясында ЖҚО қорларды немесе активтерді басқарушыларды, бағалы қағаздар эмитенттерін қоса

АХҚО-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫНА БЕЙІЛДІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақстанның орнықты даму басымдықтарына қол жеткізуге және 2021 жылы ESG факторларын белсенді басқаруға жәрдемдесу үшін АХҚО өзінің Орнықты даму қағидаттарына бейілділігі туралы мәлімдемесін ұсынды, ол қаржы индустриясында орнықты дамуды енгізу бойынша ерікті қағидаттарының кешені болып табылады:

- ESG факторларын басқаруға, стратегияға және тәуекел-менеджментке интеграциялау
- Жасыл қаржы құралдарын қолдану
- ESG-ге қатысты тиісті есептілікті және ақпаратты ашуды ілгерілету
- Орнықты қаржыландыруды дамыту үшін барлық стейкхолдерлер арасындағы коммуникация мен әлеуетті арттыруды жақсарту

алғанда, АХҚО биржасында листингтелетін компаниялар үшін ерікті ESG-есептілігі бойынша нұсқаулық әзірледі.

Орта мерзімді перспективада ірі эмитенттер мен активтерді басқарушылар үшін «сақта немесе түсіндір» қағидаты бойынша талаптарды қабылдау ұсынылады. Алдағы 5-6 жылда ірі компаниялар үшін міндетті есептілікке өту болуы керек, ал қалған жария компаниялар мен активтерді басқарушыларға «сақта

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ «БЕЛДЕУ ЖӘНЕ ЖОЛ» ҮШІН ЖАСЫЛ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ ӨҢІРЛІК КЕҢЕСІ

Өңірде орнықты қаржы хабын құру бойынша одан әрі күш-жігерінде ЖҚО 2018 жылы Қытай қаржы және банк ісі қоғамының Жасыл қаржы комитеті мен City of London корпорациясының Жасыл қаржы бастамасының бірлесіп әзірлеген **«Белдеу және Жол» үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарының (GIP) бірінші өңірлік Орталық Азиялық кеңсесінің** іске қосылуын қолдады. 14 ел мен әлемнің өңірлерінің 39 қол қоюшысы мен 11 ұйымы қолдайтын Жасыл инвестициялар қағидаттары корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, экологиялық тәуекелдерді азайту бойынша нақты шараларды ұсынуға және жасыл қаржыландыру құралдарын пайдалануды ынталандыруға арналған 7 қағидатты қамтиды.

ЖҚО өкілдік ететін өңірлік кеңсе GIP-ке қатысты өнімдер

мен іс-шаралар туралы білімді тарату, жасыл, төмен көміртекті және климаттың өзгеруіне төзімді инвестицияларды жүзеге асыруға мүдделі тараптарға қолдау, сондай-ақ GIP жасыл жобаларының дерекқоры арқылы өңірлік жасыл жобалар үшін халықаралық капитал нарықтарына қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс атқарып жатыр.

Орталық Азиядағы GIP кеңсесі ретіндегі қызметі шеңберінде ЖҚО Қырғызстан мен Өзбекстанның жергілікті қаржы институттарымен және реттеуші органдарымен жұмыс істей бастады, сондай-ақ орнықты қаржыландыруды ілгерілету бойынша Қырғызстан Банктер одағымен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.



Самұрық-Энерго Басқарма төрағасы Сұңғат Есімханов:


«Қазақстан, бүкіл әлем сияқты, уақыт өте келе қазба отындарын – мұнай мен көмірді ығыстыратын жаңартылатын энергия көздерін кеңінен қолдануға 4-ші энергетикалық көшу кезеңіне өтуде. Жасыл экономикаға көшудің жаһандық трендтері, стейкхолдерлердің ESG-талаптарының артуы Самұрық-Энерго үшін сын-тегеуріндерге айналуға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты компания өзінің Даму стратегиясында жасыл экономикаға көшудің бағыттарын белгілеп, оған қол жеткізуге сеніммен қадам басып келеді. Біз Жасыл қаржы орталығына, Nalyk Finance пен АХҚО қор биржасына бірлескен жұмысы үшін алғыс айтамыз».


АХҚО-НЫҢ БҰҰ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА (ОДМ) ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

АХҚО-ның миссиясы БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму күн тәртібіне және біздің негізгі құзыреттерімізге негізделген БҰҰ-ның Даму мақсаттарына қол жеткізуге үлесіне сәйкес келеді. АХҚО 4, 5, 7, 8, 9, 11, 13, 16, 17 Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) басымдықты бөліп шығарды. ОДМ-ды біздің есептілікке интеграциялау орнықты қаржыландыруға мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жақсырақ ден қоюға көмектеседі. Төменде тиісті ОДМ-ге сілтемелері бар АХҚО-ның түйінді бастамалары мен жобаларының қысқаша мазмұны берілген.

Орнықты даму мақсаттары (ОДМ)	Тиісті міндеттер	Түйінді бастамалар мен жобалар
<p>ОДМ 4</p> <p>4 САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ</p> 	<p>4.4 2030 жылға қарай жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін қажетті дағдылары, оның ішінде кәсіптік-техникалық дағдылары бар жас және ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросының (ҮҚДБ), соның ішінде құрылған АХҚО базасында құрылған QWANT инновациялық бағдарламалау мектебінің жобаларын одан әрі дамыту және жетілдіру, Alfarabi толық циклді цифрлық білім беру платформасы және әртүрлі кәсіби салалардағы құзыреттіліктерді арттыру үшін білім беру нарығын құру мақсатындағы кәсіпқойларға арналған «Болашақ университеті» платформасын іске қосу арқылы цифрлық экономикадағы кәсіпқойларды, болашақ көшбасшыларды даярлауға бағытталған дағдылар мен құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Құқық және бизнес салаларындағы мамандарға, инвестицияларды тартуға жауапты жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың уәкілетті қызметкерлеріне арналған түрлі құқықтық тақырыптар бойынша заң білімі бағдарламалары мен АХҚО Құқық академиясының қолдауы. Жас мамандар үшін АХҚО-да заңгерлік тәжірибе бағдарламаларын тұрақты жүргізу. ҮҚДБ адам әлеуетін арттыру үшін үзіліссіз кәсіби даму саласындағы халықаралық кәсіби сертификаттауларды ұсынуды жалғастыруда; 2021 жылдың соңына қарай ҮҚДБ-да CFA/Инвестициялық талдау, FRM/ERP/Қаржылық тәуекелдер негіздері, ACCA, CIMA, CIA, HRCI, PMI, Ислам қаржысы және CMC,CGI/Корпоративтік басқару сияқты сертификаттау бағыттары бойынша 8 мың маман қайта даярлаудан өтті. АХҚО экожүйесіне және тұтас нарыққа кәсіби қызметтер ұсыну, сондай-ақ жұмыс орындарын құру мақсатында ҮҚДБ жүзеге асыратын А-PRO жобасын одан әрі іске асыру. 2021 жылы АХҚО кадрлық резерві 14 мың кандидатқа жетті, олардың әрқайсысы заманауи үрдістер мен нарық талаптарына толығымен сәйкес келеді. Ағылшын тілін, инвестициялық сауаттылықты, сондай-ақ аналитикалық зерттеушілік және көшбасшылық дағдыларды жақсартуға мүмкіндік беретін Қазақстанның барлық өңірлерінің ЖОО студенттері мен түлектеріне

Орнықты даму мақсаттары (ОДМ)	Тиісті міндеттер	Түйінді бастамалар мен жобалар
		<p>арналған ҮҚДБ-ның «Шабыттандыратын көшбасшылық» тағылымдамасының онлайн-бағдарламасы.</p> <ul style="list-style-type: none"> Жалпы жұртшылық арасында қаржылық сауаттылық пен исламдық қаржы туралы хабардарлық деңгейін арттыру мақсатында АХҚО Исламдық қаржы және бизнес хабы ШОБ, қаржы нарығының және мемлекеттік органдарының өкілдері, Қазақстан университеттері үшін тұрақты түрде әртүрлі оқыту дәрістерін өткізеді.

<p>ОДМ 5</p> <p>5 ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК</p> 	<p>5.с Гендерлік теңдікті мадақтау және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін бүкіл деңгейлерде кеңейту мақсатында парасатты стратегиялар мен міндетті түрде сақталуы тиіс заңдарды қабылдау және жетілдіру</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО бизнестегі әйелдердің білім алу және инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған өзінің W4E (Women's Economic Empowerment, Education and Entrepreneurship) бастамасын іске қосты. АХҚО бастамасымен Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумының «Гендерлік теңсіздікті жою» акселераторының жаһандық желісіне қосылған Еуразиядағы бірінші ел болды. Мемлекеттік және жеке сектор өкілдерімен бірлесіп әзірлеген іс-қимылдар жоспарына сәйкес, АХҚО Қазақстандағы акселератордың жергілікті үйлестірушісі ретінде әйелдерге жақсы мүмкіндіктер жасау, оларды жетекші орындарға жылжыту және әйелдерді экономиканың жылдам өсіп келе жатқан секторларында қайта жұмысқа орналасуға дайын болатындай етіп қайта мамандандыру арқылы олардың жұмыс күшіне қатысуын арттыру бойынша жұмыс жүргізуде.
--	--	---

<p>ОДМ 7</p> <p>7 ҚЫМБАТ ЕМЕС ЖӘНЕ ТАЗА ЭНЕРГИЯ</p> 	<p>7.а 2030 жылға қарай экологиялық таза энергетика саласындағы зерттеулер мен технологияларға, оның ішінде жаңартылатын энергетикаға халықаралық өзара іс-қимылды жандандыру, энергия тиімділігін және қазбалы отынды пайдаланудың алдыңғы қатарлы және неғұрлым таза технологияларды арттыру, энергетикалық инфрақұрылымға және экологиялық таза энергетика технологиясына инвестицияларды көтермелеу</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ның Еуразиялық даму банкімен орнықты жобаларды жүзеге асыру үшін қаржыландыруды ұсыну бөлігіндегі ынтымақтастығы.
---	--	--

Орнықты даму мақсаттары (ОДМ)	Тиісті міндеттер	Түйінді бастамалар мен жобалар
	7.b 2030 жылға қарай дамушы елдерде, атап айтқанда ең нашар дамыған елдерде, шағын аралдық дамушы мемлекеттерде және теңізге шыға алмайтын дамушы елдерде олардың тиісті қолдау бағдарламаларын ескере отырып, барлығын заманауи және тұрақты энергиямен қамсыздандыру үшін инфрақұрылымды кеңейту және технологияларды жаңғырту	<ul style="list-style-type: none"> Жасыл жобаларды экономикалық ынталандыру және жергілікті және халықаралық капитал нарықтары арқылы жасыл инвестицияларды тарту жолымен АХҚО жасыл инфрақұрылымын дамыту.
ОДМ 8 8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ	8.3 Өнімді қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін дамуға бағдарланған саясатты жүргізуге ықпал ету және микро-, шағын және орта кәсіпорындарды, оның ішінде оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы ресми танылуын және дамуын көтермелеу	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ның жаңа кәсіпорындар мен өндірістерге инвестиция тарту есебінен жаңа жұмыс орындарын құруға қосқан үлесі. Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту үшін АХҚО биржасының Өңірлік акциялар нарығы сегментін (REMS) дамыту.
	8.10 Ұлттық қаржы мекемелерінің барлығына банктік, сақтандыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті көтермелеу және кеңейту қабілетін нығайту	<ul style="list-style-type: none"> 2021 жылдың желтоқсанында күшіне енген Валюталық реттеу және АХҚО-да жүргізілетін валюталық операциялар туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары бекітілді. Қағидалар АХҚО қатысушыларының қаржылық және кәсіби қызметтер көрсетуіне байланысты валюталық операцияларды жүргізудің шарттары мен тәртібін, сондай-ақ АХҚО қатысушыларының Қазақстан Республикасының резиденттеріне көрсететін қаржылық және кәсіби қызметтерінің, оның ішінде банк және сақтандыру салаларындағы, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы қызметтерінің тізбесін айқындайды.

Орнықты даму мақсаттары (ОДМ)	Тиісті міндеттер	Түйінді бастамалар мен жобалар
ОДМ 9 9 ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ, ИННОВАЦИЯЛАР, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ	9.4 2030 жылға инфрақұрылымды қайта жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барлық елдердің таза ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді белсенді қолдану олардың орнықты жақсарту, қайта бөлу	<ul style="list-style-type: none"> Жасыл жобаларды экономикалық ынталандыру және жергілікті және халықаралық капитал нарықтары арқылы жасыл инвестицияларды тарту жолымен АХҚО жасыл инфрақұрылымын дамыту. Климат бойынша жоғары деңгейдегі жұмыс тобының шеңберінде ЕАЭО жол картасын әзірлеу: жасыл және бейімделу жобаларының үлгі таксономиясын жасау. АХҚО-ның орнықты қаржыландыру қағидаттарына бейімділігі туралы мәлімдемесін әзірлеу және қабылдау және ESG-есептілігі бойынша нұсқаулықты әзірлеу.
	9.b Дамушы елдердегі отандық технологиялар саласындағы әзірлемелерді, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, оның ішінде өнеркәсіпті әртараптандыру және шикізат салаларындағы қосылған құнды ұлғайту жолымен қолайлы саяси ахуал жасау	<ul style="list-style-type: none"> 4ӨР басқаруының жаңа ортасын қалыптастыруға ықпал ету үшін АХҚО-да Дүниежүзілік экономикалық форумның Төртінші өнеркәсіптік революциясының (4ӨР) Үлестес орталығын құру. Орталық Азиядағы және өңірдегі финтех-стартаптар қоғамдастығына АХҚО-ның қолдау көрсетуі. Орталық Азия мен өңірдің технологиялық стартаптарына инвестицияларды қолдайтын Venture Rocket Eurasia платформасын іске қосу. АХҚО органдары мен олардың ұйымдарының ғылым және инновацияларды басқару саласындағы жергілікті сараптаманы дамытуға қосқан үлесі.

ОДМ 11 11 ТҰРАҚТЫ ҚАЛАЛАР ЖӘНЕ ЕЛДІ МЕКЕНДЕР	11.6 2030 жылға қарай жан басына шаққанда қайта есептеу кезінде, оның ішінде ауа сапасына және қалалық және басқа да қалдықтарды жоюға ерекше назар аудару арқылы қалалардың жағымсыз экологиялық әсерін азайту	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ның инвестицияларды тартуға жәрдемдесу арқылы жасыл және орнықты жобаларды қолдау.
---	---	---

Орнықты даму мақсаттары (ОДМ)	Тиісті міндеттер	Түйінді бастамалар мен жобалар
<p>ОДМ 13</p> <p>13 КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕС</p> 	<p>13.2 Климаттың өзгеруіне ден қою шараларын саясатқа, стратегияларға және ұлттық деңгейдегі жоспарлауға енгізу</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО қаржы индустриясының Париж келісімінің мақсаттарына және Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына жету бойынша мақсатына қол жеткізу үшін экономиканы түрлендіруге деген күш-жігерін қолдайды. Орнықтылық АХҚО-ның 2025 жылға дейінгі даму стратегиясының орталық құрамдас бөлігі болды. АХҚО-ның 2017 жылы Орнықты қаржы орталықтарының халықаралық желісін құруға қосқан үлесі, АХҚО биржасының «Белдеу және Жол» үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарына (GIP) бейілділігі, сондай-ақ жақында Жасыл қаржы орталығының (ЖҚО) қолдауымен Жасыл инвестициялар қағидаттарының Орталық Азиядағы өңірлік кеңсесінің ашылуы АХҚО-ның орнықты даму құндылықтарына бейілділігін көрсетеді.
	<p>13.3 Ағарту, ақпаратты тарату және адамдар мен мекемелердің климат өзгерісінің қауіптілігін жеңілдету және салдарын әлсірету, оларға бейімделу және ерте ескерту бойынша мүмкіндіктерін жақсарту</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жыл сайынғы Жасыл өсу форумын, орнықты даму, жасыл қаржыландыру және климаттық күн тәртібі мәселелері жөнінде семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру.
	<p>13.a Климаттың өзгеруі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының негіздемелік Конвенциясының қатысушылары болып табылатын дамыған елдердің өздеріне қабылдаған климаттың өзгеру салдарының қауіптілігін жеңілдету бойынша сындарлы шараларды қабылдау контекстінде дамушы елдердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін және олардың жүзеге асырылуының айқындығын қамтамасыз ету үшін 2020 жылға дейін ортақ күш-жігермен барлық көздерден \$100 млрд жыл сайынғы жұмылдыру мақсатына қол жеткізу міндеттемесін орындау, сондай-ақ Жасыл климаттық қорды мүмкіндігінше ең қысқа мерзім ішінде капиталдандыру арқылы оның толық ауқымды жұмыс істеуін қамтамасыз ету</p>	<ul style="list-style-type: none"> ЖҚО 2021 жылы көлемі 250 млн АҚШ долларын құраған Қазақстандағы орнықты қаржыландыру нарығының катализаторына айналды. ЖҚО Банктер мен қаржылық реттеушілерге арналған нұсқаулық әзірлеу үшін дайындық бағдарламасы шеңберінде орнықты қаржыландыру құрамбөлігін іске асыру үшін Жасыл климаттық қорға өтінім берді.

Орнықты даму мақсаттары (ОДМ)	Тиісті міндеттер	Түйінді бастамалар мен жобалар
<p>ОДМ 16</p> <p>16 БЕЙБІТШІЛІК ӨДІЛДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ИНСТИТУТТАР</p> 	<p>16.3 Ұлттық және халықаралық деңгейлерде құқық үстемдік құрысына ықпал ету және сот төрелігіне бәрінің бірдей қол жеткізуін қамтамасыз ету.</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығында (ХТО) дауларды шешу бойынша әлемдік деңгейдегі қызметтерді ұсыну. АХҚО юрисдикциясы шеңберінде туындайтын мәселелер бойынша бір реттік тегін консультациялар беру үшін АХҚО Law Pro Bono кеңсесінің жұмыс атқаруы.
	<p>16.5 Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрлерін едәуір қысқарту</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО органдары мен олардың ұйымдарының АХҚО Этика кодексін және парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты ішкі саясаттарды қатаң сақтау.
	<p>16.6 Барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және ашық институттар құру</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО өзінің Этика кодексін Лондондық Іскерлік этика институтының қолдауымен, ал АХҚО органдарына арналған корпоративтік басқару қағидаттарын корпоративтік басқару жөніндегі халықаралық сарапшыларымен және TheCityUK-мен кеңесе отырып әзірледі.
<p>ОДМ 17</p> <p>17 ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН СЕРІКТЕСТІК</p> 	<p>17.16 Барлық елдерде, атап айтқанда дамушы елдерде тұрақты даму міндеттеріне қол жеткізуді қолдау үшін білімді, тәжірибені, технологияларды және қаржы ресурстарын жұмылдыратын және алмастыратын көпжақты серіктестікпен толықтырылатын орнықты даму мақсатындағы жаһандық серіктестікті нығайту</p>	<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ның әлеуетті арттыру және жасыл өсу мен орнықты дамуды ілгерілету үшін заң шығарушы және атқарушы билік органдарының кәсіби қоғамдастығымен, азаматтық қоғам институттарымен, жергілікті қоғамдастықтармен және бизнес-қоғамдастықтармен өзара іс-қимылы. Тәжірибе алмасу және АХҚО-ның орнықты дамудың үздік практикалары мен қағидаттарына сәйкес болуы мақсатында халықаралық серіктестермен (KPMG, VISA, Климаттық облигациялар бастамасы, Бейжің қаржы және орнықты даму институты, Орнықты даму қаржы орталықтарының халықаралық желісі, БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы) ынтымақтастық. Климат бойынша жоғары деңгейдегі жұмыс тобының шеңберінде ЕАЭО жол картасын әзірлеу: жасыл және бейімделу жобаларының үлгі таксономиясын жасау. ЖҚО – Орталық Азиядағы «Белдеу және Жол» үшін Жасыл инвестициялар қағидаттарының өңірлік кеңсесі; әлеуетті арттыру, жасыл жобалардың дерекқорын дамытуға жәрдемдесу және өңірде орнықты қаржыландыру масштабын кеңейту бойынша іс-шаралар жүргізу.

5.2 ӨҢІРЛІК ИНТЕГРАЦИЯ

Соңғы бірнеше жылда біз экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, «Белдеу және Жол» бастамасы шеңберіндегі де, пандемия жағдайында экономикалық өсуге ықпал ететін басқа да өңірлік бастамалар шеңберіндегі де ауқымды еларалық инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға бағытталған интеграциялық процестерге байланысты өңірдің қарқынды дамуын байқап келеміз. Елдер арасындағы серіктестіктердің және оларды жүзеге асыру жөніндегі ұзақ мерзімді келісімдердің пайда болуы өндірістік кооперацияны дамытуды және қосылған құн тізбегін құруды талап ететін өңірлік интеграцияның жоғарырақ деңгейін куәландырады.

ӨҢІРДЕГІ ДАМУДЫҢ ТҮЙІНДІ БАҒЫТТАРЫ

Өңір елдерінің әртараптандырылған инвестициялық жобаларынан тұратын тартымды, сапалы пулы бар **Өңірлік тікелей инвестициялар орталығы**

Жалпы құқық негізіндегі сот жүйесі мен коммерциялық дауларды реттеуі бар **Дауларды шешу жөніндегі өңірлік орталық**

Табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, энергия тиімділігіне және климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартуға бағытталған **Орнықты дамуды қаржыландырудың өңірлік орталығы**

Инновациялар мен цифрлық трансформацияны реттеудің жетілдірілген тетіктері, саясаты, рәсімдері мен қағидаттары бар **Технологиялар мен инновацияларды дамытудың өңірлік орталығы**

Адами капиталды, білім мен ғылымды дамытуға, сондай-ақ өңірден жоғары білікті мамандарды тартуға ықпал ететін **Өңірлік құзырет орталығы**

Бұл өз кезегінде өңірде инвестицияларды қаржыландырудың толыққанды жүйесін қалыптастыруды талап етеді және дәл осы жерде АХҚО өңір елдерінің де, өңірде мүддесі бар әлемнің кез келген елдерінің компаниялары қатысатын мәмілелерді құрылымдау үшін ең қолайлы платформа бола алады.

2021 жылы АХҚО-мен ынтымақтастыққа және ол ұсынатын мүмкіндіктерге қызығушылық танытқан өңірдің кейбір елдерінің қатысуымен бірқатар үкіметаралық іс-шаралар, соның ішінде Қырғызстан, Беларусь республикаларының Ресей өңірлері (Татарстан, Башқұртстан) өкілдерімен жоғары деңгейдегі кеңестер өткізілді, олардың барысында тараптар ынтымақтастықтың ықтимал бағыттарын талқылады.

Сонымен қатар, 2021 жылғы желтоқсанда АХҚО Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстанның қаржылық реттеуші органдарының, сондай-ақ бірқатар халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдерімен жоғары деңгейдегі кеңес өткізді, оның нәтижесінде қаржы жүйесін бірлесіп дамытудың және АХҚО алаңы арқылы өңірге инвестиция тартудың маңыздылығы атап көрсетілген Бірлескен мәлімдеме жасалды.

Құқықтық жүйе мен коммерциялық дауларды реттеу жалпы құқық негізінде жұмыс істейтін бейтарап жерлерді іздеуі АХҚО-ны дауларды реттеу бойынша өңірлік орталық үшін ең қолайлы орынға айналдырады. Технологиялық мүмкіндіктер АХҚО соты мен Халықаралық төрелік орталығына географиялық кедергілерді еңсеруге және электронды тіркеу жүйесі мен бейне тыңдаулар арқылы сот төрелігіне тиімді қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, АХҚО ұсынған және Жаһандық жасыл қаржы индексінің (GGFI) «Шығыс Еуропа мен Орталық Азия» өңірінде көшбасшы болып табылатын Нұр-Сұлтан қаласы, сондай-ақ Жасыл қаржы орталығының одан арғы бастамалары АХҚО-ның орнықты дамуды қаржыландырудың жетекші өңірлік орталығы ретінде рөлін нығайтуға ықпал етеді.

Осы артықшылықтарды пайдалану мақсатында 2021 жылдың соңында АХҚО 2025 жылға дейінгі өңірлік интеграция тұжырымдамасын қабылдады, онда өңірде орталықты дамытудың түйінді бағыттары белгіленген.

5.3 ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

АХҚО Тех Хабы – Қазақстандағы стартап-экожүйені, венчурлық нарықты, электронды коммерцияны, корпоративтік инновацияларды және жаңа технологиялық бағыттарды (GovTech, SatelliteTech, 4ӨР және т.б.) дамытуға жәрдемдесуге жауапты АХҚО ұйымы. Халықаралық серіктестермен ынтымақтастықта Тех Хаб нарыққа қатысушыларды қолдау бағдарламаларын жүргізеді, венчурлық мәмілелерді құрылымдауға және АХҚО юрисдикциясындағы реттеуші құм алаңы шеңберінде жаңа финтех шешімдерін тестілеуге жәрдемдеседі.

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

АХҚО-ның финтех-қатысушыларының айналымы

\$10 млн

құрайды.

АХҚО аумағында өткізілген инвестициялық мәмілелердің көлемі

\$4,5 млн

асты.

АХҚО-дағы венчурлық мәмілелердің көлемі

\$7 млн

асты.

Тех Хаб қатысушысы-стартаптар

\$4 млн

көлемінде инвестициялар тартты.

Орталық Азия мен басқа да өңірлердегі стартаптарды дамыту жөніндегі

70 қатысушысы

тіркелген.

Барлық Орталық Азиядан

135+ стартап

Тех Хаб тарапынан қолдау тапты. 37 стартап халықаралық алаңдарда ұсынылды, солардың біреуі БАӘ-нің Әбу-Даби қаласындағы FinTech форумындағы байқауда жеңімпаз болды.

26 стартап

конвертацияланатын несие шарттарына қол қою, сондай-ақ стартаптар акцияларын жеке орналастыру және сатып алу арқылы АХҚО алаңында мәмілелер жасасты.

Технологиялар мен инновацияларды дамыту саласында АХҚО өткізген

80+ шеберлік сыныптар мен семинарлар.



**АХҚО Басқарушысы
Қайрат Келімбетов:**

«Тех Хаб Қазақстандағы мүлде жаңа индустрия – халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істейтін венчурлық капитал индустриясын бастап берді, жылдың қорытындысы бойынша оның көлемі 7 млн астам АҚШ долларына жетті. Қазақстан алғаш рет Global Fintech Index 2021 еніп, Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерінің арасында 13-орынға ие болды».



**ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ
ОРТАЛЫҒЫ (4ӨР ОРТАЛЫҒЫ)**

Цифрлық революцияның күшеюімен АХҚО барлық салаларда болып жатқан өзгерістер бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді де, бәсекелестік артықшылықтарды кейін пайдалану, сондай-ақ Төртінші өнеркәсіптік революцияның әлеуетін толыққанды іске асыру үшін тиімді шешімді талап ететін сын-тегеуріндерді де ұсынатынын түсінеді.

Осыған орай, 2021 жылдың шілдесінде АХҚО аумағында **Дүниежүзілік экономикалық форумның Қазақстандағы Төртінші өнеркәсіптік революциясының Үлестес орталығы** ресми түрде ашылды.

4ӨР Орталығы Қазақстанның және тұтас өңірдің инновациялық дамуына елеулі әсер ететін ең жаңа технологияларды меңгеру үшін қолайлы орта құру мақсатында Орталық Азияның мемлекеттік органдары мен бизнес құрылымдарын біріктіреді. Осы ынтымақтастықтың арқасында Қазақстанның бизнес қоғамдастығы, сондай-ақ АХҚО қатысушылары ДЭФ мүшелерімен іскерлік қарым-қатынас орнатып, Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық серіктестік желісіне қосыла алады. Қысқа мерзімді перспективада 4ӨР Орталығы заттар интернеті технологияларын және деректер саясатын қоса алғанда, **Индустрия 4.0 тұжырымдамасының** элементтерін енгізу стратегиясын әзірлеуді жоспарлап отыр.

2021 жылдың желтоқсанында Қазақстанның 4ӨР Орталығы БАӘ Төртінші өнеркәсіптік революциясының серіктес орталығымен тәжірибе алмасу және 4ӨР ұлттық стратегияларын әзірлеу, сондай-ақ жаңа технологиялар саласындағы жергілікті деңгейдегі мемлекеттік-жекеменшік бастамалар салаларында ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізді.

ФИНТЕХ-СТАРТАПТАР

Fintechstars – Қазақстан мен Орталық Азиядағы экожүйені және қолма-қол ақшасыз экономиканы дамытуға ықпал ететін нарыққа қолжетімді жаңа финтех-шешімдерді көбейтуге бағытталған стартаптарды қолдау бағдарламасы. Бағдарлама аясындағы жобалар нарықтың қаржылық ойыншыларына жаңа технологияларға, бірлескен бастамаларға қолжетімділікті, сыртқы нарыққа шығуды, сондай-ақ үздік сарапшылардың білікті көмегін алуды ұсынады.

КОРПОРАТИВТІК ИННОВАЦИЯЛАР

Тех Хаб инновацияларға ашық компаниялар, акселераторлар, инкубаторлар, инновациялық хабтар, зертханалар, өнім технологиясының командалары және корпоративтік венчурлық қорлар үшін платформа құру арқылы Қазақстандағы корпоративтік инновациялар нарығын дамытады. Корпорациялар мен стартаптар үшін бірқатар білім беру бағдарламалары жүргізілуде, корпоративтік акселераторларға қолдау және көмек көрсетілуде, жергілікті және шетелдік нарықтарда технологиялық шешімдер мен командалардың скаутингі жүргізілуде.

2021 жылдың шілдесінде АХҚО Тех Хабы Интернет бастамаларды дамыту қорымен (ИБДҚ) бірлесіп және басты серіктес **Mastercard** халықаралық төлем жүйесінің қолдауымен Қазақстандағы банктер үшін **бірінші финтех-акселератордың** іске қосылғаны туралы хабарлады. Altyn Bank, Еуразиялық банк және Фридом Финанс Банкі акселераторға қатысушылар болды.

Бағдарлама технологиялық көшбасшылықты қолдау және Қазақстанның қаржы секторында ашық инновациялар тәжірибесін енгізу үшін Қазақстан мен ТМД елдеріндегі стартаптардың үздік финтех-шешімдерін іздеуге және тартуға бағытталған болатын. 300 өтінімнің көпшілігі Ресей мен Қазақстанның стартаптарынан түскен, ал стартаптардың 70%-дан астамы ірі корпорацияларда пилоттау тәжірибесіне ие болған. Ақпараттық қауіпсіздік, геймификация, серіктестік қызметтерді дамыту, робототехника, қызметкерлер онбордингі және оқыту, маркетингтік дербестендіру, үлкен деректерді өңдеу және т.б. салаларындағы шешімдерді ұсынған 11 стартап финалист атанды.



**Дүниежүзілік экономикалық форумның
Президенті Бёрге Бренде:**

«Төртінші өнеркәсіптік революция орталықтарының жаһандық желісіне қосылу арқылы Қазақстан әлемге адамдарға бағдарланған, инклюзивті және әділ қағидаттармен реттелетін жаңа технологияларды енгізетінін мәлімдеуге дайын.

Қазақстандағы 4ӨР Орталығы заңнамалық кедергілерді азайту және жаңа технологияларды енгізу үшін нақты алғышарттар жасау мақсатында инновацияны реттеу тетіктерін, саясатын, рәсімдері мен қағидаттарын жетілдіруге, сондай-ақ технологиялық салаларда әлемдік сала көшбасшыларымен жасанды интеллект, заттар интернеті, робототехника, блокчейн және басқа да өзекті бағыттарда өзара тиімді ынтымақтастық құруға мүмкіндік береді».



ВЕНЧУРЛЫҚ КАПИТАЛ

Venture Capital (VC) Support – мақсаты венчурлық капиталдың салауатты экожүйесін құру, Орталық Азия мен ТМД стартаптарының инвестиция тарту және мәміле жасасу мүмкіндіктерін, сондай-ақ АХҚО-да мәмілелерді қайта құрылымдау әлеуетін арттыру болып табылатын АХҚО Тех Хабының жақында құрылған бөлімшесі.

2021 жылдың басында АХҚО Тех Хабы жаһандық зерттеу және инновациялық Titanium Technologies компаниясымен бірлесе отырып, **VentureRocket Eurasia** стартаптарды басқаруға және инвестициялауға арналған платформаны іске қосты, ол қаржыландырудың балама тетіктерін ұсынып, өңірдегі стартаптар үшін қаражат тарту мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Цифрлық платформа бірінші класты технологиялық жобаларға халықаралық аккредиттелген, кәсіби және институционалдық инвесторлармен ынтымақтастық орнатуға көмектеседі, сондай-ақ венчурлық жобалар жасау бойынша әртүрлі қызметтерді ұсынады (стратегиялық жоспарлау, инвесторлық желі, технологиялар және F3TKJ, реттеу, таланттарды дамыту, жаһандық нарықтарға масштабтау және т.б.).

Бұл – өңірлік және жаһандық капитал көздерін тартуды көздейтін Орталық Азиядағы стартаптар үшін алғашқы бірлесе инвестициялау алаңы. Өз кезегінде, инвесторлар үшін бұл платформа тексерілген стартаптарды табуға, басқа серіктестермен бірге инвестициялауға және қолдау қызметтерін алу мақсатында экожүйенің басқа қатысушыларының жаһандық желісіне кіруге мүмкіндік береді.

Тех Хаб Titanium Technologies компаниясымен бірлесіп венчурлық капитал нарығына қызығушылықты арттыруға бағытталған бірнеше іс-шаралар өткізді. АХҚО қатысушысы Namba Group-тың (Қырғызстан) MOST Ventures Fund жеке венчурлық қорының көмегімен 1 млн АҚШ доллары сомасында инвестиция тартқанын мысал ретінде келтіруге болады.

2021 жылдың соңына қарай АХҚО Тех Хабының қолдауын алған венчурлық мәмілелердің жалпы көлемі 7 млн АҚШ долларынан асты, оның ішінде мәмілелердің шамамен 22%-ын жеке тұлғалар немесе періште-инвесторлар тобы қаржыландырды. Инвестициялар синдикаттар арқылы жүзеге асырылады, ал бизнесті тіркеу үшін қолжетімді баламалы ұйымдық-құқықтық формалардың үлкен таңдауының болуының арқасында АХҚО пайдалану үшін қолайлы платформа болып табылады.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР ОРТАЛЫҒЫ

Құрылған күнінен бастап АХҚО Тех Хабы Mastercard, Plug and Play, GenerationS, Дүниежүзілік банк Тобының Халықаралық қаржы корпорациясы, KPMG, Kinstellar заң фирмасы және т.б. сияқты белгілі халықаралық ойыншылармен серіктестікте Қазақстан мен өңір нарығы туралы 15-тен астам техникалық есеп жариялады.

2021 жылы келесі есептер жарияланды



Финтех 2021: Орталық Азиядағы пайда болып жатқан венчурлық капитал нарығы

International Comparative Legal Guides – жаңалықтар шолуы, практиканың 58 саласындағы 192-ден астам юрисдикцияның заңнамасының талдауы бар құқықтық әртүрлі салалары бойынша нұсқаулықтар сериясын ұсынатын жетекші жаһандық платформа. Fintech 2021 арнайы шығарылымы Қазақстан мен Орталық Азиядағы венчурлық капиталды дамыту бойынша АХҚО бастамаларына шолу жасауға арналды, ол құқықтық және реттеуші базаны, салықтық жеңілдіктерді, практикалық нұсқаулықты және қолда бар прецеденттерді қамтиды.



Қазақстан стартаптарының экожүйесі

АХҚО Тех Хабы Tuz Ventures-пен серіктестікте жүзден астам стартаптар мен жергілікті сарапшылар арасында сауалнама жүргізіп, Қазақстанның стартаптар экожүйесіне алғашқы зерттеу жүргізді. Зерттеуге сондай-ақ «Зерде» холдингі, Astana Hub, Tech Garden және MOST та қатысты. Есеп технологиялық кәсіпкерлерге нарық пен бәсекелестер туралы түсінік алу үшін, мемлекеттік органдарға елдің инновациялық экожүйесін жақсырақ түсіну үшін, ал инвесторларға нарықты зерттеу және инвестициялық шешімдер қабылдау үшін пайдалы болады. Зерттеуге сәйкес, соңғы 2 жылда нарыққа шыққан стартаптардың көпшілігі Қазақстан нарығындағы ең елеулі өсіп жатқан үш секторға жатады: электрондық коммерция (e-commerce), білім беру (EduTech) және қаржылық технологиялар (FinTech).



Open Banking

АХҚО-ның Mastercard халықаралық төлем жүйесімен бірлесіп дайындаған зерттеуі Open Banking-тің жаһандық және қазақстандық нарығын терең зерттейді. Мұнда ашық банкингі дамытудың артықшылықтары мен негізгі драйверлері, әлемдік реттеу тәсілдері, банктердің серіктес қызметтермен өзара іс-қимылының практикалық тәжірибесі ұсынылған. Ашық банкингі дамытудың негізгі мақсаттары, зерттеуге сәйкес, қосымша табыс алу мүмкіндігі, клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру, сондай-ақ қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады.



Қазақстандағы финтех-стартаптар нарығының зерттеуі

АХҚО Тех Хабы Қазақстандағы финтех-стартаптар нарығына зерттеу жүргізіп, стартап профильдерінің, карталаудың, инвестициялар мен серіктестіктердің салалық талдауын, сондай-ақ назар аударуға тұрарлық 15 перспективті стартап туралы ақпаратты ұсынды. Сондай-ақ есепте АХҚО-ның елдегі және өңірдегі финтех-нарықты дамытуға қосқан құнды үлесі де атап өтілген. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы стартап секторы әлі де қалыптасып жатқанын көрсетеді, өйткені респонденттердің 72%-ы дамудың ерте сатысында, олар 1-3 жыл бұрын іске қосылған. Ең танымал финтех-бағыттары – төлемдер, аударымдар, мобильді әмияндар (20%) және қаржылық бағдарламалық жасақтама/бэк-және мидл-кеңсе шешімдері (18%). Географиялық тұрғыдан алғанда, стартаптардың көпшілігі Қазақстан немесе ТМД нарығына бағытталған.



АХҚО-ның венчурлық капитал бойынша практикалық нұсқаулығы (т.1)

2020 жылы венчурлық мәмілелер көлемінің айтарлықтай өскенін байқай отырып, АХҚО Тех Хабы Қазақстандағы KPMG Tax & Legal және Kinstellar заңгерлік фирмасымен серіктестікте АХҚО-дағы венчурлық капитал бойынша практикалық нұсқаулық әзірледі. Бұл нұсқаулық АХҚО-ның заңды тұлғаларды, венчурлық қорларды және басқарушы компанияларды тіркеуге және рұқсат етуге қоятын талаптарын сипаттайды. Сондай-ақ мұнда инвестициялық мәмілелерді құрылымдаудың және инвесторлар үшін «шығу» стратегияларының ықтимал әдістері ашылған. Делавэр, Кипр және АХҚО салық режимдерінің салыстырмалы талдауы ұсынылған, бұл инвестициялау мен жергілікті және шетелдік капиталды тартуға балама юрисдикцияларды қарастыратын инвесторлар мен стартаптар үшін пайдалы болады.



CorpUp Kazakhstan 2021

Корпоративтік инновациялардың құралдарын енгізу бойынша практикалық ұсынымдары бар, нарықты халықаралық және қазақстандық корпорациялардың (Beeline Kazakhstan, BTS Digital, BI Group, Халық банкі, ChocoFamily, Metro Cash & Carry, PepsiCo, MTC, LENTA және т.б.) үздік практикаларымен таныстыратын Қазақстанның корпоративтік инновациялар нарығы туралы алғашқы аналитикалық есеп, сонымен қатар Қазақстанның 10 үздік инновациялық корпорациясының рейтингін ұсынады.

АХҚО ТЕХ ХАБЫ ҰСЫНАТЫН АРТЫҚШЫЛЫҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Салалардың цифрлық трансформациясы	GovTech	BigTech soft landing	Стартаптарды жаһандық қамту
жаңа бизнес-модельдер мен табысты арттыру бағытындағы цифрлық шешімдер мен автоматтандырудың көмегімен ШОБ бизнес-процестерін жетілдіру.	цифрлық экожүйені және адами капиталды дамыту.	Тех Хаб халықаралық технологиялық компанияларға Қазақстанда мемлекеттік қызметтер мен заңгерлік консультациялар алуға көмекті қоса алғанда, компанияларды тіркеу қызметтерін ұсынады.	АХҚО Тех Хабы инвестициялар тарту және өсуді масштабтау үшін стартаптар экожүйесіне өзінің жергілікті және өңірлік серіктестерінің кең желісін ұсынады.

ЦИФРЛЫҚ АХҚО

АХҚО Тех Хабын дамыту финтех экожүйесін құруға көбірек бағытталған, ал АХҚО Digital сонымен қатар үш стратегиялық басымдыққа назар аудара отырып, мүдделі тараптар үшін платформалар мен өнімдерді жасауға бағдарланған.

Цифрлық трансформация шеңберіндегі қызмет пен жобалар АХҚО-ның барлық органдары мен олардың ұйымдарының тиімді жұмысын арттыру және қолдау арқылы АХҚО-ның сыртқы нарықтарға шығуға дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған.

1-басымдық. Цифрлық ғасырға сай қаржы орталығы.	2-басымдық. Нарық пен персоналдың қажеттіліктеріне бейімделетін қаржы орталығы.	3-басымдық. Өзара іс-қимыл жасауға жеңіл қаржы орталығы.
АХҚО қызметкерлері мен қатысушылары күнделікті өмірде оңтайлы және ыңғайлы қызметтер мен жұмыс тәсілдерін алуды күтеді, бұл үшін цифрлық дағдылар мен мүмкіндіктер жетілдірілуде, сондай-ақ қажетті нәтижелерге жету үшін технологиялық ұйымдармен ынтымақтастық жүргізілуде.	АХҚО ағымдағы бизнес-процестерді талдау бойынша жұмыс істеуде және барлық қажеттіліктерді қанағаттандыру және бірқалыпты цифрлық трансформацияны қамтамасыз ету үшін автоматтандыру әдістерін ұсынады.	Өзара тиімді іс-қимыл үшін АХҚО қатысушыларының қажеттіліктері мен талаптарын қанағаттандыратын және мемлекеттік органдармен минималды іс-қимылды қамтамасыз ететін қарапайым және түсінікті қызметтер қажет. Цифрлық қызметтер де қауіпсіз, ыңғайлы және пайдаланушылардың таңдауы бойынша кез келген құрылғыдан оңай қолжетімді болуы керек.



e-Residence

Әлемнің кез келген нүктесінен бизнесті онлайн құруға және жүргізуге арналған цифрлық платформа. Пайдаланушылардың сұрақтары бойынша өзекті ақпаратты алуға, өз ісі мен банк шотын ашуға мүмкіндіктері бар. АХҚО-ның әлеуетті қатысушылары компанияны орта есеппен бір күнде тіркей алады. Платформа іске қосылғаннан бері тіркелген пайдаланушылар саны 1700 адамнан асты. Онлайн түрде қолжетімді қызметтердің саны 50-ден асады. 2022 жылы АХҚО қатысушылары үшін банк шоттарын онлайн ашу мүмкіндігі пайда болады.

Көмекші қызметтерді жеткізушілердің маркетплейсі (ASP) e-Residence платформасының бөлігі ретінде іске қосылды. Бұл платформа ASP бизнесін дамыту және оны АХҚО аумағынан тыс масштабтау үшін негіз болып қызмет атқарады.



AFINA

Мобильді қосымша e-Residence экожүйесінің бөлігі ретінде АХҚО экожүйесінде және одан тыс жерлерде іскерлік байланыстарды орнатудың балама арнасы ретінде қызмет етеді. AFINA-ны енгізумен АХҚО қатысушылары үшін қызметтерді көрсетудің көп арналы тәсілі дамып келеді.



Alpharabius



Студенттерге арналған білім берудің толық циклді онлайн платформасы. Alpharabius студенттерге ішкі таланттар мен дағдыларды анықтауға, мансаптық мақсаттарды қоюға, университетті таңдауға, икемді дағдылар мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін дамытуға көмектеседі.



Accessible, Transparent, Efficient.



eJustice

Тараптарға әлемнің кез келген нүктесінен электронды түрде АХҚО сотына және ХТО-ға онлайн талапарыз беруге мүмкіндік беретін онлайн портал. Бұл портал талапарыз беруден бастап, заң құжаттарын қарау және әрбір талапарыз бойынша түпкілікті үкім шығаруға дейінгі барлық процесті автоматтандыруға мүмкіндік берді.



QWANT

Инновациялық бағдарламалау мектебі Қазақстанның цифрлық экономикасының болашақ көшбасшыларын дайындауға арналған. QWANT студенттерге болашақта қажет болатын АТ саласындағы озық дағдыларды алуға кепілдік беретін, бағдарламалық жасақтаманың Кремний алқабындағы жетекші әзірлеушілері әзірлеген платформаны ұсынады.



Tabys app

Бөлшек инвесторларға инвестициялық мүмкіндіктердің кеңірек ауқымын ұсынатын мобильді қосымша. Қазіргі уақытта жоғары кірісті АҚШ корпоративтік облигациялары және жоғары дивиденді бар компаниялар сияқты эталондық индекстерді қадағалайтын әртүрлі ETN тіркелген

5.4 АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

Үзіліссіз кәсіби дамуды қолдау және таланттардың өңірлік экожүйесін құру бойынша АХҚО-ның күш-жігері аясында АХҚО органдары мен олардың ұйымдары академиялық ортамен және бизнеспен серіктестікте болашаққа қажетті адами капитал дағдыларын дамыту бойынша шараларды жүзеге асыруда.

Үзіліссіз кәсіби даму бюросы (ҮКДБ) үзіліссіз кәсіби даму, кәсіби қоғамдастықтарды қалыптастыру және қолдау, нарық кәсіпқойларының қолжетімді сараптамасы мен ашық диалогы үшін цифрлық платформалар құру арқылы адами капиталды дамытуға ұмтылады.

ҮКДБ келешек ұрпақты дайындауға және таланттарды цифрлық дамытуға бағытталған бастамалар арқылы цифрлық технологиялар саласына тартуға ықпал етеді. Цифрлық дағдыларға сұраныстың жыл сайын артып келе жатқанын ескере отырып, Бюро өңірлік деңгейде қызметтерді кеңейту арқылы таланттарды дамытуға бағдарланған орнықты және инклюзивті оқыту экожүйесін құру бойынша жұмыс жасауда.

ҮКДБ негізі қаланған сәттен бастап Қазақстандағы жаңа білім беру индустриясының, EdTech саласының дамуы мен

қалыптасуына үлкен үлес қосты. Осы жылдар ішінде нарыққа шығып, заманауи реалитарға тез бейімделген түрлі саладағы **8 мыңға жуық маман** қайта даярланды. Бюро сонымен қатар көптеген компанияларға/ стартаптарға қолдау көрсетті, сондай-ақ Nobel Fest, Quantum STEM school, Astana IT University, the Cosmos project, Talantiz, Geometry, Atlant, Welldone, Aero, Neurostorm, Tamos және т.б. сияқты бірлескен курстар мен бастамаларды іске қосты.

IQWANT

QWANT – ойын, ұжымдық және жобалық оқыту қағидаттары негізінде әзірленген инновациялық бағдарламалау мектебі. Мектеп Қазақстан, АҚШ, Қытай, Ресей, Венгрия, Кувейт, Италия, Канада, Сауд Арабиясы, Польша, Норвегия және Ұлыбританиядан келген 600-ден астам АТ-таланттарды дайындады. 2021 жылы QWANT мектебі мектепке дейінгі тәрбиеден бастап өмір бойы білім алуға дейінгі білім беруді ұсынатын HolonIQ компаниясының Ресей мен ТМД өңіріндегі ең перспективті 100 стартаптың беделді EdTech рейтингісіне енді.

QWANT ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен АТ-таланттарды дамытуға және техникалық білімнің қолжетімділігіне жәрдемдесу үшін белсенді түрде ынтымақтасады. Educational IT Alliance және Microsoft Kazakhstan компаниясымен ынтымақтастықта 2021 жылы жоғары сынып оқушылары арасында бағдарламалау бойынша бірінші QWANT олимпиадасы өткізілді, оған Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінен 280-нен астам қатысушы жиналды. Бұдан басқа, мектеп 9-11 сынып оқушыларына арналған жазғы мектеп, АХҚО юрисдикциясында цифрлық тағылымдамадан өту, жаңадан бастаушыларға Reactors бағдарламаларын және тәжірибелі бағдарламашыларға Upskill оқыту сияқты бағдарламаларды өткізді.

UNIVERSITY OF THE FUTURE

Learn.Develop.Achieve.

Болашақ университеті – көшбасшылық көзқарастар мен дағдыларды қалыптастыруға негізделген кәсіби оқытуды ұсынуға бағытталған кәсіби дамудың цифрлық платформасы. Кәсіби дамудың түйінді бағыттарына қаржы, инвестициялық менеджмент, тәуекелдерді, жобалар мен персоналды басқару, бухгалтерлік есеп, ислам қаржысы, қаржылық технологиялар және корпоративтік басқару жатады.

Болашақ университеті Қазақстандағы да, ТМД өңіріндегі де кәсіпқойлар мен корпоративтік клиенттер үшін оқыту мен дамытудың инновациялық, тиімді және кешенді шешімдерінің жетекші жеткізушісі болуға ұмтылады. 2021 жылдың соңына дейін платформада бизнес-тренингтерге, семинарлар мен конференцияларға, біліктілікті арттыру бағдарламаларына, CFA/Инвестициялық талдау, FRM/ERP/Қаржылық тәуекелдер негіздері, ACCA, CIMA, CIA, HRCI, PMI, Ислам қаржысы, CMC, CGI / Корпоративтік басқару дайындық курстарына қатысқан **8000 маман** оқытылды

Academy of Law

АХҚО Құқық академиясы – АХҚО құқығы бойынша білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ халықаралық коммерциялық құқық практикасын іске асыру мақсатында құрылған білім беру платформасы. Платформа білім беру және оқыту курстары, судьялар, заңгерлер, медиаторлар мен төрешілерге арналған семинарлар арқылы адами капиталды дамытуға бағытталған. Құқық академиясы озық халықаралық практикалар негізінде құрылғанмен, Қазақстан мен Орталық Азияның экономикалық және әлеуметтік жағдайларына бейімделген.

Құқық академиясы өз қызметін бастағаннан бері **30-ға жуық заң білімін беру бағдарламасын** ұйымдастырды, оған мыңға жуық тыңдаушы қатысты. Бұдан басқа, құқық саласына маманданып жүрген 43 дарынды студент АХҚО Құқық академиясы АХҚО юрисдикциясымен және құқықтық бастамалармен студенттерді таныстыру мақсатында жыл сайын өткізетін тағылымдаманың онлайн-бағдарламасына қатысты.

2021 жылдың соңына қарай Құқық академиясы **AIFC Legal Talks-тың 8 іс-шарасын** өткізді, оған барлығы 455 қатысушы қатысты. **АХҚО-ның Құқықтық конференциясы** аясында 9 мыңнан астам қатысушы АХҚО юрисдикциясына және оның артықшылықтарына, жалпы қолдану мен қаржылық реттеудің АХҚО заңнамалық базасындағы өзгерістерге, құқықтық технологияларға, көлік заңнамасына және заң білімінің болашағына арналған сессияларға қатысты.

Құқық академиясы АХҚО қатысушылары-заң фирмаларының волонтерлерімен бірлесіп **70 сессия** өткізді, олардың барысында 148 клиент AIFC Law Pro Vono алаңында АХҚО юрисдикциясы мәселелері бойынша тегін консультациялар алды.

2022 жылы Құқық академиясы өзінің одан әрі дамуын өңірлік деңгейде танылған және сенге ие болған академия ретінде көреді. Ол көпшілік секторға қызмет көрсетуді, сондай-ақ жұмыс істейтін заңгерлердің біліктілігін көтеру, жалпы құқық саласындағы жарияланымдарды дайындау, іскерлік қатынастарды орнату бойынша делдалдық қызметтер және т.б. арқылы АХҚО-да көмекші заң қызметтерін қалыптастыруға жәрдемдесуді жалғастырады.

Құқық академиясы сондай-ақ АХҚО заң қызметтерін реттеу режимін дамыту бойынша өзінің жаңа міндеттерінің шеңберінде АХҚО мен әлемдік заң қоғамдастығы арасындағы іскерлік байланысты да нығайтады. Әзірленіп жатқан АХҚО-дағы заң мамандығын реттеу режимі Құқық академиясының заңгерлердің біліктілігін көтеру мәселелеріне белсенді түрде тартылуын талап етеді – заңгерлерге арналған үзіліссіз кәсіби даму курстарынан міндетті түрде өту туралы талап енгізіледі.

ALPHARABIUS

ALPHARABIUS – бұл студентті жеке, академиялық және әлеуметтік-экономикалық бағытта біртұтас дамыту үшін ерте мансаптық бағыт-бағдар беруге және өмірлік дағдыларға үйретуге бағытталған жоғары сынып оқушылары мен колледж студенттеріне арналған толық циклді білім беру платформасы. Студенттерге арналған ҮКДБ командасы әзірлеген бірегей курстар мен конкурстар, сондай-ақ EdTech қоғамдастығы серіктестерінің жобалары оның негізгі өнімдері болып табылады.

A-PRO

Focus & Achieve

A-PRO – АХҚО экожүйесі мен сыртқы нарық үшін персоналды іріктеу, аутсорсинг, аутстаффинг, мансап консалтингі сияқты кәсіби қызметтерді ұсынуға бағытталған табысты жоба. Жоба компаниялардың ресурстарға деген қажеттіліктерін басқаруға, дағдылардағы кемшіліктерді жоюға, персоналды іріктеу процесін оңтайландыруға, жалдау уақыты мен құнын азайтуға көмектеседі.

АХҚО кадрлық резерві **14 мыңнан астам** бастапқы деңгейдегі білікті **мамандардан** және нарықтың заманауи талаптарына толығымен жауап беретін тәжірибелі мамандардан тұрады. Кадрлық резервке қаржы, экономика, ақпараттық технологиялар, заң, бухгалтерлік есеп, тәуекелдерді, жобалар мен персоналды басқару, маркетинг және т.б. салалардағы кәсіпқойлар кіреді.

6. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУУЫ



6.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпоративтік басқарудың тиісті практикасы кез келген халықаралық қаржы орталығының табысты жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. АХҚО корпоративтік басқару жүйесін озық халықаралық практикаға сәйкес үздіксіз жетілдіруге ұмтылады.

Осылайша, орталық британдық TheCityUK қаржы институтымен серіктестікте және Ұлыбритания Үкіметінің қаржылық қолдауымен **АХҚО-ның Корпоративтік басқару қағидаттарын** әзірледі. АХҚО тарапынан профессор Александр Ван де Путт осы қағидаттарды әзірлеуге жетекшілік етті, ал командаға Ұлыбритания мен Ирландияның Дипломды басқару институтының бұрынғы бас директоры Саймон Осборн FCG консультант болды. Бірлескен күш-жігердің нәтижесінде 2020 жылдың басында қағидаттар мен оларға арналған нұсқаулықтарды әзірлеу бойынша жұмыс аяқталды, ал сол жылдың шілдесінде қағидаттарды АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес бекітті.

«Қолдан және түсіндір» қағидалары бойынша істейтін қағидаттар АХҚО-ның орнықты ұзақ мерзімді табысына ықпал ете отырып, директорлар кеңестері мен жекелеген директорлардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және ой-өрісіне әсер етуге арналған. Инвесторлар мен басқа да мүдделі тараптардың сенімін қамтамасыз етудегі корпоративтік басқарудың тиісті практикасының маңыздылығын ескере отырып, АХҚО орталықтың экожүйесінде де, одан тыс жерлерде де қағидаттарды тарату бойынша жұмыс жүргізуде.

ҮКДБ негізгі жобаларының бірі Болашақ университеті Қазақстандағы Дипломдық басқару институтының ресми

серіктесі болып табылады. Платформа Қазақстандағы корпоративтік басқару тәжірибесін, корпоративтік хатшыларды, ESG-ді, мемлекеттік, квазимемлекеттік және жеке секторлардың директорлар кеңестерін оқытады. ҮКДБ корпоративтік басқару саласындағы қазақстандық мамандарды басқару бойынша халықаралық біліктілікті ұсынатын Дипломдық басқару институтының дипломды маманы мәртебесін алуға дайындайды.

2021 жылы АХҚО Құқық академиясы, сондай-ақ ҮКДБ жобасы профессор Ван де Путтың жетекшілігімен корпоративтік басқару бойынша сертификаттау бағдарламасын ұйымдастырды. Бағдарлама корпоративтік басқарудың әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде директорлар кеңесі тарапынан қадағалаудағы жаңа аспектілерге, тиісті корпоративтік басқару құндылықтарына және олардың қағидаттарына арналды.

2021 жылдың соңында Болашақ университеті «Бәйтерек» ҰБХ-мен және ҮКДБ-мен бірлесіп, компаниялардың орнықты және инклюзивті дамуын қамтамасыз етудегі корпоративтік басқару мәселелеріне және Қазақстанда ESG стандарттарын енгізуге арналған Корпоративтік хатшылар форумын ұйымдастырды.

АХҚО-ның корпоративтік басқаруға бейілділігі корпоративтік басқарудың сенімді жүйесінде, өзектілік пен тиімділікті қамтамасыз ету үшін оның жүйелі түрде талдануында, сондай-ақ тиісті және орынды басқаруды ілгерілету және бүкіл ел бойынша компанияларға, мекемелерге және жеке тұлғаларға білімді тарату бойынша тұрақты практикасынан көрінеді.

4 Директорлар кеңесі компанияда этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын белгілейді, ал оның мүшелері оларды қатаң сақтауы керек. Компания басшылығы осы стандарттарды компанияның ішінде жаппай сақталуына жауапты.

5 Директорлар кеңесі атқарушы емес директорлар мен атқарушы басшылық арасындағы міндеттерді нақты бөлуді қамтамасыз етеді, ешбір тұлғаның дербес шешім қабылдауда шектеусіз өкілеттігі жоқ.

6 Директорлар кеңесінің құрамы оның мүшелерінің саны бойынша орынды болып табылады, тиісті білімі мен құзыретке ие, бірақ сонымен бірге үйлесімділік, икемділік және қатысу өлшемшарттарына сәйкес келеді.

7 Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде компания қызметі туралы дағдылардың, тәжірибенің, тәуелсіздік пен білімнің тиісті теңгерімі, сондай-ақ жеткілікті ресурстар, соның ішінде қажет болған жағдайда сараптамаға қолжетімділік және компания қызметіне қатысты уақтылы және жан-жақты ақпарат бар.

8 Директорлар кеңесі тиімді ішкі тәуекелді бақылауды және есептілікке қойылатын талаптарды қамтамасыз ете отырып, компанияның қаржылық және басқа есептері компанияның қаржылық жағдайы мен келешегі туралы нақты, теңдестірілген және қолжетімді бағалауы екенін кепілдендіреді.

9 Директорлар кеңесі өз стратегиялық мақсаттарына жетуі үшін қабылдауға дайын болатын компанияның тәуекел-аппетитін анықтауға жауапты.

10 Директорлар кеңесі компанияда тәуекелдерді басқарудың, ішкі бақылаудың және комплаенстің тиімді, ұйымдасқан және дұрыс біріктірілген жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

11 Директорлар кеңесінің, оның комитеттері мен директорларының қызметін жыл сайынғы қатаң бағалаудың жүргізілуін Директорлар кеңесі қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің жыл сайынғы бағалауы оның құрамы мен тиімділігін бағалауын қамтуы керек. Директорларды жеке бағалау олардың кеңес пен оның комитеттерінің жұмысына қосқан үлесін анықтауы керек.

12 Директорлар кеңесінде директорлар мен басшыларға сыйақы төлеуге қатысты саясатты әзірлеудің ашық рәсімі бар. Ешбір директор өзінің сыйақысы туралы шешім қабылдауға қатыспауы керек.

13 Директорлар кеңесі сыйақы бойынша саясаттың стратегиялық мақсаттар шеңберінде компанияның дамуын қолдау үшін әзірленуін және компанияның ұзақ мерзімді мүдделеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

АХҚО КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

1 Компанияларды тиімді директорлар кеңесі басқарады, оның негізгі мақсаты компанияның ұзақ мерзімді өсуі мен табысына, кірістілікке қол жеткізуіне және оның акционерлері үшін компанияның құнының артуына, егер компания қызметін Қазақстанда жүзеге асыратын болса, оның бүкіл елдің орнықты экономикалық дамуына үлес қосуына жәрдемдесу болып табылады.

2 Компанияларды компанияның тиімді және орынды басқарылуына жауапты директорлар кеңесі басқарады.

3 Директорлар кеңесі компанияның миссиясын, мақсатын, құндылықтары мен стратегиясын айқындайды және олардың компания мәдениетіне сәйкес келетінін растайды.

АХҚО-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

I. АХҚО ОРГАНДАРЫ

АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңес – Қазақстан Республикасының Президенті басқаратын тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган және АХҚО-ны басқарудың жоғарғы органы. Кеңес АХҚО-ны дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындайды және АХҚО-ның жетекші халықаралық қаржылық қызметтер орталығы ретінде қалыптасуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді.

АХҚО БАСҚАРУШЫСЫ

Басқарушы – АХҚО органдарының, оның ішінде олардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен, институттармен, заңды және жеке тұлғалармен, сондай-ақ басқа да мекемелер өзара іс-қимылы кезінде үйлестірілген жұмыс істеуі мақсаттары үшін арнайы әкімшілік-басқару функциялары мен өкімдік өкілеттіктері берілген АХҚО органы.



АХҚО әкімшілігі орталықтың даму стратегиясын әзірлеуге және қаржылық қызметтерді реттеуге қатысы жоқ мәселелер бойынша АХҚО актілерін әзірлеуге жауапты орган. Орталықтың әлемдік нарықтармен интеграциясы аясында АХҚО әкімшілігі халықаралық қаржы орталықтарымен, институттармен және инвестициялық компаниялармен байланыс орнатады.



АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті қаржылық және нарықтық қызметтің барлық түрлерінің, қосалқы қызметтердің интеграцияланған реттеушісі, сондай-ақ орталықтың қатысушыларын тіркейді. Комитеттің миссиясы – АХҚО аясында қаржы жүйесінің, капитал нарығының әділ және ашық жұмысын қамтамасыз ету.



АХҚО соты орталықтың аясындағы коммерциялық дауларды шешу жөніндегі сот органы. Сот жалпы құқық саласындағы 9 жоғары білікті судьядан тұрады және коммерциялық дауларды шешу кезінде айрықша юрисдикцияға ие (қылмыстық немесе әкімшілік даулар бойынша юрисдикциясы жоқ).



Халықаралық төрелік орталығы (ХТО) АХҚО аясында азаматтық және коммерциялық дауларды шешу үшін халықаралық жоғары стандарттар негізінде әрекет ете отырып, сот талқылауына тәуелсіз балама ұсынады. ХТО алқасына 41 беделді халықаралық төреші мен 25 медиатор кіреді.

II. БИЗНЕСКЕ ЖӘРДЕМДЕСЕТІН АХҚО ҰЙЫМДАРЫ



АХҚО биржасы жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ жеке бизнестің өсуін қаржыландыру және тұтас экономиканың дамуы үшін платформа құру есебінен Қазақстан мен Орталық Азия өңіріндегі интеграцияланған және белсенді капитал нарығын дамыту мақсатында құрылған.



АХҚО Тех Хабы АХҚО-ның түйінді бизнес-бағыттарда табысқа жетуін қамтамасыз ету үшін инновациялық технологияларды пайдалануды, сондай-ақ Қазақстанның инновациялық технологиялар саласында өңірлік көшбасшы болып қалыптасуына жәрдемдесу үшін көптеген мүдделі тараптардың қатысуымен қаржы институттарын, технологиялық серіктестерді, финтех-компанияларды және инвесторларды біріктіретін серпінді экосистеманы дамыту мақсатын көздейді.



АХҚО Business Connect бизнесті дамыту бойынша орталықтың фронт-кеңесі бола отырып, инвесторлар мен халықаралық бизнес-қоғамдастыққа АХҚО-да бизнесті тіркеу және пост-тіркеу, инвестициялық мәмілелер мен жобаларды іздеу және құрылымдау, сондай-ақ құрылымдарды басқа юрисдикциялардан орталықтың юрисдикциясына көшіру бойынша қажетті қызметтерді қамтамасыз етеді.



АХҚО Экспат орталығы (АЭО) шетелдік инвесторлар мен сарапшылар үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметтерді алуға жәрдемдесетін «бір терезе» функциясын атқарады. АЭО шетелдік сарапшылар мен олардың отбасы мүшелеріне визалық және көші-қон қызметтерін, салық төлеуші ретінде тіркелуді, цифрлық қолтаңбаны, жүргізуші куәлігін, көлік құралдарына мемлекеттік нөмірлік белгілерді алуды қоса алғанда, 500-ден астам мемлекеттік қызметті алуға қолдау көрсетеді, сондай-ақ мемлекеттік емес қызметтерді, оның ішінде медициналық, білім беру, көлік және басқа да мекемелерді іздеуге жәрдемдеседі.



АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросы (ҮКДБ) өмір бойы білім алу үшін цифрлық платформаларды құру арқылы адами капиталды дамыту мақсатын көздейді. ҮКДБ-ның басты миссиясы – қазіргі және болашақ көшбасшылардың мүмкіндіктерін дамытып және ой-өрісін қалыптастыра отырып, Қазақстан мен Орталық Азия өңірінің орнықты, инклюзивті және орнықты экономикалық дамуына үлес қосу.



Жасыл қаржы орталығы (ЖҚО) үкіметтерге, қаржы институттарына және компанияларына стратегиялық шешімдерді ұсына отырып, оның ішінде жасыл және әлеуметтік облигацияларды шығаруды қоса алғанда, жасыл және орнықты қаржыландыру құралдарын пайдалануға көмектесе отырып, АХҚО-ны өңірдегі жасыл қаржыландыруға арналған хаб ретінде ілгерілетеді.



ҮКДБ құрылымына кіретін АХҚО Құқық академиясы АХҚО құқығы және халықаралық коммерциялық практика бойынша заңгерлік білім беру бағдарламаларын өткізуге арналған платформа ретінде қызмет етеді.

АХҚО-НЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ БАСШЫЛЫҒЫ

<p>ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТӨРАҒА</p> <p>Қазақстан Республикасының Президенті</p>	<p>ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ</p> <p>Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі</p>	<p>СЭР СУМА ЧАКРАБАРТИ ТӨРАҒАНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ</p> <p>Қазақстан Республикасы Президентінің Экономикалық даму және басқару жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңес Төрағасының орынбасары</p>
--	--	--

АХҚО ОРГАНДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫ

<p>ҚАЙРАТ КЕЛІМБЕТОВ</p> <p>«Астана» халықаралық қаржы орталығының БАСҚАРУШЫСЫ</p>	<p>ЕРНҰР РЫСМАҒАМБЕТОВ</p> <p>АХҚО әкімшілігінің БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ</p>	<p>ЛОРД МАНС</p> <p>АХҚО сотының ТӨРАҒАСЫ</p>
<p>БАРБАРА ДОМАНН</p> <p>Халықаралық төрелік орталығының (ХТО) ТӨРАҒАСЫ</p>	<p>КРИСТОФЕР КЭМПБЕЛЛ-ХОЛТ</p> <p>АХҚО соты мен ХТО ТІРКЕУШІСІ ЖӘНЕ АППАРАТ БАСШЫСЫ</p>	<p>Профессор АЛЕКСАНДР ВАН де ПУТТ</p> <p>АХҚО-ның стратегиялық даму мәселелері жөніндегі басшысы, АХҚО-ның корпоративтік басқару және басшылық жөніндегі ТӨРАҒАСЫ</p>
<p>МАРК ХОЛЬЦМАН</p> <p>АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ</p>	<p>НҰРХАТ КӨШІМОВ</p> <p>АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің БАС ДИРЕКТОРЫ</p>	<p>МАЙКЛ БЛЭР, QC</p> <p>АХҚО Құқықтық-консультативтік кеңесінің ТӨРАҒАСЫ</p>

<p>ТИМОТИ БЕННЕТ</p> <p>АХҚО биржасының (АІХ) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ</p>	<p>РЕНАТ БЕКТҰРОВ</p> <p>АХҚО биржасының БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ</p>	<p>АЙНҰР ЖҰМАТОВА</p> <p>АХҚО Экспат орталығының (АЭО) БАСШЫСЫ</p>
<p>ДЖЕЙМС МАРТИН</p> <p>АХҚО Business Connect ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТЕҢ ТӨРАҒАСЫ, АХҚО-НЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫСЫ</p>	<p>ТЕМІРЛАН МҰХАНБЕТЖАНОВ</p> <p>АХҚО Business Connect БАС ДИРЕКТОРЫ</p>	<p>ДАТУК Доктор МОХД ДАУД БАКАР</p> <p>АХҚО Исламдық қаржыландыру қағидаты жөніндегі орталық кеңесінің ТӨРАҒАСЫ</p>
<p>ҚАЙРАТ ӘЙТЕКЕНОВ</p> <p>АХҚО Жасыл қаржы орталығының (ЖҚО) ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ</p>	<p>АЙДАР ҚАЗЫБАЕВ</p> <p>АХҚО Жасыл қаржы орталығының БАС ДИРЕКТОРЫ</p>	<p>ЭЛЬМИРА ОБРИ</p> <p>АХҚО Үзіліссіз кәсіби даму бюросының (ҮҚДБ) АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ</p>
<p>ҚАЙРАТ ҚАЛИЕВ</p> <p>АХҚО Тех Хабы ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ</p>	<p>ПАВЕЛ КОКТЫШЕВ</p> <p>АХҚО Тех Хабы БАС ДИРЕКТОРЫ</p>	<p>ДЭВИД РАССЕЛ ГАЛЛО</p> <p>АХҚО Құқық академиясының ДИРЕКТОРЫ</p>

6.2 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

АХҚО корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінеді. Тәуекелдерді басқаруға жауапты АХҚО әкімшілігі тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін енгізді және тәуекелдерді басқарудың халықаралық танылған стандартына сәйкес (COSO Enterprise Risk Management және ISO 31000: 2018 Risk Management) тәуекелдерді басқару процесін реттейтін тиісті ішкі құжаттарды бекітті. Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысына жауапкершілік АХҚО-ның әрбір ұйымының директорлар кеңесіне жүктеледі. Директорлар кеңестері тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға, комплаенс-бақылауды қамтамасыз етуге және тәуекел дәрежесінің қолайлы шекараларын анықтауға жауапты болады.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

АХҚО тәуекелдерді басқару кезінде келесі ішкі құжаттарды басшылыққа алады:

1. Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді басқару процесінің қағидаттарын анықтауды, тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтерін сипаттауды және мүдделі тараптардың рөлдері мен міндеттерін айқындауды қамтиды.

2. Тәуекелдерді басқару рәсімдері тәуекелдерді басқару процестерінің сипаттамасын және тәуекелдерді басқару процесіне қатысатын негізгі құралдарды анықтауды қамтиды.

АХҚО-ның тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттері

Тәуекелдерді басқару туралы есеп	Тәуекелдерді азайту жөніндегі кешенді жоспар	Тәуекелдер туралы хабарлама
<ul style="list-style-type: none"> АХҚО-ның анықталған және бағаланған тәуекелдерінің тізілімі Тәуекелдерді бағалау картасы Тәуекелдер профилдері 	<ul style="list-style-type: none"> тәуекелдерді тұрақты түрде азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары 	<ul style="list-style-type: none"> тәуекелдер тізіліміне бұрын енгізілмеген ықтимал тәуекелдер туралы дереу хабарлау

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ

Саясат пен рәсімдер АХҚО әкімшілігінің тәуекелдерді басқару моделін белгілейді, ол орындау үшін командалар тізбегін, есептерді талдау шекараларын, рөлдер мен міндеттерді бөлуді қадағалайды. Басқару моделі стратегиялық пайымдау үшін «жоғарыдан төменге» және әрбір құрылымдық бөлімше жүргізетін операциялық бағалау үшін «төменнен жоғарыға» қағидаттары бойынша ұйымдастырылған. Жоғарғы басшылық жоғары деңгейдегі де, маңызды деп санайтын кез келген деңгейдегі де тәуекелді талқылауға қатысады. Мұндай құрамдас тәсіл анықталған барлық релеванттық тәуекелдерді анықтайды және басқаруға мүмкіндік береді. Төменде АХҚО әкімшілігінің тәуекелдерін басқарудағы негізгі мүдделі тараптар берілген:

- Директорлар кеңесі – тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалайды, Саясатты бекітеді және тәуекелдерді басқару бойынша мерзімді есептерді қарайды.
- Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет – Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеуді қоса алғанда, тәуекелге қатысты мәселелер бойынша консультациялар береді.
- Басқарма – тәуекелдерді басқару жүйесін енгізеді, тәуекелдерді басқару жөніндегі мерзімді есептерді қарайды және бекітеді, Тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспарлардың орындалуын бақылайды.
- Тәуекелдер иелері (құрылымдық бөлімшелердің басшылары) – олардың құрылымдық бөлімшелері/функциялары тап болатын тәуекелдерді басқарады, бизнес-мақсаттарға қол жеткізуге әсер етуі ықтимал тәуекелдерді анықтайды және бағалайды, күнделікті қызметте бақылау рәсімдерін әзірлеу және орындау арқылы тәуекелдерді басқарады және бақылайды.

ІШКІ АУДИТ ПРОЦЕСІ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) АХҚО әкімшілігі Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне есеп береді. ІАҚ қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, АХҚО әкімшілігінің ішкі құжаттарымен және Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарымен реттеледі.

ІАҚ Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жүйелі тәсілді қолдану арқылы тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін тәуелсіз және дұрыс ақпарат беруге бағытталған.

ІАҚ жылдық аудит жоспарына сәйкес қызметті жүзеге асыру үшін мынадай міндеттерді орындайды:

- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқаруға қолданылатын құралдардың сенімділігі мен тиімділігін бағалау
- Ресурстарды қолдану өнімділігі мен нәтижелілігін бағалау
- АХҚО талаптарына сәйкес корпоративтік басқарумен, тәуекелдерді басқарумен және бақылаумен байланысты консультациялық қызметтер.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет келесі мәселелерді қарайды:

- Ішкі аудит туралы есеп;
- Ішкі аудиттің аралық есептері, оның ішінде тексеріс нәтижелері бойынша елеулі қорытындылар, сондай-ақ ішкі аудиторлардың ұсынымдарының орындалуын мониторингілеу;
- Ішкі аудит жоспары және оған өзгерістер.

Халықаралық стандарттарға сәйкестік және ішкі аудиттің тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ өзінің біліктілігін осы саладағы халықаралық сертификаттармен, мысалы, Дипломды сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығының дипломымен растайды.

6.3 ЭТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

ІСКЕРЛІК ЭТИКА

АХҚО АХҚО-ның Этика кодексінде жазылған іскерлік этиканың ең жоғары стандарттары мен қағидаттарын ұстанады. Кодекстің халықаралық стандарттар мен үздік озық тәжірибелерге сәйкестігін Ұлыбританияның іскерлік этика институты растады.

Кодекс АХҚО-ның жоғары этикалық стандарттарға сәйкес бизнес жүргізуге бейілділігін көздейді және этикалық шешімдер қабылдау үшін басты ақпарат көзі болып табылады. Кодекс мүдделі тараптар, нарық, қауымдастық және компаниямен өзара қарым-қатынаста этикалық нормалардың сақталуын қарастырады, сондай-ақ АХҚО ұстанатын бизнес жүргізудің құндылықтары мен қағидаттарын анықтайды. Кодекс құпиялылық, мүдделер

қайшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сияқты маңызды мәселелерді қозғайды.

Кодекстің ережелері:

- АХҚО-ны басқару жөніндегі кеңесті, АХҚО сотының төрағасын, судьяларын, тіркеушісін, сондай-ақ Халықаралық төрелік орталығының төрағасын, төрешілерін және тіркеушісін қоспағанда, АХҚО органдарына;
- АХҚО Этика кодексіне сәйкес келетін меншікті Тәртіп кодексін қабылдаған АХҚО биржасын қоспағанда, АХҚО ұйымдарына қолданылады.

АХҚО-НЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Жауапкершілік:

Біз өз шешімдеріміз бен олардың салдарына, қабылдаған міндеттемелеріміз, әрекеттеріміз бен олардың нәтижелері үшін жауапкершілік қабылдаймыз.

Жоғары моральдық

құндылықтарды ұстану: Біздің адалдығымызға, әділдігімізге және ашықтығымызға сенімді болғандықтан бізге сенеді. Біз іскерлік қажеттіліктерімізді және біз жұмыс істейтін барлық адамдардың мүддесін қанағаттандыратын объективті шешімдер қабылдауға міндеттенеміз.

Болашаққа бағдар:

Біз көреген болуға тырысамыз және әрқашан өз іс-әрекетімізді бірнеше қадам алға жоспарлаймыз.

Ынтымақтастық:

АХҚО бүкіл қауымдастығының ауқымында тігінен де, көлденеңінен де тиімді әрі нәтижелі қарым-қатынаспен қатар командалық жұмыс айрықша бағаланады.

ЭТИКА БАҒДАРЛАМАСЫ


Орталықта этикалық мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу мақсатында АХҚО Басқарушысының бастамасымен Этика бағдарламасы әзірленді, оны арнайы **АХҚО Этика мәселелері жөніндегі команда** жүзеге асырады, оның құрамына Этика мәселелері жөніндегі басшы мен әрбір АХҚО органының және олардың ұйымдарының этика жөніндегі уәкілдері кіреді. Команданың мақсаты - әртүрлі жағдайларда АХҚО-ның түйінді құндылықтарын, этикалық хабардарлықты және бағдарламаны дәйекті жүзеге асыруды сақтау басымдығы болып табылатын іскерлік мәдениетті ілгерілету.

Жыл сайын бағдарлама шеңберінде АХҚО-дағы этикалық мәдениет деңгейін, бағдарламаның туралы хабардарлықты, коммуникация деңгейін арттыруды, сондай-ақ ашық диалог пен басшылыққа сенімге ықпал етуді мақсат етіп қоятын іс-қимылдар жоспарын, өзіндік жол картасын әзірленеді.

Іс-қимылдар жоспарына сәйкес 2021 жылы АХҚО әкімшілігінің Басқармасы **Бұзушылықтар туралы**

ақпараттандыру тәртібі жөніндегі саясатты бекітті. Бұл саясат Этика кодексінде баяндалған АХҚО қызметін жүргізудің түйінді құндылықтары мен қағидаттарын, сондай-ақ компанияның қызметкерлерді міндетті түрде жан-жақты зерттелуі керек орын алған бұзушылықтарға қатысты пікір білдіруге және алаңдаушылықтарын бөлісуге ынталандыратын корпоративтік мәдениетті құруға деген бейілділігін нығайту мақсатында әзірленген. АХҚО бұзушылықтарды ерте анықтау және хабарлау мүмкіндігі қызметкерлердің сенімін сақтау және жоғары моральдық құндылықтарға бейілділігі деңгейіне тікелей байланысты екенін мойындайды.

2021 жылы команданың күш-жігері АХҚО ішінде Этика бағдарламасын институционалдық бекітуге бағытталды. 2022 жылы Қазақстанда және өңірде іскерлік этика институтын дамытуға жәрдемдесу үшін сыртқы нарыққа шығу міндеті қойылды. Біз күш-жігерімізді АХҚО-ның корпоративтік басқару бойынша бастамасымен біріктіруді және бірінші Іскерлік этика бойынша форум өткізуді жоспарлап отырмыз.




АХҚО-ДА БИЗНЕС АШУ

АХҚО-НЫҢ КОМПЛЕКСІ

ҚАДАМ
01

digitalresident.kz сайтына өту



ҚАДАМ
02

АХҚО-де ұйымды тіркеу талаптарын орындаңыз

- Өтініш нысанын толтырыңыз
- Тіркеу жарнасын төлеңіз


ҚАДАМ
03

АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитетінің өтінімді бағалауы және бекітуі

ҚАДАМ
04

Жұмысты бастау үшін сертификат/лицензия алыңыз

Көмек үшін АХҚО Business Connect тіркеуді қолдау бөліміне хабарласыңыз: rsbd@aifc.kz



ГЛОССАРИЙ

ABC	АХҚО Business Connect	REMS	Өңірлік акциялар нарығы сегменті
ACCA	Қаржы, есеп және аудит саласындағы кәсіпқойларды біріктіретін сертификатталған бухгалтерлердің халықаралық қауымдастығы	WAIFC	Халықаралық қаржы орталықтарының дүниежүзілік альянсы
AIFMD	Еуропалық Одақтың Баламалы инвестициялар қорларын басқарушылар туралы директивасы	W4E	Бизнестегі әйелдер үшін білім және инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту бойынша бастама
AIX	«Астана» халықаралық қаржы орталығының Биржасы	WEF	Дүниежүзілік биржалар федерациясы
AIXQI	АХҚО биржасының индексі	4ӨР	Төртінші өнеркәсіптік революция
AIX CSD	АХҚО биржасының Орталық депозитарийі	АДБ	Азия даму банкі
ASP	АХҚО-дағы көмекші қызметтердің жеткізушісі	АХҚО әкімшілігі	«Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі
BCBS	Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті	ҚНРДА	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
BRI	«Белдеу және жол» бастамасы	ҮҚДБ	Үзіліссіз кәсіби даму бюросы
BSCEE	Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің банктік қадағалау органдарының тобы	ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
CCP	Орталық контрагенттің клирингтік палатасы	ДЭФ	Дүниежүзілік экономикалық форум
CEET	Орталық және Шығыс Еуропа, Закавказье	ЖДҚ	Жаһандық депозитарлық қолхаттар
CFA	Қаржы және инвестиция саласындағы халықаралық сертификаттау	ЕАДБ	Еуразиялық даму банкі
CGI	Дипломдық басқару институты	ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
CIA	Ішкі аудит саласындағы халықаралық сертификаттау	ЕО	Еуропалық Одақ
CIMA	Басқарушы қаржылық есеп саласындағы мамандардың халықаралық қауымдастығы	ЖСН	Жеке сәйкестендіру нөмірі
CMC	Басқарушылық консультациялау саласындағы халықаралық сертификаттау	АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
EMMoU	Өзара түсіністік туралы кеңейтілген көпжақты меморандум	ЖТС	Жеке табыс салығы
ERP	Энергетика саласындағы тәуекел менеджерлеріне арналған халықаралық сертификаттау	АХҚО Комитеті	АХҚО Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті
ESG	Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару	КТС	Корпоративтік табыс салығы
ESRA	Экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді талдау	ХТО	Халықаралық төрелік орталығы
ESMA	Еуропалық бағалы қағаздар мен нарықтар басқармасы	ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ETN, ETF	Биржалық ноталар, биржалық қорлар	ШОБ	Шағын және орта бизнес
FATF	Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы	АХҚО / Орталық	«Астана» халықаралық қаржы орталығы
FRM	Қаржылық тәуекел-менеджмент саласындағы халықаралық сертификаттау	ҚҰБ	Қазақстан Ұлттық банкі
FTSE	Financial Times Stock Exchange қор индексі	ҚҚС	Қосымша құн салығы
GFCI	Қаржы орталықтарының жаһандық индексі	БАӘ	Біріккен Араб Әмірліктері
GGFI	Жасыл қаржының жаһандық индексі	ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
GIFR	Исламдық қаржы бойынша жаһандық есеп	ТШИ	Тікелей шетелдік инвестициялар
GIP	Жасыл инвестициялар қағидаттары	АЖ/ТҚҚІ	Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
GRI	Есептілік бойынша жаһандық бастама	Өңір	Орталық Азия, Кавказ, ЕАЭО, Батыс Қытай, Моңғолия және Шығыс Еуропа
GTH	Жасыл технологиялар хабы	ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
HRCI	Кадрлық персоналды аттестаттау және оқыту бойынша халықаралық сертификаттау институты	ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
HTMC	Халал сауда және маркетинг орталығы	АҚШ	Америка Құрама Штаттары
IAC	Халықаралық төрелік орталығы	АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
IAIS	Сақтандыруды қадағалау органдарының халықаралық қауымдастығы	ФАТФ/ЕАТ	Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы және Еуразиялық топ – ФАТФ түріндегі өңірлік орган
ICMA	Капитал нарықтарының халықаралық қауымдастығы	Орталық Азия	Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан
ICU	Investment Communication Unit АХҚО Жобалық кеңсесі	ЖҚО	Жасыл қаржы орталығы
IFSB	Исламдық қаржылық қызметтер жөніндегі кеңес	ОДМ	Орнықты даму мақсаттары
IOSCO	Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиялардың халықаралық ұйымы	БҰҰ ОДМ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Орнықты даму мақсаттары
IPO	Бастапқы жария орналастыру	АЭО	АХҚО Экспат орталығы
KASE	Қазақстан қор биржасы	ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба
KCSD	Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі		
KERC	Kazakhstan Energy Reinsurance Company		
LSE	Лондон қор биржасы		
MoU/MMoU	Өзара түсіністік туралы меморандум / Өзара түсіністік туралы көпжақты меморандум		
MSCI	Morgan Stanley Capital International қор индексі		
MTF/OTF	Көпжақты және ұйымдастырылған сауда платформалары		
NCOC	North Caspian Operating Company		
PMI	Жобаларды басқару институты		
REMS	АХҚО биржасының Өңірлік акциялар нарығы сегменті		
SPO	Екінші жария орналастыру		
USD	АҚШ доллары		
VC	Венчурлық капитал		